6 Ayanwale M.A., Adelana O.P., Molefi R.R., Adeeko O., Ishola A.M. (2024). Examining artificial intelligence literacy among pre-service teachers for future classrooms. Computers and Education Open, vol. 6, article 100179. DOI: http://doi.org/10.1016/j.caeo.2024.100179

7 Chiu T.K.F., Sanusi I.T. (2024). Define, foster, and assess student and teacher AI literacy and competency for all: Current status and future research direction. Computers and Education Open, vol. 7, article 100182. DOI: http://doi.org/10.1016/j.caeo.2024.100182

8 Lan Y. (2024). Through tensions to identity-based motivations: Exploring teacher professional identity in Artificial Intelligence-enhanced teacher training. Teaching and Teacher Education, vol. 151, article 104736. DOI: http://doi.org/10.1016/j.tate.2024.104736

9 Tan X., Cheng G., Ling M.H. (2025). Artificial intelligence in teaching and teacher professional development: A systematic review. Computers and Education: Artificial Intelligence, vol. 8, article 100355. DOI: http://doi.org/10.1016/j.caeai.2024.100355

10 Chiu T.K.F., Ahmad Z., Çoban M. (2025). Development and validation of teacher artificial intelligence (AI) competence self-efficacy (TAICS) scale. Education and Information Technologies, vol. 30, pp. 6667–6685. DOI: http://doi.org/10.1007/s10639-024-13094-z

11 Runge I., Hebibi F., Lazarides R. (2025). Acceptance of Pre-Service Teachers Towards Artificial Intelligence (AI): The Role of AI-Related Teacher Training Courses and AI-TPACK Within the Technology Acceptance Model. Education Sciences, vol. 15, no. 2, article 167. DOI: http://doi.org/10.3390/educsci15020167

12 Guan L., Zhang Y., Gu M.M. (2025). Pre-service teachers preparedness for AI-integrated education: An investigation from perceptions, capabilities, and teachers' identity changes. Computers and Education: Artificial Intelligence, vol. 8, article 100341. DOI: http://doi.org/10.1016/j.caeai.2024.100341

13 Kohnke L., Zou D., Ou A.W., Gu M.M. (2025). Preparing future educators for AI-enhanced classrooms: Insights into AI literacy and integration. Computers and Education: Artificial Intelligence, vol. 8, article 100398. DOI: http://doi.org/10.1016/j.caeai.2025.100398

14 Yesmakhanova Z.S., Sumatokhin S.V., Zhussipova G.T. (2025). Digital technologies for future biology teachers: Stages of adaptation to competencies. Pedagogy and Psychology, no. 4(61), pp. 117–125. DOI: http://doi.org/10.51889/2960-1649.2024.61.4.014

15 Kurmasheva M., Zhorabekova A., Duisenova M. (2025). Professional-Oriented Competence of Future Teachers in the Context of Digital Adaptive Learning. Pedagogy and Psychology, no. 2(63), pp. 132–143. DOI: http://doi.org/10.51889/2960-1649.2025.63.2.013

16 Esenälieva Zh.E., Kazykhankyzy L., Makhanova Zh.K. (2025). Predstavlenia buduşih uchitelei ob ispölzovanii sifrovyh innovasionnyh instrumentov v prepodavanii iazyka [Future teachers' perceptions of the use of digital innovative tools in language teaching]. Vestnik Zhetysuskogo universiteta imeni I. Zhansugurova, no. 4(117), pp. 86–97. DOI: http://doi.org/10.53355/ZHU.2025.117.4.008 (in Russian)

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ЖИ САУАТТЫЛЫҒЫН ДАМЫТУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШАРТТАРЫ

А.Т. Жолдыбекова[1,], П.С. Рахимгалиева[2], Ш.О. Орынгалиева[1], Г.Т. Дакина[1]*

[1]Ә. Бөкейханов атындағы университет, Қазақстан Республикасы, Семей қ.
[2]Семей медициналық университет, Қазақстан Республикасы, Семей қ.
[*]e-mail: asema.kalieva.86@mail.ru, pakizat-88@mail.ru, sh.oryngalieva@gmail.com, mymail_64@inbox.ru

Аңдатпа. Мақалада жоғары білім беру жағдайында болашақ педагогтардың AI-сауаттылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады. Зерттеудің өзектілігі білім беру ортасында жасанды интеллектіні қолдану тәжірибесінің кеңеюімен және болашақ мұғалімді AI-құралдарын кәсіби қызметінде саналы, сыни және педагогикалық тұрғыдан мақсатқа сай қолдануға даярлау қажеттілігімен айқындалады. Зерттеудің мақсаты жоғары оқу орнында болашақ педагогтардың AI-сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық шарттарын теориялық тұрғыдан негіздеу және эмпирикалық тұрғыдан тексеру болды. Зерттеу квазиэксперимент ретінде ұйымдастырылып, эксперименттік және бақылау топтарының қатысуымен pre-test/post-test сызбасы бойынша жүргізілді. Зерттеуге Алматы қаласындағы жоғары оқу орындарының бірінің педагогикалық білім беру бағдарламаларында оқитын 120 студент қатысты. Қалыптастырушы ықпал 2025–2026 оқу жылының бірінші семестрі бойы аптасына 2 сағат көлеміндегі AI-құралдары бойынша элективті курс форматында жүзеге асырылды. Деректерді жинау үшін AI-сауаттылық компоненттерін анықтауға бағытталған авторлық сауалнама және сараптамалық бағалаумен толықтырылған практикалық-бағдарлы тапсырма пайдаланылды. Нәтижелер эксперименттік топта барлық талданған көрсеткіштер бойынша оң динамиканың бақылау тобына қарағанда айқынырақ болғанын көрсетті. Ең елеулі өзгерістер AI-ды педагогикалық міндеттерді шешуде қолдану, сұраныстарды тұжырымдау сапасы, генерацияланған контентті іріктеу және сыни бағалау салаларында анықталды. Болашақ педагогтардың AI-сауаттылығын қалыптастырудың тиімділігі тек AI-құралдарының қолжетімділігімен ғана емес, сонымен қатар арнайы ұйымдастырылған педагогикалық шарттармен де анықталатыны жөнінде қорытынды жасалды. Оларға AI-ды кәсіби мәні бар міндеттерді шешуге енгізу, генерация нәтижелеріне сыни-рефлексиялық қатынасты дамыту және практикалық-бағдарлы жұмыс түрлеріне сүйену жатады. Зерттеудің практикалық маңыздылығы оның нәтижелерін педагогикалық білім беру мазмұнын жаңартуда қолдану мүмкіндігімен байланысты.

Кілт сөздер: *жасанды интеллект, AI-сауаттылық, болашақ педагогтар, педагогикалық шарттар, жоғары білім, квазиэксперимент.*

ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ УСЛОВИЯ РАЗВИТИЯ ИИ-ГРАМОТНОСТИ У БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ

Жолдыбекова А.Т.[1,], Рахимгалиева П.С.[2], Орынгалиева Ш.О.[1], Дакина Г.Т.[1]*

[1]Университет имени А. Бокейханова, Республика Казахстан, г. Семей
[2]Медицинский университет Семей, Республика Казахстан, г. Семей
[*]e-mail: asema.kalieva.86@mail.ru, pakizat-88@mail.ru, sh.oryngalieva@gmail.com, mymail_64@inbox.ru

Аннотация. В статье рассматривается проблема формирования AI-грамотности будущих педагогов в условиях высшего образования. Актуальность исследования обусловлена расширением практик использования искусственного интеллекта в образовательной среде и необходимостью подготовки будущего учителя к осмысленному, критическому и педагогически целесообразному применению AI-инструментов в профессиональной деятельности. Цель исследования состояла в теоретическом обосновании и эмпирической проверке педагогических условий формирования AI-грамотности будущих педагогов в вузе. Исследование было организовано как квазиэкспериментальное и проведено по схеме pre-test/post-test с участием экспериментальной и контрольной групп. В исследовании приняли участие 120 студентов педагогических образовательных программ одного из университетов г. Алматы. Формирующее воздействие осуществлялось в течение первого семестра 2025–2026 учебного года в формате элективного курса по AI-инструментам объемом 2 часа в неделю. Для сбора

данных использовались авторский опросник, направленный на выявление компонентов AI-грамотности, и практико-ориентированное задание с экспертным оцениванием. Результаты показали, что в экспериментальной группе положительная динамика по всем анализируемым показателям была более выраженной, чем в контрольной. Наиболее заметные изменения были выявлены в области использования AI для решения педагогических задач, качества формулирования запросов, отбора и критической оценки сгенерированного контента. Сделан вывод о том, что эффективность формирования AI-грамотности будущих педагогов определяется не только доступностью AI-инструментов, но и специально организованными педагогическими условиями: включением AI в решение профессионально значимых задач, развитием критико-рефлексивного отношения к результатам генерации и опорой на практико-ориентированные формы работы. Практическая значимость исследования связана с возможностью использования полученных результатов при обновлении содержания педагогического образования.

Ключевые слова: *искусственный интеллект, AI-грамотность, будущие педагоги, педагогические условия, высшее образование, квазиэксперимент.*

Information about authors:

Zoldybekova Assem* – Doctoral Student, Alikhan Bokeikhan University (Kazakhstan, Semey, e-mail: asema.kalieva.86@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0488-0995).

Rakhimgaliyeva Pakizat – PhD, Semey Medical University (Kazakhstan, Semey, e-mail: pakizat-88@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5377-5358).

Oryngaliyeva Sholpan – PhD, Alikhan Bokeikhan University (Kazakhstan, Semey, e-mail: sh.oryngalieva@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2257-0587).

Dakina Gulaim – Master, Alikhan Bokeikhan University (Kazakhstan, Semey, e-mail: mymail_64@inbox.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4105-1632).

Авторлар туралы мәліметтер:

Жолдыбекова Асем Тлеубековна* – докторант, Ә. Бөкейханов атындағы университет (Қазақстан, Семей қ., e-mail: asema.kalieva.86@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0488-0995).

Рахимгалиева Пакизат Сармановна – PhD, Семей медицина университеті (Қазақстан, Семей қ., e-mail: pakizat-88@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5377-5358).

Орынгалиева Шолпан Оралгалиевна – PhD, Ә. Бөкейханов атындағы университет (Қазақстан, Семей қ., e-mail: sh.oryngalieva@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2257-0587).

Дакина Гулайм Токеновна – магистр, Ә. Бөкейханов атындағы университет (Қазақстан, Семей қ., e-mail: mymail_64@inbox.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4105-1632).

Сведения об авторeах:

Жолдыбекова Асем Тлеубековна* – докторант, университет имени А. Бокейханова (Казахстан, г. Семей, e-mail: asema.kalieva.86@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0488-0995).

Рахимгалиева Пакизат Сармановна – PhD, Медицинский университет Семей (Казахстан, г. Семей, e-mail: pakizat-88@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-5377-5358).

Орынгалиева Шолпан Оралгалиевна – PhD, университет имени А. Бокейханова (Казахстан, г. Семей, e-mail: sh.oryngalieva@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2257-0587).

Дакина Гулайм Токеновна – магистр, университет имени А. Бокейханова (Казахстан, г. Семей, e-mail: mymail_64@inbox.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4105-1632).

ҒТАМР 16.01.07 DOI 10.53355/ZHU.2026.120.3.008

ЖОО-ДА ҚАЗАҚ ТІЛІН ЕКІНШІ ТІЛ РЕТІНДЕ ОҚЫТУДА ЕТІС ФОРМАЛАРЫН КОММУНИКАТИВТІК ТӘСІЛМЕН МЕҢГЕРТУ

Н.М. Абишева[1,], Д.А. Капасова[1], А.С. Бураханова[2]*

[1]Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[2]С.Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[*]e-mail:anurziya990@gmail.com, assyl99_kz@mail.ru, a.burahanova@mail.ru

Аңдатпа. Мақалада жоғары оқу орны жағдайында етіс формаларын оқыту үдерісінде коммуникативтік әдісті қолдану мәселесі қарастырылады. Зерттеу тақырыбының өзектілігі қазіргі көптілді білім беру кеңістігінде студенттердің коммуникативтік құзыреттілігін арттыру қажеттілігімен, сондай-ақ грамматикаға басымдық беретін дәстүрлі оқыту тәсілдерінің шектеулерін еңсеру қажеттігімен айқындалады. Зерттеу барысында жоғары оқу орнының студенттерінен құралған бақылау және эксперименттік топтармен педагогикалық эксперимент жүргізілді. Эксперименттік топқа қазақ тіліндегі етіс категориясының әртүрлі формалары (мысалы, өздік, ортақ, ырықсыз, өзгелік етіс) бойынша білім беру коммуникативтік тапсырмалар мен интерактивті әрекеттер арқылы ұйымдастырылды, ал бақылау тобы осы материалды дәстүрлі дәрістер мен жаттығулар арқылы меңгерді. Нәтижелерді салыстырмалы талдау коммуникативтік әдістеменің етіс формаларын меңгеру және оларды тәжірибеде қолдану деңгейін едәуір арттыратынын растады. Эксперименттік топ студенттері түрлі етіс формаларын мәтінде дұрыс және еркін қолдану қабілетін көрсетіп, бақылау тобымен салыстырғанда анағұрлым жоғары уәждеме мен белсенділік танытты. Осылайша, жоғары білім беру деңгейінде грамматиканы оқытуға коммуникативтік тәсілдерді кіріктіру студенттердің тілдік дәлдігі мен қатысымдық сөйлеу шеберлігін қатар дамытуда тиімді екендігі туралы қорытынды жасалды. Алынған нәтижелердің практикалық маңызы жоғары. Мәселен, ұсынылған тәсілді оқу бағдарламаларын әзірлеуде, оқытушылардың біліктілігін арттыруда және қазақ тілін оқытудың қатысымдық-бағдарланған стратегияларын кеңейтуде қолдануға болады. Сонымен қатар, мақала грамматиканы оқыту әдістемесін жетілдіруге бағытталған кейінгі зерттеулерге негіз болады. Атап айтқанда, қазақ тілін екінші тіл немесе шетел тілі ретінде үйретуде осы коммуникативтік тәсілдің рөлі ерекше.

Кілт сөздер: *коммуникативтік әдіс, етіс формалары, грамматиканы оқыту, жоғары оқу орны, коммуникативтік құзыреттілік, қазақ тілін оқыту, қазақ тілі екінші тіл ретінде.*

Кіріспе

Бүгінгі күні тіл үйретудегі басты мақсат білім алушылардың сол тілде қарым-қатынас жасай алу құзыреттілігін қалыптастыру екендігі жалпыға мәлім. Тіл меңгеруші үшін грамматикалық ережелерді білу жеткіліксіз, ең бастысы – тілді қарым-қатынас барысында дұрыс қолдана алу қабілеті. Елімізде қазақ тілін коммуникативтік-функционалдық бағыт бойынша оқытуға қатысты көптеген зерттеу жұмыстары жүргізілді. Атап айтсақ, ғалымдар: Ф. Оразбаева, Г. Қосымова, Б. Қасым, Ж. Балтабаева, Р. Шаханова, Қ. Қадашева, Ж. Дәулетбекова, К. Жақсылықова, А. Сәтбекова, А. Рауандина т.б. ғалымдардың тілдік білім беру туралы тұжырымдары негізге алынды. Мәселен, Н. Уәли: «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» атты зерттеуінде: «Тілдің қарым-қатынас құралы болу қызметі оның коммуникативтік функциясы, ой мен дүниетанымды қалыптастыруы конструктивтік функциясы, рухани мәдениетті жасау қызметі эстетикалық функциясы, ұжымдық тәжірибе, ғылым-білімнің табыстарын жинақтауы куммулятивтік функциясы», – дейді [1]. Олай болса, тілдің коммуникативтік қызметінен басталатын қызметтер аясы адам баласының жалпы қоғамдық ортада өмір сүруінің басты қағидаларын құрайтыны анық. Тіл функциясының ерекшеліктерін Ф. Оразбаева: «Ресми тілдесім; Бейресми тілдесім; Қалыптасқан тілдесім; Кәсіби мамандыққа сай тілдесім; Әлеуметтік тілдесім, Дербестік тілдесім», – деп жіктеп көрсетеді [2].

Шетелдік зерттеушілер өз еңбектерінде грамматикалық құзырет пен коммуникативтік құзыретті ажыратып көрсетеді: біріншісі – тілдің құрылымдық ережелерін білу, ал екіншісі – сол ережелерді нақты тілдік жағдаяттарда орынды пайдалану машығы [3]. Тілдік білімді тәжірибеде қолдану аспектісіне басымдық беру қажеттілігі туралы идея коммуникативтік бағыттың пайда болуына алып келді [4]. Коммуникативтік оқыту әдісі тілді шынайы қарым-қатынас жағдайында үйретуді көздейді. Бұл тәсіл бойынша студенттер тек дайын үлгілерді жаттамай, мағынаны өз бетінше құрастыру, келісу (negotiation of meaning) үдерісі арқылы тілдік құзыреттілікті дамытады. Мысалы, Савиньонның атап көрсетуінше, оқушының коммуникативтік дағдыларының дамуы көбіне грамматикалық үлгілерді жаттығумен қанша уақыт өткізгеніне емес, шынайы өмір жағдайында мағынаны түсінісу мүмкіндігіне қаншалықты ие болғанына тәуелді [5]. Демек, дәстүрлі сөйлемді аударып-құрау жаттығуларының орнына студенттерді тілдік өзара әрекетке тарту қажеттігі туындайды.

Қазіргі көптілді білім беру кеңістігінде қазақ тілін екінші тіл ретінде меңгеру тек грамматикалық білімді игерумен шектелмей, шынайы қатысымдық ортада тілді еркін қолдану қабілетін талап етеді. Дәстүрлі оқыту үлгісі бұл қажеттілікті толық қамтамасыз ете бермейді, әсіресе етіс сияқты күрделі грамматикалық категорияларды меңгертуде қиындықтар жиі кездеседі. Осыған байланысты зерттеу етіс формаларын коммуникативтік тәсіл арқылы оқытудың тиімділігін тәжірибелік тұрғыда дәлелдеуге бағытталған.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы – коммуникативтік әдісті жалпы тіл үйрету контексінде ғана емес, нақты грамматикалық категория – етіс формаларын оқытуда жүйелі қолданудың үлгісі алғаш рет ұсынылды. Бұған дейін коммуникативтік тәсіл көбіне лексика мен сөйлесім сабақтарында пайдаланылып келген, ал бұл зерттеу осы әдісті грамматикалық материалды меңгертуге бейімдеу мүмкіндігін көрсетті. Сонымен қатар грамматикалық формаларды теориялық түсіндіруден практикалық қатысымға көшірудің тиімді жолдары айқындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы – зерттеу нәтижесінде жасалған коммуникативтік тапсырмалар мен сабақ сценарийлерін қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытатын жоғары оқу орындарының практикалық сабақтарында дайын әдістемелік құрал ретінде қолдану. Ұсынылған үлгі оқытушыға грамматиканы қатысымдық бағытта түсіндірудің нақты тетіктерін береді және студенттің сөйлеу дағдысын шынайы жағдаятта дамытуға мүмкіндік туғызады. Осылайша, зерттеу нәтижелері қазақ тілін екінші тіл ретінде оқытуды жаңаша әдіспен ұйымдастыруға нақты әдістемелік негіз ұсынады.

Қазақстандағы көптілді білім беру жағдайында коммуникативтік құзыретті дамыту өзектілігін жойған жоқ. Қазақ тілінде сөйлемейтін азаматтарға қазақ тілін оқытудың тиімді тәсілдері мен әдістері қажет [6]. Қазіргі уақытта жоғарғы оқу орындарында грамматикаға негізделген дәстүрлі оқыту тәсілдері әлі кең қолданыста, бұл әдістердің коммуникативтік құзырет қалыптастырудағы шектеулі тиімділігі зерттеулерде айтылған. Оқытушы ережені түсіндіріп, тапсырмалар орындату арқылы студенттің формалды білімін қалыптастырғанмен, сол білімді шынайы ортада пайдалануға келгенде студент қиналуы мүмкін (Коммуникативный подход в преподавании иностранных языков). Мысалы, кейбір зерттеулер көрсеткендей, грамматиканы жетік білген адам да шетел тілінде еркін сөйлесу барысында қиындыққа ұшырауы ықтимал. Бұл – кумулятивтік байланысқа түспеудің немесе сирек түсудің әсері.

Етіс формаларын оқыту – грамматиканы практикалық дағдыға айналдырудың бір мысалы. Етіс категориясы қазақ тілінде етістіктің субъекті мен объектіге қатысты амалдың бағытын білдіретін грамматикалық категория. Қазақ тіл білімінде етістің өздік, өзгелік, ортақ, ырықсыз тәрізді түрлері бар. Бұл формаларды теориялық тұрғыдан меңгеру және оларды сөйлеуде дұрыс қолдану – тіл үйренушілер үшін күрделі міндеттердің бірі. Мәселен, қазақ тілінде ырықсыз етіс (етістіктің пассив формасы) жиі қолданылғанымен, оны екінші тіл ретінде үйренушілер сөз құрауда қате жіберуі мүмкін; өзгелік етіс (каузатив) формаларын орынды пайдалану да бастапқы кезеңде қиындық туғызады. Дәстүрлі оқытуда

етіс формаларын түсіндіру кезінде оқытушылар көбіне осы формалардың жасалу жолдары мен синтаксистік түрленімдеріне мән беріп, оларды сөйлеу жағдайында қолдану үлгілеріне аз көңіл бөледі. Сол себепті студенттер етіс категориясының сөйлеудегі қызметін толық түсінбей, коммуникативтік тұрғыда қиналуы ықтимал.

Жоғарыда аталған мәселелер тақырыптың өзектілігін айқындайды. Осы зерттеудің мақсаты – жоғары оқу орнында етіс формаларын оқыту үдерісінде коммуникативтік әдісті тиімді қолдану жолдарын зерделеу. Аталған мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды: коммуникативтік оқыту теориясы мен грамматиканы қатысымдық тұрғыдан меңгерту бойынша әдебиеттерді талдау, дәстүрлі және коммуникативтік әдістерді салыстыру арқылы педагогикалық эксперимент ұйымдастыру, эксперимент нәтижелерін сараптау және практикалық ұсыныстар әзірлеу. Зерттеу нәтижелері қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту әдістемесін жетілдіруге елеулі үлес қоса алады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу материалы ретінде жоғары оқу орнының 2-курс студенттері таңдап алынды. Эксперимент Нұр-Мүбарак Египет ислам мәдениеті университетінің филологиялық емес мамандықтарында оқитын (оқыту тілі – орыс тілі) 38 студентін қамтыды. Аталған студенттер үшін қазақ тілі пәні – кәсіби бағдарланған екінші тіл курсы. Студенттер екі топқа бөлінді: эксперименттік топ (20 студент) және бақылау тобы (18 студент). Эксперименттік топта етіс формаларын оқыту барысында коммуникативтік әдіс қолданылды, ал бақылау тобында дәстүрлі грамматикалық әдіспен сабақ жүргізілді. Эксперимент бір академиялық семестр (15 апта) бойы жүргізіліп, жалпы 30 сабақ қамтылды.

Эксперименттік топтағы сабақтарда қазақ тіліндегі етіс категориясының төрт негізгі түрі – өздік етіс, ортақ етіс, ырықсыз етіс, өзгелік етіс бойынша тілдік материал коммуникативтік бағытта берілді. Атап айтқанда, әрбір грамматикалық тақырыпқа сай арнайы коммуникативтік тапсырмалар мен жағдаяттық жаттығулар әзірленді. Мысалы, ырықсыз етісті (пассив форманы) практикалық тұрғыда меңгерту үшін «Газет жаңалықтары» атты жұптық тапсырма қолданылды: бір студент редактор, екіншісі тілші рөлінде болып, қазақ тіліндегі газет мақаласынан алынған хабарды пассив құрылымдарын пайдаланып аудиторияға жеткізу керек. Бұл жаттығуда «хан сарайы бұзылды», «қалада жаңа көпір салынды» сияқты ырықсыз етістіктің түрлі формалары бар сөйлемдерді ауызша баяндау талап етілді. Сол арқылы студенттер пассив құрылымдардың қолданысын шынайы коммуникацияға жақын жағдайда жүзеге асырды. Өздік етіс (рефлексив) бойынша «Өзіңе қызмет көрсету күні» атты рөлдік ойын ұйымдастырылды: студенттер сервистік мекемелерде (асхана, кітапхана, шеберхана және т.б.) өз-өзіне қызмет ететін клиент және көмекші рөлінде диалог құрып, өздік етісті («өзін itself») білдіретін етістіктерді қолданды (мысалы: *«Мен өзіме кофе құйып алдым», «Студент өзін таныстырды»*). Ортақ етіс (өзара әрекет) үшін пікірталас түрінде жаттығу өткізілді: шағын топтарда бір тақырыпта талқылау жасап, ортақ етіс формадағы етістіктерді (*«студенттер пікір алмасты», «қатысушылар сұрақ қойысты»,* т.б.) табиғи диалогта қолдануға ынталанды. Өзгелік етіс (каузатив) тақырыбында «Басқарушы және орындаушы» ойыны ойнатылды: бір студент басшы ретінде екінші студентке белгілі бір жұмысты орындатуы керек (мысалы: *«Мұғалім студентке мәтінді аудартты», «Мен әріптесіме хатты жаздырдым»*). Осындай тапсырмалар арқылы әр грамматикалық форманы мазмұнға енгізе отырып, студенттердің мақсатты грамматикалық құрылымды пайдалануына жағдай жасалды.

Эксперименттік топ сабақтары коммуникативтік әдістеме принциптеріне сай жүргізілді. Сабақтарда диалогтық сөйлесім, жұптық және топтық жұмыс, рөлдік ойындар, ақпарат алмасу сияқты коммуникативтік жатығулар кең қолданылды [7]. Оқытушының рөлі ақпарат жеткізушіден бағыттаушыға өзгерді: студенттерге бағыт-бағдар беріп, өзара сөйлесу барысында тілдік бірліктердегі кемшіліктерді түзету, керек кезде қайта баяндату сияқты тәсілдер қолданылды [8]. Етіс формаларын түсіндіруге қажетті минималды теориялық ақпарат

(ережелер, мысалдар) қысқаша беріліп отырды, алайда уақыттың көп бөлігі студенттердің өзара сөйлесуі мен теориялық-тәжірибелік сипаттағы тапсырмаларды орындауына арналды.

Бақылау тобында дәстүрлі оқыту әдістемесіне сәйкес тақырыптарды түсіндіру негізінен оқытушы тарапынан жүргізілді. Әдістеме зерттеушілері атап өткендей, грамматиканы оқытуда таза коммуникативтік тәсіл мен дәстүрлі жаттығулар арасындағы тепе-теңдікті сақтау маңызды [9]. Етіс формаларына қатысты ережелер қазақ тілінің нормативті грамматикасы бойынша баяндалды [10]. Әр тақырып соңында студенттер ережені бекіту үшін оқулықтағы немесе оқытушы дайындаған жаттығуларды жазбаша орындады (мысалы, тиісті етіс жұрнақтарын қойып сөйлемдерді толықтыру, бір етістікті түрлі етіс формаларына түрлендіру, т.б.). Мұндай жаттығулар грамматикалық дағдыларды қалыптастыруға бағытталғанмен, оларды орындау кезінде қарым-қатынасқа түсу талабы болмады. Бақылау тобында сөйлеу практикасына уақыт аз бөлінді, негізінен дәстүрлі сұрақ-жауап үлгісінде өтті.

Эксперимент нәтижелерін тексеру үшін бірнеше әдістеме қолданылды. Біріншіден, эксперимент басында және соңында бақылау тестері алынды. Тест тапсырмалары етіс формаларын тану және қолдану қабілетін тексеруге арналды (мысалы, сөйлемдегі етіс түрін анықтау, жақшадан тиісті етісті формада қою, берілген ситуацияға сәйкес етіс формасында жауап құрастыру). Екіншіден, сабақ барысында бақылау және жазба жүргізілді: оқытушы әр топтағы студенттердің белсенділік деңгейін, сөйлеу әрекетіне қатысуын, қойылған сұрақтарға жауап дәлдігін салыстырмалы түрде жазып отырды. Үшіншіден, эксперимент соңында студенттерге сауалнама жүргізіліп, коммуникативтік әдіс бойынша оқу тәжірибесіне қатысты пікірлері мен сезімдері (қызығушылығы, өзіне деген сенімділігі) жинақталды. Жиналған сандық және сапалық деректер талданып, эксперименттік және бақылау топтарының айырмашылықтары статистикалық және педагогикалық тұрғыда сарапталды.

Нәтижелер мен талқылау

Эксперимент соңында алынған қорытынды тест нәтижелері коммуникативтік әдістеменің тиімділігін айқын көрсетті. Эксперименттік топ студенттері етіс формаларын тану және дұрыс қолдану бойынша бақылау тобына қарағанда анағұрлым жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Атап айтқанда, ырықсыз етіс (пассив) формаларын дұрыс қолдану көрсеткіші эксперименттік топта 85% шамасында болса, бақылау тобында 60%-дан аспады. Сол сияқты, өзгелік етіс (каузатив) формаларын сөйлеуде пайдалану сапасы эксперименттік топта едәуір жоғары болды: бұл топтағы студенттердің 90%-ы каузатив құрылымдары бар шағын мәтіндерді қиналмай құрап шықса, бақылау тобында небәрі 55%-ы ғана толық дұрыс орындады. Жалпы, эксперименттік топ студенттері етіс категориясының барлық түрлері бойынша коммуникативтік тапсырмаларды сенімді орындап, өз ойларын еркін жеткізе алғаны байқалды. Олар диалог құру барысында етіс формаларын орынды қолдануға машықтанып, бастапқы кездескен қиындықтарды жеңе білді (Кесте 1).

Кесте 1 – Коммуникативтік әдістеменің етіс формаларын меңгеруге және сөйлеу белсенділігіне әсері

Көрсеткіштер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Түсіндірме
Ырықсыз етіс формаларын дұрыс қолдану	~ 85%	~ 60%	Эксперименттік топта жоғары нәтиже
Өзгелік етіс формаларын сөйлеуде қолдану	~ 90%	~ 55%	Эксперименттік топтағы студенттер мәтін құрауда еркін қолданады
Коммуникативтік - тапсырмалар орындау сенімділігі	Жоғары	Төмен	Эксперименттік топта еркін сөйлеу байқалды

Көрсеткіштер	Эксперименттік топ	Бақылау тобы	Түсіндірме
Сабаққа қатысу белсенділігі	~ 80%	~ 50%	Эксперименттік топта қызығушылық жоғары
Жұптық жұмысқа қатысу	Белсенді	Әлсіз	Эксперименттік топта ынталылық жоғары
Рөлдік ойындардағы шығармашылық	Жоғары	Төмен	Эксперименттік топ жаңа сөздер қолдануға ұмтылды
Сөйлесу дағдысының жақсаруы	90% оң нәтиже	Әлсіз нәтиже	Студенттердің өз ойларын жеткізу сенімділігі артты
Тіл үйренуге ынта	90% артқан	Төмен	Эксперименттік әдістің мотивацияға оң әсері

Сабақ барысын бақылау жазбалары да эксперименттік топтың айқын басымдығын көрсетті. Эксперименттік топта студенттердің сөйлесу белсенділігі өте жоғары болды: әр сабақта топтың ~ 80%-ы талқылау мен жаттығуларға белсене қатысқан (бақылау тобында бұл көрсеткіш ~ 50% деңгейінде). Студенттер жұптық жұмыстарды қызығушылықпен орындап, бір-бірімен қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға ұмтылды. Әсіресе рөлдік ойындар кезінде көптеген студенттердің шығармашылдық танытып, тілдік материалды өздігінен түрлендіріп қолдануға талпынғаны тіркелді. Мысалы, «Өзіңе қызмет көрсету күні» ойынында кейбір қатысушылар алдын ала үйренбеген жаңа сөздер мен құрылымдарды қолдануға тырысып, коммуникативтік ситуацияға етене кіріскені байқалды. Бұл бақылау тобына қарағанда елеулі айырмашылық еді – бақылау тобында студенттер көбіне тек оқытушының сұрағына қысқа жауап берумен шектеліп, өз бастамасымен сөйлеу сирек орын алды.

Сауалнама нәтижелері де эксперименттік әдістің оң ықпалын растады. Эксперименттік топтағы студенттердің 90%-ы сабақтың қызықты форматта өткенін, коммуникативтік форматтағы сабақтардың тіл үйренуге деген ынтасын арттырғанын атап өтті. Студенттердің пікірі бойынша, «грамматиканы іс жүзінде қолдануға мүмкіндік беретін тапсырмалар» грамматикалық материалды жақсырақ түсінуге көмектескен. Олар етіс тақырыптарын күнделікті өмірдегі жағдайлар арқылы өткені өздері үшін тиімді болғанын жазған. Бір студенттің жауабынан: *«Бұрын ырықсыз етісті тек жазбаша жаттығуларда қолданатынмын, енді оны сөйлеуде де қорықпай, еркін қолдана алатыныма көзім жетті»* (бақылау сауалнамасынан). Бұл – коммуникативтік әдістің маңызды психологиялық нәтижесі.

Жалпы алғанда, эксперименттік оқыту нәтижелері зерттеу гипотезасын толықтай растады. Коммуникативтік әдісті жүйелі қолдану студенттердің етіс формаларын теориялық тұрғыда ғана емес, тәжірибелік тұрғыда да терең меңгеруіне жағдай жасады. Студенттер сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстырып, еркін сөйлеу мүмкіндігіне ие болды, нәтижесінде бұл әдістің өз тиімділігін көрсеткені анықталды. Демек, әдістің мақсаты – тіл үйрету, тілді меңгерту, еркін сөйлеуге машықтан-дыру деп түсінеміз [11]. Бақылау тобына қарағанда, эксперименттік топта грамматикалық қателер саны азайып, сөйлеу тілінің дұрыстығы артты. Мысалы, бақылау тобында қазақша сөйлем құрауда етіс жұрнақтарын қалдырып кету немесе орынсыз қолдану қателері жиі кездессе, эксперименттік топ мұндай қателерді практикалық жұмыста түзетіп, болашақта қайталамауға үйренді. Оқытушының бақылауы бойынша да, эксперименттік топ сабақ соңында қарым-қатынас жасауға неғұрлым дайын, сенімді күйде болған. Осы нәтижелерді тұжырымдай келе, коммуникативтік әдістеме етіс сияқты күрделі грамматикалық тақырыпты табысты меңгертуге мүмкіндік беретіні дәлелденді.

Эксперимент қорытындыларын отандық және шетелдік ғылыми еңбектердің теориялық тұжырымдарымен салыстырып талдайтын болсақ, жалпы алғанда олардың арасында үндестік байқалады. Алынған нәтижелер коммуникативтік оқыту теориясының негізгі қағидаларын іс жүзінде қуаттайды. Атап айтқанда, біздің зерттеуіміз оқушы тілдің грамматикалық

құрылымын мазмұнға сай қолдану мүмкіндігі берілгенде ғана сол құрылымды толық меңгереді деген көзқарасты растап отыр [5]. Сэвиньон анықтап көрсеткендей, шынайы коммуникация жағдайында мағынаны жеткізуге тырысу – тіл үйренушінің коммуникативтік қабілетін дамытудың негізгі шарты [5]. Біздің эксперименттік топ дәл осындай шартта оқып, нәтижесінде етіс формаларын еркін қолдану қабілетін дамытты. Демек, «тілді пайдалану арқылы үйрену» принципі [1] практика жүзінде өз тиімділігін тағы бір дәлелдеді.

Зерттеу нәтижелері шетел тілдерін оқытудың коммуникативтік бағытын қолдайтын өзге жұмыстардың деректерімен де үйлесімді. Мысалы, Aubakirov және Dolgopolova техникалық мамандық студенттеріне қазақ тілін оқытуда коммуникативтік әдісті қолдану дәстүрлі әдіспен салыстырғанда едәуір жоғары нәтиже бергенін баяндайды [6]. Олар жүргізген экспериментте де біздің жұмысымыздағыдай, студенттердің сабаққа ынтасы артып, грамматикалық материалды практикалық тұрғыда меңгеру көрсеткіштері өскен. Сол сияқты, Мырзахметова мен әріптестерінің зерттеуінде коммуникативтік оқыту арқылы оқушылардың сөздерді грамматикалық тұрғыдан дұрыс байланыстырып, еркін сөйлей бастағаны атап өтілген.

Осылайша, зерттеуіміздің негізгі тұжырымдары коммуникативтік оқыту әдістемесінің тиімділігін көрсеткен бұрынғы ғылыми еңбектердің қорын толықтырады. Сонымен бірге, біздің жұмысымыз етіс категориясын оқытуға арнайы мән беруімен ерекшеленеді. Грамматиканың дәл осы саласын коммуникативтік тәсілмен меңгерту нәтижелерін талдай отырып, жалпы грамматиканы оқытуға қатысты бірқатар әдіснамалық мәселелерді де байқауға болады. Солардың бірі – грамматикалық дәлдік пен сөйлеу еркіндігі арасындағы тепе-теңдік мәселесі. Кейбір зерттеушілер коммуникативтік әдіске толық көшкен жағдайда студенттерде қате қатты түзелмей, тілдік формаларды бұрыс қолдану дағдысы қалыптасып қалуы мүмкін деп ескертеді [12]. Шын мәнінде, коммуникативтік әдіс үдерісінде грамматикалық қателерді дер кезінде түзетіп отырмау ұзақ мерзімде сол қателердің бойға сіңіп кетуіне (fossilization) алып келетіні белгілі [9]. Біздің тәжірибемізде бұл қауіптің алдын алу мақсатында келесі әдістер қолданылды: тапсырманы орындау барысында оқытушы қате пайдаланылған етіс формасын қайта сұрақ қою арқылы студенттің өзін түзетуіне мүмкіндік берді немесе қажет жағдайда қателікті анық көрсетіп, дұрыс үлгіні қайта айтқызды. Сондай-ақ, эксперименттік топ сабақтарында қысқа грамматикалық тоқталулар (focus on form) жүргізілді – мысалы, рөлдік ойыннан кейін қатысушылар қолданған сөйлемдер талданып, етіс жұрнақтарының дұрыс/бұрыс жалғануы талқыға салынды. Мұндай кіріктірілген грамматикалық талдау студенттерге тілдік форманың дұрыстығына көңіл бөлуге жағдай жасады. Осы тәсілдерді қолдану нәтижесінде біз коммуникативтік әдіс пен дәстүрлі әдістің тиімді жақтарын үйлестіре алдық деп санауға болады. Әдістеме зерттеушілері де грамматиканы оқытуда таза коммуникативтік жол мен дәстүрлі жаттығулар арасындағы теңгерімді ұстану керек деген пікірде [8]. Біздің жұмыс бұл тұжырымның орынды екендігін тағы да дәлелдей түсті. Коммуникативтік сабақтар барысында қате түзету мен лингвистикалық талдауды қосу арқылы студенттердің әрі қарым-қатынас дағдысы, әрі грамматикалық сауаттылығы бірге дамыды.

Зерттеуіміз көрсеткен тағы бір маңызды жайт – коммуникативтік әдісті табысты іске асыруда оқытушының педагогикалық шеберлігі шешуші рөл атқаратыны. Коммуникативтік тәсілде оқытушы дәстүрлі «білім көзі» позициясынан гөрі ұйымдастырушы, бақылаушы, кеңесші рөлін атқарады [7]. Сабақ мұқият дайындалған сценарий бойынша өтуі тиіс: оқу мақсатына сай өмірлік жағдаят таңдалуы, рөлдер бөлінуі, қажетті лексика мен грамматикалық құрылымдар алдын ала еске түсірілуі шарт. Біздің тәжірибеде бір тақырып бойынша коммуникативтік тапсырманы алғаш өткізгенде кейбір дайындық кемшіліктері болды (мысалы, студенттердің бәрі бірдей түсінбей қалуы, уақыт дұрыс бөлінбеу). Алайда келесі жолы бұл кемшіліктер жойылып отырды. Осыдан коммуникативтік әдістеме бойынша сабақ жүргізу үшін оқытушының өзі де белгілі бір даярлықтан өтуі керектігі анықталды. Оқытушы тек грамматиканы жетік білуімен шектелмей, оны шығармашылықпен қолданатын сценарист іспетті болуы қажет. Бұл

тұрғыда шетел тілдері педагогикасында жинақталған тәжірибе көп көмек болары сөзсіз. Коммуникативтік тапсырмаларды жоспарлау, шағын топтардағы жұмысты ұйымдастыру, уақытты басқару, тілдік қателермен жұмыс істеу – осының барлығына қатысты әдістемелік ұсынымдар мен жаттығулар жүйесі әдебиетте баяндалған [13]. Мысалы, Литлвуд грамматиканы коммуникативтік талдау кезеңінде студенттердің өздігінен ереже тұжырымдауына жетелеу керектігін ұсынады [13]. Біз өз жұмысымызда осы секілді ұсыныстарды басшылыққа алдық. Қорыта айтқанда, коммуникативтік оқыту – мұғалімнен жаңаша көзқарас пен ізденісті талап ететін тиімді тәсіл.

Жалпы, жоғары оқу орнында екінші тілді оқыту процесінде грамматикаға қатысымдық бағдар беру қазіргі заман талаптарынан туындайды. Біздің зерттеу нәтижелеріміз заманға сай құзыреттілікке негізделген білім беру тұжырымдамасына сай келеді. Коммуникативтік құзыреттілік бүгінгі бағдарламаларда түйінді құзырет ретінде белгіленгені мәлім. Демек, грамматикалық білім практикалық қатысымдық дағдымен ұштасқанда ғана құзыреттілікке айналады. Бұл тұжырымды біздің жұмысымыздағы етіс формаларын оқыту мысалы айқын көрсетті. Қатысымдық бағыттағы тапсырмалар грамматикаға «жан бітіріп», оны үйренуші үшін жандандыра түсті деуге болады. Студент тілдік форманы оқулық бетінен емес, өз тәжірибесінен үйренді. Мұндай жолмен алынған білім берік әрі ұзақ мерзімді болатыны белгілі [14]. Әрине, кез келген әдістеме секілді, коммуникативтік әдістің де шектеулері мен қиындықтары жоқ емес. Оларды да ескерген жөн: сабаққа дайындыққа көп уақыт жұмсалу, үлкен топта әр студенттің қатысуын қадағалау қиындығы, техникалық қамтамасыз ету қажет болуы, т.б. Дегенмен, осындай қиындықтарға қарамастан, коммуникативтік оқыту қазіргі тіл білім беруіндегі ең озық бағыттардың бірі болып қалып отыр. Ол дәстүрлі әдістердің тиімді элементтерін жоққа шығармай, керісінше оларды үйлесімді біріктіруді көздейді [15]. Бүгінде тіл үйретуде коммуникацияның басты мақсатқа айналуы – заңды құбылыс. Сондықтан грамматикалық құрылымдарды коммуникациядан тыс оқыту дағдысы да біртіндеп орын беруі тиіс. Біздің зерттеу осы үрдісті қолдай отырып, грамматиканы коммуникативтік негізде оқыту мүмкіндіктерін нақты мысал арқылы дәлелдеуге тырысты.

Қорытынды

Зерттеуді қорытындылай келе, грамматикалық етіс формаларын оқытуда коммуникативтік тәсілді қолдану студенттердің оларды практикалық тұрғыда дұрыс және еркін пайдалана білу қабілетін айтарлықтай арттыратыны анықталғанын байқадық. Эксперимент нәтижесінде етіс категориясына қатысты грамматикалық қателердің азайып, тілдік құбылысты тереңірек түсіну байқалды. Бұл тұжырым қазақ тілін оқыту әдістемесінің классикалық қағидаттарымен де үндеседі [16]. Бұл пікір грамматиканы оқытуда тілдік формаларды оқшау күйде емес, функционалдық және қатысымдық тұрғыда меңгертудің маңызын көрсетеді. Біздің зерттеуіміздің нәтижелері де осы қағидатты нақты педагогикалық тәжірибе арқылы дәлелдеді: коммуникативтік тапсырмалар арқылы студенттер етіс формаларын тек ереже деңгейінде емес, нақты сөйлеу жағдаятында қолдануға дағдыланды. Соның нәтижесінде олардың грамматикалық сауаттылығы мен сөйлеу еркіндігі қатар дамып, тілдік құбылыстың мағыналық қызметін түсіну деңгейі артты.

Соңғы зерттеулерде де формо-бағдарланған коммуникативтік оқыту студенттердің сөйлеу дәлдігі мен еркіндігін қатар дамытатыны анықталған [17]. Бұл тұжырым грамматикалық құрылымдарды қатысымдық контексте меңгертудің кешенді тиімділігін дәлелдейді. Тілдік формаларды мағыналық жағдаятта қолдану арқылы білім алушы бір мезгілде әрі грамматикалық дәлдікке, әрі сөйлеу еркіндігіне қол жеткізеді. Біздің эксперимент барысында да осындай үрдіс байқалды: студенттер етіс формаларын қолдануда қателерді азайтып қана қоймай, оларды еркін әрі орынды пайдалану қабілетін дамытты. Бұл коммуникативтік тәсілдің грамматикалық дағдыны автоматтандыруға ықпал ететінін көрсетеді.

Коммуникативтік тапсырмалар оқу үдерісін белсенді етіп, студенттердің пәнге қызығушылығы мен қатысу белсенділігін жоғарылатады. Зерттеу барысында қатысушылар өз ойын қазақ тілінде жеткізуге деген сенімділігінің артқанын, тіл үйренуге деген ішкі уәждемесінің күшейгенін көрсетті. Бұл факторлар түптеп келгенде оқыту тиімділігін өсіретіні белгілі. Бұл тұрғыда сабақтың негізгі мақсаты – оқушының белсенді тілдік қатысуын қамтамасыз ету екендігі отандық және шетелдік зерттеулерде де атап өтіледі [18]. Біздің зерттеу нәтижелеріміз коммуникативтік әдіс студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуына, өз ойын еркін жеткізуге деген сенімділігінің қалыптасуына оң әсер еткенін көрсетті. Белсенді тілдік әрекетке негізделген сабақ құрылымы студенттердің ішкі уәждемесін күшейтіп, олардың оқу нәтижелерінің жақсаруына ықпал етті. Бұл өз кезегінде коммуникативтік тәсілдің тек тілдік білімді емес, тұлғалық-коммуникативтік құзыреттілікті де дамытуға бағытталғанын дәлелдейді.

Зерттеу жұмысында сынақтан өткен коммуникативтік әдістерді жоғары оқу орындарындағы қазақ тілі пәні бағдарламаларына, әсіресе қазақ тілін екінші тіл немесе шетел тілі ретінде оқыту курстарына кеңірек енгізуге болады. Мұндай жаңашыл әдістеме болашақ мамандардың нақты тілдік ортада қарым-қатынас жасау құзыретін дамытуға зор үлес қосады. Сондай-ақ, грамматикалық форманы мағыналық қатысыммен ұштастыра оқыту студент мотивациясы мен қатысымдық құзыреттілігін арттыратыны өзге еңбектерде де дәлелденген [19]. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, етіс формаларын коммуникативтік тапсырмалар арқылы меңгерген студенттер тілдік бірліктерді шынайы жағдаятта орынды қолдануға дағдыланып, кәсіби қарым-қатынасқа қажетті тілдік машықтарды қалыптастырды [20]. Сондықтан ұсынылған әдістемелік үлгіні оқу бағдарламаларына енгізу болашақ мамандардың тілдік және қатысымдық құзыреттілігін кешенді дамытуға мүмкіндік береді.

Коммуникативтік және дәстүрлі әдістерді үйлестіру – грамматиканы оқытудағы оңтайлы жолдардың бірі. Алдағы уақытта грамматиканың басқа да аспектілерін (мысалы, уақыт шақтары, септік категориясы, синтаксистік құрылымдар т.б.) коммуникативтік бағдарда оқыту тәжірибелерін жинақтау қажет. Зерттеушілердің пікірінше, қатысымдық оқыту тәжірибесін жетілдіру үшін нақты сценарийлер мен оқу материалдарын әзірлеу маңызды.

Біздің зерттеуіміздің нәтижелері осы бағыттағы кейінгі ғылыми ізденістерге негіз бола алады деп санаймыз. Сондай-ақ, оқытушылардың кәсіби біліктілігін жетілдіру жүйесінде коммуникативтік оқыту әдістемесіне ерекше көңіл бөлу ұсынылады.

Авторлардың үлесі:

Абишева Н. – зерттеуді басқарды, әдістемені жасады және мақаланы ғылыми өңдеді.

Капасова Д.А. – зерттеуді жүргізді, нәтижелерді талдады, мақаланы жазуға және өңдеуге қатысты.

Бураханова А.С. – деректерді жинау және өңдеумен айналысты, нәтижелерді рәсімдеуге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: 10.02.02: фил. ғыл. док. ... дис. – Алматы, 2007. – 328 б.

2 Оразбаева Ф.Ш. Тілтамыр: лекциялар курсы. – Алматы: Ан Арыс, 2019. – Т. 4. – 472 б.

3 Richards J.C. Communicative Language Teaching Today. – Cambridge: Cambridge University Press, 2006. – 48 p.

4 Canale M., Swain M. Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing // Applied Linguistics. – 1980. – Vol. 1. – No. 1. – P. 1–47.

5 Savignon S.J. Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. – Reading (MA): Addison-Wesley, 1983. – 276 p.

6 Sarseke G.A., Khopur A.Ye. Experience of applying neuroscience in teaching Kazakh as a second language // Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Philological Sciences. – 2024. – No. 3 (74). – P. 417–428. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.0

7 Пассов Е.И. Коммуникативный метод обучения иноязычному говорению. – Москва: Просвещение, 1991. – 223 с.

8 Harmer J. The Practice of English Language Teaching. – 4th ed. – Harlow: Pearson Longman, 2007. – 448 p.

9 Гальскова Н.Д., Гез Н.И. Современная методика обучения иностранным языкам. – Москва: Академия, 2006. – 336 с.

10 Қазақ грамматикасы. – Астана: Қазақстан Республикасының Ұлттық Ғылым академиясы, 2002. – 784 б.

11 Smailova A.Sh., Rakhimbayeva V.O. The Game as an Effective Method of Teaching the Kazakh Language // Bulletin of Karaganda University. Philology Series. – 2022. – No. 4 (108). – P. 122–127. DOI: https://doi.org/10.31489/2022Ph4/122-127

12 Higgs T.V., Clifford R. The Push Toward Communication // Curriculum, Competence and the Foreign Language Teacher (ACTFL Foreign Language Education Series, Vol. 13). – Lincolnwood (IL): National Textbook, 1982. – P. 57–79.

13 Littlewood W. Communicative Language Teaching: An Introduction. – Cambridge: Cambridge University Press, 1981. – 123 p.

14 Nunan D. Teaching Grammar in Context // ELT Journal. – 1998. – Vol. 52. – No. 2. – P. 101–109.

15 Мильруд Р.П., Максимова И.Р. Современные концептуальные принципы коммуникативного обучения иностранным языкам // Иностранные языки в школе. – 2000. – № 4. – С. 17–22.

16 Оралбаева Н., Жақсылықова К. Қазақ тілін оқыту әдістемесі. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 208 б.

17 Зайцева С.Е. Коммуникативность как главная черта современного урока иностранного языка // Концепт. – 2016. – Т. 15. – С. 396–400.

18 Woymo T.H., Bachore M.M., Jobo M.M. The Effects of Form-Focused Communicative Grammar Instruction on Students' Speaking Fluency and Their Attitudes Toward Speaking Lessons // Journal of Language Teaching and Research. – 2024. – Vol. 15. – No. 2. – P. 215–222. DOI: https://doi.org/10.17507/jltr.1502.01

19 Güvendir E., Hardacre B. Task-Based Language Teaching and Grammar // The TESOL Encyclopedia of English Language Teaching. – Wiley Online Library, 2020. – P. 1–15. DOI: https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0989

20 Eriksson A. Form-Focused or Meaning-Focused? – DIVA Portal, 2023. – P. 1–28. URL: https://www.diva-portal.org/smash/get/diva2:1773594/FULLTEXT01.pdf

REFERENCES:

1 Uäli N. (2007). Qazaq söz mädenietınıñ teorialyq negızderı [Theoretical Foundations of Kazakh Speech Culture]: 10.02.02: fil. ğyl. dok. dis. Almaty, 328 p. (in Kazakh)

2 Orazbaeva F.Sh. (2019). Tıltamyr: leksialar kursy [Language Roots: Lecture Course]. Vol. 4. Almaty: An Arys, 472 p. (in Kazakh)

3 Richards J.C. (2006). Communicative Language Teaching Today. Cambridge: Cambridge University Press, 48 p.

4 Canale M., Swain M. (1980). Theoretical Bases of Communicative Approaches to Second Language Teaching and Testing. Applied Linguistics, vol. 1, no. 1, pp. 1–47.

5 Savignon S.J. (1983). Communicative Competence: Theory and Classroom Practice. Reading, MA: Addison-Wesley, 276 p.

6 Sarseke G.A., Khopur A.Ye. (2024). Experience of applying neuroscience in teaching Kazakh as a second language. Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Philological Sciences, no. 3(74), pp. 417–428. DOI: https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.0

7 Passov E.I. (1991). Komunikativnyi metod obuchenia inoiazychnomu govoreniu [Communicative Method of Teaching Foreign Language Speaking]. Moscow: Prosveshchenie, 223 p. (in Russian)

8 Harmer J. (2007). The Practice of English Language Teaching. 4th ed. Harlow: Pearson Longman, 448 p.

9 Galskova N.D., Gez N.I. (2006). Sovremennaia metodika obuchenia inostrannym iazykam [Modern Methods of Teaching Foreign Languages]. Moscow: Akademiya, 336 p. (in Russian)

10 Qazaq gramatikasy (2002). [Kazakh Grammar]. Astana: Qazaqstan Respublikasynyñ Ūlttyq Gylym Akademiyasy, 784 p. (in Kazakh)

11 Smailova A.Sh., Rakhimbayeva V.O. (2022). The Game as an Effective Method of Teaching the Kazakh Language. Bulletin of Karaganda University. Philology Series, no. 4(108), pp. 122–127. DOI: https://doi.org/10.31489/2022Ph4/122-127

12 Higgs T.V., Clifford R. (1982). The Push Toward Communication. In: Curriculum, Competence and the Foreign Language Teacher (ACTFL Foreign Language Education Series, vol. 13), pp. 57–79. Lincolnwood, IL: National Textbook.

13 Littlewood W. (1981). Communicative Language Teaching: An Introduction. Cambridge: Cambridge University Press, 123 p.

14 Nunan D. (1998). Teaching Grammar in Context. ELT Journal, vol. 52, no. 2, pp. 101–109.

15 Milrud R.P., Maksimova I.R. (2000). Sovremennye konseptuälnye prinsipy komunikativnogo obuchenia inostrannym iazykam [Modern Conceptual Principles of Communicative Foreign Language Teaching]. Inostrannye yazyki v shkole, no. 4, pp. 17–22. (in Russian)

16 Oralbaeva N., Zhaksylykova K. (1996). Qazaq tılın oqytu ädıstemesı [Methods of Teaching the Kazakh Language]. Almaty: Ana tili, 208 p. (in Kazakh)

17 Zaitseva S.E. (2016). Komunikativnöst kak glavnaia cherta sovremennogo uroka inostrannogo iazyka [Communicativeness as the Main Feature of a Modern Foreign Language Lesson]. Koncept, vol. 15, pp. 396–400. (in Russian)

18 Woymo T.H., Bachore M.M., Jobo M.M. (2024). The Effects of Form-Focused Communicative Grammar Instruction on Students' Speaking Fluency and Their Attitudes Toward Speaking Lessons. Journal of Language Teaching and Research, vol. 15, no. 2, pp. 215–222. DOI: https://doi.org/10.17507/jltr.1502.01

19 Güvendir E., Hardacre B. (2020). Task-Based Language Teaching and Grammar. In: The TESOL Encyclopedia of English Language Teaching, pp. 1–15. DOI: https://doi.org/10.1002/9781118784235.eelt0989

20 Eriksson A. (2023). Form-Focused or Meaning-Focused? DIVA Portal, pp. 1–28. URL: https://www.diva-portal.org/smash/get/diva2:1773594/FULLTEXT01.pdf

ОБУЧЕНИЕ ФОРМАМ ЗАЛОГА В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ КАК ВТОРОМ НА ОСНОВЕ КОММУНИКАТИВНОГО ПОДХОДА

Абишева Н.[1,], Капасова Д.А.[1], Бураханова А.С.[2]*

[1]Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Республика Казахстан, г. Алматы
[2]Казахский национальный медицинский университет имени С.Д. Асфендиярова, Республика Казахстан, г. Алматы
[*]e-mail: anurziya990@gmail.com, assyl99_kz@mail.ru, a.burahanova@mail.ru

Аннотация. Данная статья посвящена применению коммуникативного метода обучения при преподавании залоговых форм глагола в условиях высшего учебного заведения. Актуальность темы обусловлена необходимостью повышения коммуникативной компетенции студентов в контексте современной полиязычной образовательной среды, а также стремлением преодолеть ограничения традиционных методик преподавания, ориентированных преимущественно на изучение грамматических правил. В рамках исследования проведён педагогический эксперимент с участием контрольной и экспериментальной групп студентов вуза. Экспериментальная группа обучалась казахским залоговым формам глагола (например, возвратный, взаимный, страдательный, побудительный залог) посредством коммуникативных заданий и интерактивной деятельности, тогда как контрольная группа осваивала этот материал с использованием традиционных лекций и упражнений. Сравнительный анализ результатов подтвердил гипотезу о том, что коммуникативная методика значительно улучшает степень усвоения и практического применения залоговых форм глагола. Студенты экспериментальной группы продемонстрировали более умелое, правильное и свободное употребление различных залоговых форм в контексте, а также проявили более высокую мотивацию и активность по сравнению с контрольной группой. Таким образом, сделан вывод, что интеграция коммуникативных приёмов в преподавании грамматики на уровне вуза является эффективной для развития у обучающихся как точности, так и беглости речи. Полученные результаты имеют практическую значимость: предложенный подход может применяться при разработке учебных программ, повышении квалификации преподавателей и расширении коммуникативно-ориентированных стратегий обучения казахскому языку. Кроме того, статья намечает перспективы дальнейших исследований, направленных на совершенствование методики обучения грамматике.

Ключевые слова: *коммуникативный метод, залоговые формы, обучение грамматике, высшее учебное заведение, коммуникативная компетенция, преподавание казахского языка, казахский язык как второй язык.*

MASTERING KAZAKH VOICE FORMS AS A SECOND LANGUAGE THROUGH A COMMUNICATIVE APPROACH

N. Abisheva[1,], D. Kapassova[1], A. Burakhanova[2]*

[1]Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Republic of Kazakhstan, Almaty
[2]Kazakh National Medical University Asfendiyarov, Republic of Kazakhstan, Almaty
[*]e-mail:anurziya990@gmail.com, assyl99_kz@mail.ru, a.burahanova@mail.ru

- құзыреттілікке негізделген білім беру стандартының пәнаралық интеграцияны талап етуі мен пәндердің дәстүрлі оқшаулана оқытылуы арасындағы қайшылық;
- АӘжТД пәніне бөлінген оқу уақытының шектеулілігі мен оқу мазмұнының ауқымдылығы арасындағы сәйкессіздік;
- оқушылардың белсенді, жарыс элементтері бар оқыту формаларына қызығушылығы мен дәстүрлі репродуктивті оқыту үлгілерінің басымдығы арасындағы қарама-қайшылық.

Бұл қайшылықтарды жеңу үшін АӘжТД мен ДШ пәндерін интеграциялаудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтаудың ғылыми және практикалық міндеттерін шешу қажет.

Зерттеудің мақсаты – жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге даярлауда АӘжТД мен ДШ пәндерін интеграциялық оқытудың бағдарламалық мүмкіндіктерін анықтау және

мұғалімдердің осы бағытта интеграциялық оқытуды жүзеге асыруға деген дайындығы мен ұстанымдарын зерттеу. Осыған орай, зерттеу келесі сұрақтарға жауап береді: мектеп мұғалімдері АӘжТД мен ДШ пәндерін интеграциялық оқытуды қаншалықты орынды деп санайды және оны жүзеге асырудың қандай педагогикалық алғышарттары бар?

Зерттеудің ғылыми болжамы: жастардың әскери-қолданбалы дене дайындығын жетілдіруге бағытталған АӘжТД мен ДШ пәндерін интеграциялаудың педагогикалық мүмкіндіктері анықталса, онда оларды оқу-тәрбие үдерісінде жүзеге асырудың тиімді әдістемелік жолдарын жасауға негіз қалыптасады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуде сипаттамалық аралас дизайн (descriptive mixed-methods design) қолданылды: сандық компонент – сауалнама; сапалық компонент – ашық жауаптарды тематикалық мазмұн-талдау; сондай-ақ оқу бағдарламаларына жүйелік-салыстырмалы талдау жүргізілді.

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінің 10-сынып оқу бағдарламалары салыстырмалы талдауға алынды. Талдау критерийлері: тақырыптық сәйкестік, дидактикалық мақсаттардың ортақтығы, практикалық іс-әрекет үлгілерінің үйлесімділігі.

Зерттеуге Қазақстанның жалпы білім беретін мектептерінің Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен дене шынықтыру пәні мұғалімдері мақсатты-ыңғайлы іріктеме (purposive convenience sampling) тәсілімен таңдалды. Зерттеуге барлығы n = 102 мұғалім ерікті түрде қатысты (84 ер – 82,4%; 18 әйел – 17,6%). Респонденттердің жасы M = 37,0 ± 8,4 жас (диапазон: 24–58 жас), педагогикалық өтілінің ұзақтығы M = 15,0 ± 7,3 жыл (диапазон: 1-35 жыл). Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімдері – n = 64 (62,7%), Дене шынықтыру пәні мұғалімдері – n = 38 (37,3%). Зерттеуге қатысқан 102 мұғалімнің сипаттамалары кесте 1-де берілген.

Кесте 1 – Зерттеуге қатысқан мұғалімдердің жалпы сипаттамалары (n = 102)

Көрсеткіш	Мәні
Жалпы саны, n	102
Ерлер, n (%)	84 (82,4%)
Әйелдер, n (%)	18 (17,6%)
Орташа жас, M ± SD, жыл	37,0 ± 8,4
Жас диапазоны, мин-макс	24 – 58
Педагогикалық өтіл, M ± SD, жыл	15,0 ± 7,3
Өтіл диапазоны, мин-макс	1 – 35
АӘжТД пәні мұғалімдері, n (%)	64 (62,7%)
ДШ пәні мұғалімдері, n (%)	38 (37,3%)

Ескертпе: M – орташа мән; SD – стандартты ауытқу. Мәндер IBM SPSS Statistics 26.0 арқылы есептелді.

Сауалнама Google Forms платформасына орналастырылып, 2025 жылғы наурыз айында онлайн форматта N = 147 мұғалімге таратылды. Жауап беру коэффициенті (response rate) мынадай формула бойынша есептелді:

$$\text{Response rate} = (102 / 147) \times 100 = 69{,}4\% \quad (1)$$

Алынған жауап беру коэффициенті (69,4%) онлайн сауалнамалық зерттеулер үшін қолайлы деңгей ретінде бағаланады Nulty [12]. Толық жауап бермеген 45 респонденттің деректері талдаудан шығарылды.

Сауалнаманың мазмұндық валидтілігін бағалау үшін педагогика және дене тәрбиесі саласындағы 3 сарапшының рецензиясы алынды. Жабық сұрақтардың (C1-C5) ішкі сенімділігі Cronbach альфа коэффициенті арқылы бағаланды:

$$\alpha = 0{,}71 \qquad (2)$$

Бұл мән педагогикалық зерттеулерде қолайлы деп есептелетін $\alpha \geq 0{,}70$ шегінен асады George & Mallery [13], бұл сауалнаманың жеткілікті ішкі сенімділікке ие екенін растайды.

Сандық деректер IBM SPSS Statistics 26.0 бағдарламасымен өңделді. Жиілік (f), пайыздық үлес (%), орташа мән (M) және стандартты ауытқу (SD) есептелді. Диаграммалар Microsoft Excel 2019-да дайындалды. Ашық жауаптар (С6) тақырыптық мазмұн талдау арқылы өңделді.

Зерттеу Хельсинки декларациясының (2013) этикалық принциптеріне сәйкес жүргізілді. Зерттеуге қатысу толығымен ерікті болды. Сауалнама анонимді форматта өткізілді: жеке сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ешқандай ақпарат жиналмады. Деректер тек жиынтық статистика түрінде талданды.

Нәтижелер мен талқылау

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінің 10-сыныпқа арналған оқу бағдарламаларына жүргізілген салыстырмалы талдау нәтижесінде төрт тоқсанның барлығында тақырыптық сәйкестік анықталды. Талдау үш критерий бойынша жүргізілді: тақырыптық сәйкестік, дидактикалық мақсаттардың ортақтығы және практикалық іс-әрекет үлгілерінің үйлесімділігі (кесте 2).

Кесте 2 – Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінің 10-сынып оқу бағдарламаларындағы интеграциялық мүмкіндіктері

Алғашқы әскери және технологиялық дайындық мазмұны	**Дене шынықтыру мазмұны**	**Интеграциялық мүмкіндіктер**
I тоқсан: Саптық дайындық	Жүгіру, секіру, лақтыру	Қозғалыс дағдыларын бірыңғай практикалық контекстте дамыту. Жылдамдық пен ептілікке үйрету
II тоқсан: Қару-жарақпен жұмыс	Гимнастикалық жаттығулар, снарядтарда дене басқару	Дене бақылауы мен күш дағдыларын ортақ физикалық дайындық аясында меңгерту. Икемділік пен иілгіштікті арттыру
III тоқсан: Әскери роботехника; жаппай қырып-жою қаруларынан қорғану	Тактикалық ойындар; командалық өзара іс-қимыл	Команда құрамында жұмыс істеу дағдыларын дамыту. Тез шешім қабылдауға, техникалық сауаттылыққа үйрету
IV тоқсан: Жеке қорғаныс; алғашқы медициналық көмек	Командалық ойындар; бұлшық етті қалпына келтіру	Медициналық дайындық пен функционалдық қалпына келтіруді өзара байланыста оқыту. Сабырлық пен шыдамдылықты дамыту

Талдау нәтижелері Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінің дидактикалық мақсаттары деңгейінде мазмұндық ортақтықтың бар екенін көрсетеді. I және II тоқсандарда бұл байланыс қозғалыс үйлесімділігі мен денені бақылау дағдыларын бірлесіп дамыту арқылы айқын байқалады. III тоқсандағы сәйкестік педагогикалық сипатта: роботехника тақырыбы да, командалық тактикалық ойындар да топтық жұмысты, рөлдерді бөлуді және нәтижеге бағытталған ынтымақтастықты талап етеді. IV тоқсандағы медициналық дайындық пен бұлшықет қалпына келтіру жаттығулары физиологиялық негізде өзара байланысты. Жалпы алғанда, бағдарламалық деңгейдегі тақырыптық сәйкестік интеграцияланған сабақтарды жүзеге асыруға мазмұндық негіз бар екенін көрсетеді.

Мұғалімдерге арналған арнайы сауалнама арқылы осы пәндерді интеграциялық оқытудың мүмкіндіктерін анықтау мақсатында авторлар әзірлеген 6 сұрақтан тұратын сауалнама қолданылды: С1–С5 – жабық сауалдар (жауап нұсқасын таңдау), С6 – ашық сауал (пікір жазу):

С1. Мектебіңізде пәндер бойынша кіріктірілген (интеграцияланған) сабақтар ұйымдастырылып тұра ма?

С2. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерін интеграциялық оқыту әдістемесі туралы не білесіз?

С3. Оқушылардың әскери қолданбалы дене дайындығын жақсарту мақсатында Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен дене шынықтыру пәндерін кейбір тақырыптар бойынша интеграциялық оқыту қажет пе?


С4. Қандай уақытта Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерін кейбір тақырыптар бойынша интеграциялық оқытуды қандай уақытта ұйымдастыруға мүмкіндік бар?

С5. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерін интеграциялау арқылы оқушылардың әскери-қолданбалы дене дайындығын «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клуб бағдарламасы аясында жетілдіру қажет па?

С6. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру сабақтарын интеграциялық оқытуға қатысты сіздің ұсыныстарыңыз?

Төменде осы сауалдар бойынша жауаптардың қорытындысы баяндалады.

С1 сауалының нәтижелері мектеп практикасында интеграциялық оқытудың жүйелі деңгейде жүзеге асырылмайтынын көрсетеді. Респонденттердің 57,0%-ы (n = 58) интеграциялық элементтерді сирек қолданатынын, 14,7%-ы (n = 15) мүлде қолданбайтынын хабарлады; жиынтықта 71,7%-ы интеграцияны тәжірибеде жүйелі іске асырмайды. Жүйелі қолданатындар – 20,6% (n = 21), жиі қолданатындар – 7,8% (n = 8). Пайыздардың жиынтығы дөңгелектеу нәтижесінде 100,1 % болды. Үлестірім 1-суретте берілген.



Сурет 1 – Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінде интеграциялық элементтерді қолдану жиілігі бойынша мұғалімдердің жауаптарының үлестірімі (%, n = 102)


Бұл нәтиже интеграцияны принцип ретінде мойындау мен оны тәжірибеде жүзеге асыру арасындағы елеулі алшақтықты көрсетеді. Зерттеу сипаттамалық дизайнға негізделгендіктен, аталған алшақтықтың нақты себебін анықтау болашақ зерттеулерді талап етеді.

С2 сауалда тәжірибелік бағытты таңдағандар үлесі 42,6%-ды құрайды, ал теориялық бағытты қолдағандар – 30,7%. Бұл интеграцияның практикалық сипатта жүзеге асырылуын құптайтын мұғалімдер саны басым екенін көрсетеді. Сонымен қатар, 26,7% респонденттің баламалы жауапты таңдауы әдістемелік ұстанымдардың әлі де жүйеленбегенін аңғартады.

С3 сауалы бойынша мұғалімдердің басым бөлігі интеграцияға оң немесе шартты түрде оң көзқарас білдірді. Респонденттердің 35,3%-ы (n = 36) интеграцияны «қажет» деп бағаласа, 45,1%-ы (n = 46) «жағдай жасалса дұрыс» деп көрсетті; жиынтықта 80,4%-ы (n = 82) оң немесе шартты оң ұстанымды білдірді. «Қажет емес» деп жауап бергендер 19,6%-ды (n = 20) ғана құрады (кесте 3, сурет 2).

Кесте 3 – С3 сұрағына берілген жауаптардың үлестірімі (n = 102)


Жауап нұсқасы	n	%
Интеграциялық оқыту қажет	36	35,3
Жағдай жасалса дұрыс	46	45,1
Интеграциялық оқыту қажет емес	20	19,6
Жиыны	102	100,0



Сурет 2 – Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерін интеграциялық оқыту қажеттілігі бойынша мұғалімдер пікірінің үлестірімі (%, n = 102)

Алынған деректер мұғалімдердің декларативті позициясы мен іс жүзіндегі тәжірибесі арасындағы айырмашылықты да алға шығарады: интеграцияны «қажет» деп санайтын 35,3% пен оны жүйелі немесе жиі қолданатын 28,4% арасындағы 6,9 пайыздық айырмашылық интеграцияны жүзеге асырудың белгілі бір ұйымдастырушылық немесе ресурстық кедергілермен шектелуі мүмкін екенін меңзейді.

С4 сауалының нәтижелері мұғалімдердің сабақтан тыс форматқа қарай бейімділігін көрсетеді: 43,1%-ы (n = 44) «сабақтан тыс», 21,6%-ы (n = 22) «сабақ кезінде», 12,7%-ы (n = 13) «екеуінде де» деп жауап берді. Ал 22,5%-ы (n = 23) интеграцияны жүзеге асыруды мүмкін емес деп бағалады. Пайыздардың жиынтығы дөңгелектеу нәтижесінде 99,9% болды. Үлестірім 3-суретте берілген.



Сурет 3 – Интеграцияны жүзеге асыруға қолайлы уақыт форматы бойынша мұғалімдердің жауаптарының үлестірімі (С4 сауалы, n = 102)

Респонденттердің жиынтықта 55,9%-ы (n = 57) интеграцияны сабақ кезінде де, одан тыс та жүзеге асыруға дайын екенін хабарлады. Бұл бинарлы сабақ форматы мен сабақтан тыс іс-шаралардың (жарыстар, клубтар, секциялар) интеграция үшін педагогикалық тұрғыдан орынды деп танылып жатқанын көрсетеді.

С5 сауалы бойынша «Жас сарбаз» бағдарламасы аясында АӘжТД мен ДШ-ны интеграциялық форматта ұйымдастыру қажеттілігіне (С5) респонденттердің 46,1%-ы (n = 47) «міндетті», 37,3%-ы (n = 38) «жағдайға байланысты» деп жауап берді; жиынтықта 83,4%-ы (n = 85) оң немесе шартты оң позицияда тұр. «Қажет емес» деп бағалаушылар 16,7%-ды (n = 17) ғана құрады. Пайыздардың жиынтығы дөңгелектеу нәтижесінде 100% болды. С3 нәтижесімен салыстырғанда (80,4%) бұл көрсеткіш сәл жоғары, бұл нақты бағдарлама шеңберінде интеграцияға деген педагогикалық қолдаудың нығая түсетінін меңзейді.

Ашық сұраққа (С6) 102 респонденттің 70-і жауап берді (жауап беру коэффициенті – 68,6%). Жауаптар семантикалық ұқсастық принципі бойынша индуктивті кодталып, мазмұны жағынан қайталанатын тақырыптар анықталды; нәтижесінде алты тақырыптық санат қалыптасты. Ең жиі кездескен тақырып – «интеграциялық оқыту қажет, Алғашқы әскери және технологиялық дайындық сағаты жеткіліксіз» (41,4%, n = 29) – мұғалімдердің интеграцияны идея ретінде емес, оқу уақытының шектеулілігіне тәжірибелік шешім ретінде қарастыратынын көрсетеді. Екінші орындағы тақырып – «пәндер дербес оқытылуы тиіс» (27,1%, n = 19) – дәстүрлі пәндік оқыту үлгісінің мұғалімдер арасында әлі де берік орын алатынын меңзейді. Материалдық-техникалық база мен бағдарлама жаңартуына қатысты жауаптар тең үлеспен (10,0%; n = 7 + n = 7) бөлінді; бұл интеграцияның алдындағы тосқауылдардың ресурстық та, нормативтік те сипатта болатынын көрсетеді.

С1 сұрағы бойынша пайыздардың жиынтығы дөңгелектеу нәтижесінде 100 % болды; С4 сұрағы бойынша жиынтық 99,9% болды. Екі жағдайда да айырмашылық статистикалық дөңгелектеуден туындайды және педагогикалық зерттеулерде қолайлы деп есептеледі. С5 сұрағының бастапқы нұсқасындағы n = 16 мәні статистикалық өңдеу кезінде n = 17-ге (17/102 = 16,7%) түзетілді; жаңартылған жиынтық: 47 + 38 + 17 = 102 (пайыздар жиынтығы = 100,1%, дөңгелектеу нормасы шегінде).

Арнайы ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді теориялық талдау және Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің сарбаздарының дене дайындығына қойылатын нормативтік талаптарды өз зерттеулерімізбен салыстыру жоғары сынып оқушыларының Дене шынықтыру деңгейінің төмендігі олардың болашақта әскери қызметке сәтті бейімделуіне кедергі келтіретіні анықталды. Дәстүрлі Дене шынықтыру және Алғашқы әскери және технологиялық дайындықтың мазмұны бұл мәселені шешуге жеткіліксіз. Әскери қызметке дайындаудағы оңтайлы бағыт – Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқу бағдарламасының мазмұнын Дене шынықтыру тақырыптары мен сабақтарымен байланыстыру арқылы пәндік оқытудан пәнаралық оқытуға ауысу.

Оқу бағдарламаларын талдау нәтижелері Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінің дидактикалық мақсаттарына сәйкес мазмұндық жағынан оларды интеграциялауға мүмкіндік бар екенін көрсетті. Оқу бағдарламаларындағы тақырыптық үйлесімділік Drake және Reid (2018) тұжырымымен үндеседі [2]. Жалпы алғанда, бағдарламалардағы тақырыптық сәйкестікті ескеріп, интеграцияланған сабақтарды оқу жылы бойы (4 тоқсан) жүзеге асыруға болады. Бұл болашақ әскери қызметшілердің әскери қолданбалы дене дайындығын жетілдіруге, оқушыларды шабыттандырып, пәнаралық байланыстар мен тәжірибелік бағыттылық нәтижесінде оқу материалын едәуір жоғары деңгейде игерілуін қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен екі пәннің бағдарламалық мазмұнын интеграцияны күшейту мақсатында қайта қарау бұл мүмкіндікті айтарлықтай арттыратын еді.

Зерттеудің тәжірибелік бөлімінде мұғалімдердің Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен дене шынықтыру пәндерін интеграциялық оқытуға мотивациясы мен оны жүзеге асыру дайындығы зерттелді. Сауалнама нәтижесі мұғалімдердің 80,4% -ы Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерін интеграциялық оқытуға оң немесе шартты оң позициясын көрсетті, алайда «сөзсіз қажет» деп санайтындар 35,3%-ды ғана құрайды, бұл педагогикалық қауымдастықта бірізді ұстанымның толық қалыптаспағанын

көрсетеді. Мұғалімдердің 80,4%-ының оң позициясы Spelt және әріптестер. (2009) жоғары білімдегі интердисциплинарлық оқытуға кең қолдау барлығы туралы нәтижесімен сабақтасады [4]. Алайда 57,0%-ының интеграциялық элементтерді «сирек» қолдануы В.М. Баляйкина және т.б. (2019) принцип ретінде мойындау мен тәжірибеде жүзеге асыру арасындағы алшақтықты сипаттайтын тұжырымымен үндеседі [14]. Осы тұрғыдан алғанда, мектептегі АӘжТД пәнін оқытудың өзекті мәселелерін қарастырған отандық зерттеулердің болуы да аталған пәнді жетілдіру мәселесінің маңыздылығын көрсетеді [15].

Prontenko және әріптестер (2024) кадеттердің қолданбалы дағдыларын дамытуда кешенді бағдарламалардың тиімділігін көрсеткен [10]; Burley et al. (2018) алдын ала дайындық деңгейінің бейімделу нәтижесіне ықпалын анықтаған [11] – бұл Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен дене шынықтыруды кіріктіріп оқытудың теориялық негізін нығайтады.

Интеграцияның жүйелі жүзеге асырылмауының бірнеше себебі бар. Біріншіден, аптасына 1 сағат шектеулігі бинарлы сабақтарды жоспарлауда ұйымдастырушылық кедергі туындатады. Екіншіден, 10,0%-ының материалдық базаны, тағы 10,0%-ының бағдарламаны жаңарту қажеттігін атауы интеграцияның нормативтік-ұйымдастырушылық деңгейде жеткілікті қамтамасыз етілмегенін меңзейді. Үшіншіден, 27,1%-ының дәстүрлі пәндік жүйені қолдауы дәстүрлі пәндік оқыту үлгісінің сақталуын көрсетеді. 43,1%-ының сабақтан тыс форматты таңдауы клуб, жарыс, секция форматында интеграцияға ықтимал қызығушылықтың жоғары екенін меңзейді.

Зерттеудің бірқатар шектеулері бар. Біріншіден, ыңғайлы-мақсатты іріктеме нәтижелерді жалпылау мүмкіндігін шектейді. Екіншіден, сипаттамалық дизайн себеп-салдарлық байланыстарды анықтауға мүмкіндік бермейді. Үшіншіден, сауалнама мұғалімдердің декларативті пікірін өлшейді, бірақ іс жүзіндегі іске асыру дағдысын өлшемейді. Төртіншіден, зерттеу тек 10-сынып бағдарламасымен шектелген.

Мектептік деңгейде Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру мұғалімдерінің бірлескен тоқсандық жоспарлауын ұйымдастыру және «Жас сарбаз», «Айбын», «Қалқан» әскери-спорттық ойын бағдарламаларын интеграцияның тәжірибелік платформасы ретінде пайдалану мүмкін. Нормативтік деңгейде бинарлы сабақ форматын типтік оқу жоспарына енгізу мүмкіндігін қарастыруға болады. ЖОО деңгейінде болашақ мұғалімдерді дайындауда интеграция әдістемесі бойынша модуль қосу болашақ зерттеулердің бағыты ретінде қарастырылуы мүмкін.

Жалпы алғанда, зерттеу барысында алынған нәтижелер үш негізгі педагогикалық ахуалды айқындайды:

1. Интеграциялық оқытуға қатысты мұғалімдердің кәсіби қызығушылығы бар.

2. Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінің интеграциялық оқытылуын тәжірибелік іске асыру жүйелі сипатқа ие емес.

3. Педагогикалық ортада интеграциялық оқыту туралы тұжырымдамалық және әдістемелік бірізділік толық қалыптаспаған.

Көптеген зерттеулердің жүргізілгеніне қарамастан, болашақ сарбаздың тұлғасына қойылатын талаптардың артуына, білім саласындағы реформалар мен әлеуметтік-педагогикалық жағдайлардың өзгеруіне байланысты мақалада көтерілген мәселе жақын болашақта өзекті болып қала береді. Қазақстанның жалпы орта білім беру жүйесіндегі Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен Дене шынықтыру пәндерінің оқу бағдарламалары тақырыптық мазмұндық деңгейде салыстырмалы түрде саралауды, мектеп мұғалімдерінің интеграциялық оқытуды жүзеге асыруға деген дайындығы мен ұстанымдарын зерттеуді, интеграцияланған сабақтарды ұйымдастырудың педагогикалық алғышарттары анықтауды, оның әдістемесін жасауды жалғастыру қажет.

Қорытынды

Зерттеу мақсатына сәйкес жалпы білім беретін мектептің 10-сынып оқушыларын Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет етуге даярлауда АӘжТД мен ДШ пәндерін интеграциялық оқытудың педагогикалық мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған зерттеу үш кезеңде жүзеге асырылды.

Бірінші кезеңде отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізіліп, пәнаралық интеграцияның, әскери-қолданбалы дене дайындығының және интеграциялық оқытудың ғылыми-теориялық негіздері айқындалды.

Екінші кезеңде АӘжТД мен ДШ пәндерінің 10-сынып оқу бағдарламаларына жүйелік-салыстырмалы талдау жүргізіліп, төрт тоқсанның барлығында тақырыптық сәйкестіктің және ортақ дидактикалық мақсаттардың бар екені анықталды. Бұл аталған пәндерді оқу жылы бойы интеграциялық негізде ұйымдастыруға бағдарламалық мүмкіндік бар екенін көрсетті.

Үшінші кезеңде жүргізілген сауалнамалық зерттеу мұғалімдердің 80,4%-ы интеграциялық оқытуды қолдайтынын, алайда оны жүйелі түрде қолданатындардың үлесі 28,4% ғана екенін көрсетті. Сонымен қатар, интеграцияны жүзеге асырудың негізгі кедергілері ретінде АӘжТД пәніне бөлінген оқу уақытының шектеулілігі, материалдық-техникалық базаның жеткіліксіздігі және нормативтік-әдістемелік қолдаудың жеткіліксіздігі анықталды.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер АӘжТД мен ДШ пәндерін интеграциялық форматта оқытудың бағдарламалық және педагогикалық алғышарттарының бар екенін көрсетеді. Бұл нәтижелер жалпы білім беретін мектептерде интеграциялық оқытуды ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін толықтыруға мүмкіндік береді және оны білім беру тәжірибесіне енгізудің қажеттілігін көрсетеді.

Практикалық тұрғыдан бинарлы сабақтарды ұйымдастыру, «Жас сарбаз», «Айбын», «Қалқан» әскери-патриоттық бағдарламаларын интеграциялық оқытудың тәжірибелік алаңы ретінде пайдалану және алғашқы әскери және технологиялық дайындық пен дене шынықтыруды интеграциялық оқытуда практикалық-бағдарлы және құзыреттілікке негізделген оқыту әдістерін күшейтуді қажет етеді. Білім алушыларды әскери-қолданбалы жаттығуларды, тактикалық тапсырмаларды, дене дайындығы элементтерін және заманауи технологияларды (цифрлық тренажерлар, виртуалды модельдеу, бейнеталдау, мобильді қосымшалар) біріктіретін кешенді жобаларды орындауға бағыттау орынды болып табылады. Аталған ұсыныстарды іске асыру интеграциялық оқытудың жүйелі түрде жүзеге асырылуына және педагогикалық ортада әдістемелік бірізділіктің қалыптасуына ықпал етуі мүмкін.

Болашақ зерттеулерде интеграцияланған сабақтардың тиімділігін эксперименттік тұрғыдан бағалау, интеграциялық оқытудың ғылыми-әдістемелік моделін әзірлеу және сабақтан тыс жұмыстарда оны қолдану мүмкіндіктерін зерттеу маңызды ғылыми бағыттар болып табылады.

Авторлардың үлесі:
Ислямов Б.Б. – зерттеуді басқарды, әдістемені жасады және мақаланы ғылыми өңдеді.
Джакубакынов Б.Б. – зерттеуді жүргізді, нәтижелерді талдады, мақаланы жазуға және өңдеуге қатысты.
Төлегенұлы Н. – деректерді жинау және өңдеумен айналысты, нәтижелерді рәсімдеуге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Білім туралы (2007). Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы [Электрондық ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (қаралған күні: 04.03.2026).

2 Drake S.M., Reid J.L. Integrated curriculum as an effective way to teach 21st-century capabilities // Asia Pacific Journal of Educational Research. – 2018. – Vol. 1, No. 1. – P. 31–50. DOI: https://doi.org/10.30777/apjer.2018.1.1.03

3 Boluk K.A. Integrated Curriculum Design: An Empowering and Engaging Pedagogical Approach Preparing 21st Graduates // SCHOLE: A Journal of Leisure Studies and Recreation Education. – 2022. – Vol. 38, No. 3. – P. 224–229.

4 Spelt E.J.H., Biemans H.J.A., Tobi H., Luning P.A., Mulder M. Teaching and learning in interdisciplinary higher education: A systematic review // Educational Psychology Review. – 2009. – Vol. 21, No. 4. – P. 365–378. DOI: https://doi.org/10.1007/s10648-009-9113-z

5 Шолпанқұлова Г.К., Колумбаева Ш.Ж., Махметова Б.Т. Пәнаралық интеграция негізінде болашақ педагогтардың цифрлық дағдыларын дамыту // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020. – № 4 (68). – Б. 95–101.

6 Керимбаева Р.Қ., Шауенова М.А. Білім беруді интеграциялаудың теориялық негіздері // Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. «Педагогика ғылымдары» сериясы. – Алматы, 2020. – № 2 (66). – Б. 55–60.

7 Nikiforov A.V., Mukhamejanova S.Sh. The establishment and development of a system of physical training in the Kazakhstan army // Physical Education of Students. – 2017. – Vol. 21, No. 1. – P. 37–44. DOI: https://doi.org/10.15561/20755279.2017.0106

8 Уанбаев Е.Қ. Дене мәдениеті және спорт теориясы мен әдіснамасы: оқулық. – 8-ші басылым, өңделіп толықтырылған. – Алматы: Үш Қиян, 2010. – 384 б.

9 «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдама [Электрондық ресурс]. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 122 б. URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/Metod%20usynymdama/2017/skeri-zhne-tekhnologiyaly-dayyndy-pnin-oytu-boyynsha-distemelik-synymdama.pdf (қаралған күні: 08.05.2026).

10 Prontenko K., Okhrimenko I., Bloshchynskyi I., Serednytska I., Chornous V., Tytovych A., Masol V., Zakopailo S., Kryvenko Y. Effectiveness of the methodology for the development of cadets' motor and military-applied skills during orienteering training sessions: a case-control study // Open Sports Sciences Journal. – 2024. – Vol. 17. – P. 1–15. DOI: https://doi.org/10.2174/011875399X311131240625093447

11 Burley S.D., Drain J.R., Sampson J.A., Groeller H. Positive, limited and negative responders: The variability in physical fitness adaptation to basic military training // Journal of Science and Medicine in Sport. – 2018. – Vol. 21. – P. 1168–1172. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jsams.2018.06.018

12 Nulty D.D. The adequacy of response rates to online and paper surveys: What can be done? // Assessment & Evaluation in Higher Education. – 2008. – Vol. 33, No. 3. – P. 301–314. DOI: https://doi.org/10.1080/02602930701293231

13 George D., Mallery P. SPSS for Windows step by step: A simple guide and reference. – 4th ed. – Boston: Allyn & Bacon, 2003. – 400 p.

14 Баляйкина В.М., Маскаева Т.А., Лабутина М.В., Чегодаева Н.Д. Межпредметные связи как принцип интеграции обучения // Современные проблемы науки и образования. – 2019. – № 6. – С. 45–52.

15 Джакубакынов Б.Б., Төлегенұлы Н. Мектепте «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнін оқытудың өзекті мәселелері // Dulaty University хабаршысы. – 2024. – № 1. – Б. 57–66. DOI: https://doi.org/10.55956/HSYH8662

REFERENCES:

1 Qazaqstan Respublikasynyñ «Bilim turaly» Zańy (2007). Qazaqstan Respublikasynyñ 2007 zhylğy 27 şıldedegı № 319 Zańy [Law of the Republic of Kazakhstan “On Education”]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319_ (accessed: 04.03.2026) (in Kazakh)

2 Drake S.M., Reid J.L. (2018). Integrated curriculum as an effective way to teach 21st-century capabilities. Asia Pacific Journal of Educational Research, vol. 1, no. 1, pp. 31–50. DOI: https://doi.org/10.30777/apjer.2018.1.1.03

3 Boluk K.A. (2022). Integrated Curriculum Design: An Empowering and Engaging Pedagogical Approach Preparing 21st Graduates. SCHOLE: A Journal of Leisure Studies and Recreation Education, vol. 38, no. 3, pp. 224–229.

4 Spelt E.J.H., Biemans H.J.A., Tobi H., Luning P.A., Mulder M. (2009). Teaching and learning in interdisciplinary higher education: A systematic review. Educational Psychology Review, vol. 21, no. 4, pp. 365–378. DOI: https://doi.org/10.1007/s10648-009-9113-z

5 Sholpanqulova G.K., Kolumbaeva Sh.Zh., Mahmetova B.T. (2020). Pänaralyq integrasia negızında bolaşaq pedagogtardyñ cifrlyq dağdylaryn damytu [Development of digital skills of future teachers based on interdisciplinary integration]. Abai atyndağy QazŪPU Habarshysy. «Pedagogika ğylymdary» seriasy, no. 4 (68), pp. 95–101. (in Kazakh)

6 Kerimbaeva R.Q., Shauenova M.A. (2020). Bılım berudı integrasialaudyñ teorialyq negızderı [Theoretical foundations of educational integration]. Abai atyndağy QazŪPU Habarshysy. «Pedagogika ğylymdary» seriasy, no. 2 (66), pp. 55–60. (in Kazakh)

7 Nikiforov A.V., Mukhamejanova S.Sh. (2017). The establishment and development of a system of physical training in the Kazakhstan army. Physical Education of Students, vol. 21, no. 1, pp. 37–44. DOI: https://doi.org/10.15561/20755279.2017.0106

8 Uanbaev E.Q. (2010). Dene mädenietı jäne sport teoriasy men ädıstemanasy: oqulyq [Theory and methodology of physical culture and sport: textbook]. 8th ed., revised and supplemented. Almaty: Üsh Qıian, 384 p. (in Kazakh)

9 «Alğaşqy äskerı jäne tehnologialyq daiyndyq» pänın oqytu boiynsha ädıstemelık usynymdama (2017) [Methodological recommendations for teaching the subject “Initial Military and Technological Training”]. Astana: Y. Altynsarin atyndağy Ūlttyq bılım akademiasy, 122 p. URL: https://uba.edu.kz/storage/app/media/Metod%20usynymdama/2017/skeri-zhne-tekhnologiyaly-dayyndy-pnin-oytu-boyynsha-distemelik-synymdama.pdf (accessed: 08.05.2026) (in Kazakh)

10 Prontenko K., Okhrimenko I., Bloshchynskyi I., Serednytska I., Chornous V., Tytovych A., Masol V., Zakopailo S., Kryvenko Y. (2024). Effectiveness of the methodology for the development of cadets' motor and military-applied skills during orienteering training sessions: a case-control study. Open Sports Sciences Journal, vol. 17, pp. 1–15. DOI: https://doi.org/10.2174/011875399X311131240625093447

11 Burley S.D., Drain J.R., Sampson J.A., Groeller H. (2018). Positive, limited and negative responders: The variability in physical fitness adaptation to basic military training. Journal of Science and Medicine in Sport, vol. 21, pp. 1168–1172. DOI: https://doi.org/10.1016/j.jsams.2018.06.018

12 Nulty D.D. (2008). The adequacy of response rates to online and paper surveys: What can be done? Assessment & Evaluation in Higher Education, vol. 33, no. 3, pp. 301–314. DOI: https://doi.org/10.1080/02602930701293231

13 George D., Mallery P. (2003). SPSS for Windows step by step: A simple guide and reference. 4th ed. Boston: Allyn & Bacon, 400 p.

14 Baliaikina V.M., Maskaeva T.A., Labutina M.V., Chegodaeva N.D. (2019). Mezhpredmetnye sviazi kak printsip integratsii obucheniia [Interdisciplinary connections as a principle of learning integration]. Sovremennye problemy nauki i obrazovaniia, no. 6, pp. 45–52. (in Russian)

15 Dzhakubakynov B.B., Tölegenūly N. (2024). Mektepte «Alğaşqy äskerı jäne tehnologialyq daiyndyq» pänın oqytudyñ özektı mäseleleri [Current issues of teaching the subject "Initial Military and Technological Training" at school]. Dulaty University habarshysy, no. 1, pp. 57–66. DOI: https://doi.org/10.55956/HSYH8662 (in Kazakh)

ВОЗМОЖНОСТИ ИНТЕГРАЦИОННОГО ОБУЧЕНИЯ НАЧАЛЬНОЙ ВОЕННОЙ И ТЕХНОЛОГИЧЕСКОЙ ПОДГОТОВКИ И ФИЗИЧЕСКОЙ КУЛЬТУРЫ

Ислямов Б.Б.[*], *Джакубакынов Б.Б., Толегенулы Н.*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,
Республика Казахстан, г. Алматы
[*]*e-mail: b.islyamov@abaiuniversity.edu.kz, beibit-22@mail.ru, nurzhan_tolegenu@mail.ru*

Аннотация. В статье рассматриваются педагогические возможности интегрированного преподавания предметов «Начальная военная и технологическая подготовка» (НВПТ) и «Физическая культура» (ФК) при подготовке учащихся 10-го класса общеобразовательной школы к службе в Вооруженных силах Республики Казахстан. Цель исследования – выявить педагогические возможности интегрированного преподавания этих предметов как средства повышения уровня военной физической подготовки учащихся старших классов. В исследовании использовался смешанный исследовательский подход: был проведен систематический сравнительный анализ учебных программ, а также опрос 102 учителей общеобразовательных школ Казахстана (64 учителя общеобразовательных школ, 38 учителей средних школ) с использованием платформы Google Forms (уровень ответа – 69,4%). Внутренняя надежность анкеты оценивалась с помощью коэффициента альфа Cronbach (α = 0,71). Количественные данные обрабатывались в программе IBM SPSS Statistics 26.0, а тематический контент-анализ проводился на основе ответов в свободной форме. Сравнительный анализ учебных программ показал, что тематическое сходство существует во всех четырех семестрах предметов НВПТ и ФК, и что наблюдаются общие дидактические цели, которые служат основой для их интегрированного обучения. Согласно результатам опроса, 80,4% учителей полностью или условно поддерживают инклюзивное образование. Однако доля тех, кто использует его систематически, составила всего 28,4%, что указывает на существенный разрыв между позитивным отношением учителей к инклюзивному образованию и уровнем его практического применения. В качестве основных препятствий для реализации интеграции были определены ограниченное время, отведенное на изучение темы НВПТ (1 час в неделю), недостаточная материально-техническая база, а также недостаточная нормативно-методическая поддержка. Результаты исследования показали, что существует программная основа для преподавания предметов НВПТ и ФК в интегрированном формате и что такой подход находит педагогическую поддержку со стороны учителей. Кроме того, для широкого внедрения интегрированного обучения в образовательную практику необходимо улучшить нормативно-правовую, методологическую и организационную поддержку.

Ключевые слова: *начальная военная и технологическая подготовка, физическая культура, интеграционное обучение, военно-прикладная физическая подготовка, старшеклассники, опрос.*

INTEGRATED TEACHING OF INITIAL MILITARY AND TECHNOLOGICAL TRAINING AND PHYSICAL EDUCATION

B. Islyamov[*], *B. Dzhakubakinov, N. Tolegenuly*

Abai Kazakh National Pedagogical University, Republic of Kazakhstan, Almaty,
[*]*e-mail: b.islyamov@abaiuniversity.edu.kz, beibit-22@mail.ru, nurzhan_tolegenu@mail.ru*

Abstract. This article examines the pedagogical potential of integrated teaching of the subjects 'Basic Military and Technical Training' (BMTT) and 'Physical Education' (PE) in preparing year 10 pupils at general secondary schools for service in the Armed Forces of the Republic of Kazakhstan. The aim of the study is to identify the pedagogical potential of integrated teaching of these subjects as a means of improving the level of military physical training among upper-secondary school pupils. The study employed a mixed-methods approach: a systematic comparative analysis of curricula was carried out, and a survey of 102 teachers from general education schools in Kazakhstan (64 teachers from general education schools and 38 teachers from secondary schools) was conducted using the Google Forms platform (response rate: 69.4%). The internal reliability of the questionnaire was assessed using Cronbach's alpha (α = 0,71). Quantitative data were analysed using IBM SPSS Statistics 26.0, whilst thematic content analysis was carried out on the basis of open-ended responses. A comparative analysis of the curricula has shown that there are thematic similarities across all four semesters of the BMTT and PE modules, and that there are common didactic objectives which form the basis for their integrated teaching. According to the survey results, 80.4% of teachers fully or to some extent support inclusive education. However, the proportion of those who use it systematically stood at just 28.4 per cent, indicating a significant gap between teachers' positive attitudes towards inclusive education and the extent to which it is actually put into practice. The main obstacles to the implementation of integration were identified as the limited time allocated to studying the subject of BMTT (1 hour per week), insufficient material and technical resources, and a lack of regulatory and methodological support. The results of the study showed that there is a curricular framework for teaching BMTT and PE subjects in an integrated format, and that this approach is supported by teachers. Furthermore, in order to ensure the widespread implementation of integrated learning in educational practice, it is necessary to improve regulatory, methodological and organisational support.

Keywords: *basic military and technical training, physical education, integrated learning, military-oriented physical training, upper-secondary school pupils, survey.*

Авторлар туралы мәліметтер:

Ислямов Берік Ботабайұлы[*] – докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: b.islyamov@abaiuniversity.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0915-8555).

Джакубакынов Бейбіт Бектұрсынұлы – әскери ғылымдардың докторы, доцент, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: beibit-22@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5837-7685).

Төлегенұлы Нұржан – PhD, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nurzhan_tolegenu@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4906-5051).

Сведения об авторах:

Ислямов Берик Ботабаевич[*] – докторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: b.islyamov@abaiuniversity.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0915-8555).

Джакубакынов Бейбит Бектурсынович – доктор военных наук, доцент, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: beibit-22@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5837-7685).

Толегенулы Нуржан – PhD, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Казахстан, г. Алматы, e-mail: nurzhan_tolegenu@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4906-5051).

Information about authors:

Islyamov Berik[*] – Doctoral student, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: b.islyamov@abaiuniversity.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-0915-8555).

Dzhakubakinov Beibit – Doctor of Military Sciences., Associate Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: beibit-22@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5837-7685).

Tolegenuly Nurzhan – PhD, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: nurzhan_tolegenu@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0003-4906-5051).

МРНТИ 14.35.09 DOI 10.53355/ZHU.2026.120.3.012

ФОРМИРОВАНИЕ ГОТОВНОСТИ БУДУЩИХ ДОШКОЛЬНЫХ ПЕДАГОГОВ К ИСПОЛЬЗОВАНИЮ ИННОВАЦИОННЫХ ТЕХНОЛОГИЙ В ВУЗЕ

*Капенова А.А.** , *Туздыбаева А.Т.* , *Саудаш З.М* , *Секенова Ә.С.*

Казахский национальный женский педагогический университет,
Республика Казахстан, г. Алматы
**e-mail: kapenova.a@qyzpu.edu.kz, tuzdybayeva.a@qyzpu.edu.kz, saudash.z@qyzpu.edu.kz, asekenova94@gmail.com*

Аннотация. В статье рассматривается проблема формирования готовности будущих педагогов дошкольного образования к педагогически обоснованному использованию инновационных технологий в профессиональной деятельности. Актуальность исследования обусловлена тем, что цифровые платформы в дошкольной сфере должны применяться не формально, а с учётом возрастных особенностей детей, образовательных задач, безопасности и развивающего характера взаимодействия. Цель исследования – определить эффективность модуля по инновационным технологиям, включённого в содержание специального элективного курса для студентов педагогического вуза. Исследование было организовано в формате квазиэксперимента среди студентов 3-го курса образовательной программы «Дошкольное обучение и воспитание». В выборку вошли 63 студента: 30 – в экспериментальную группу и 33 – в контрольную. Формирующий этап проходил с 5 сентября по 20 декабря 2025 года и включал выполнение профессионально ориентированных заданий с использованием Canva, Padlet, LearningApps, Wordwall и Google Forms. Диагностика осуществлялась с помощью анкеты из 15 утверждений, отражающих когнитивный, операционально-практический и мотивационно-ценностный компоненты готовности. Надёжность инструмента подтверждена коэффициентом Cronbach's alpha: 0,86 на входном этапе и 0,88 на итоговом. Для анализа данных использовались описательная статистика, U-критерий Манна–Уитни, критерий Уилкоксона и χ^2 Пирсона. Суммарный показатель готовности в экспериментальной группе вырос с 42,6 ± 6,1 до 54,4 ± 4,9 балла, тогда как в контрольной группе – с 43,1 ± 5,8 до 45,1 ± 5,1 балла. Итоговые различия между группами были статистически значимыми ($p < 0,001$). Полученные результаты подтверждают эффективность практико-ориентированного модуля и показывают, что подготовка будущих педагогов усиливается при соединении цифровых инструментов с педагогическим проектированием.

Ключевые слова: *дошкольное образование, будущие педагоги, инновационные технологии, цифровые платформы, профессиональная подготовка, готовность к использованию технологий, элективный курс.*

Введение

Цифровая трансформация образования в последние годы стала одним из факторов, непосредственно влияющих на содержание профессиональной подготовки будущего педагога. В современных программах педагогического образования цифровая компетентность рассматривается не как совокупность отдельных технических навыков, а как интегративное профессиональное качество, включающее педагогическое проектирование, безопасное и этически ответственное использование цифровых средств, организацию взаимодействия и оценивание образовательных результатов [1]. В связи с этим вузовская подготовка не может ограничиваться ознакомлением студентов с отдельными цифровыми сервисами. Более значимой задачей становится формирование готовности будущих педагогов к осмысленному включению инновационных технологий в профессиональную практику.

Особую актуальность данная проблема приобретает в подготовке будущих педагогов дошкольного образования. В этой сфере цифровые инструменты должны соотноситься не только с образовательными задачами, но и с возрастными особенностями ребёнка, условиями социализации, развитием речи, игровой деятельности и познавательной активности. Поэтому подготовка студентов дошкольного профиля требует не механического освоения цифровых платформ, а понимания их педагогической целесообразности и границ применения.

Исследования последних лет показывают, что цифровая и инновационная подготовка будущих педагогов остаётся одной из значимых проблем педагогического образования. Так, D. Masoumi [2], анализируя подготовку будущих педагогов дошкольного профиля, отмечает, что студенты и преподаватели признают важность цифровых технологий, однако сами студенты нередко ощущают недостаточную готовность к их педагогически обоснованному применению. Сходные выводы представлены в систематическом обзоре W. Luo et al. [3], где подчёркивается, что цифровая трансформация раннего образования невозможна без целенаправленного развития технологической уверенности и профессиональных компетенций педагогов. В современных исследованиях также подчёркивается, что цифровая компетентность в дошкольном образовании не сводится к владению устройствами или приложениями. Она предполагает критичность, этическую ответственность, умение проектировать развивающую среду и использовать технологии как средство поддержки активности ребёнка, а не как самоцель [4, 5].

Для высшей школы это означает необходимость пересмотра самой логики подготовки будущих педагогов. Если ранние модели цифровизации были сосредоточены главным образом на техническом освоении инструментов, то более новые подходы исходят из того, что будущий учитель должен уметь отбирать цифровые средства в соответствии с образовательной задачей, проектировать интерактивные формы работы, организовывать сотрудничество, получать обратную связь и оценивать педагогическую целесообразность использования платформ и сервисов [1, 6, 7]. Отдельную роль играет и субъективный компонент: убеждения будущих педагогов относительно собственных ICT-компетенций, их уверенность и готовность применять технологии в обучении прямо связаны с успешностью последующей интеграции цифровых решений в практику [8]. Эмпирические данные, полученные в разных странах, также показывают, что позитивное отношение студентов к цифровым форматам само по себе ещё не гарантирует их профессиональной готовности: необходимы специально организованные модули, в которых цифровые платформы осваиваются в прикладной педагогической логике [9, 10].

Особую актуальность проблема приобретает в системе дошкольного образования. В этой сфере технологии не могут вводиться механически по аналогии со школой или вузом. Напротив, они требуют более тонкого отбора и более осторожной педагогической адаптации. В работах, посвящённых раннему детству, подчёркивается, что цифровые средства должны поддерживать исследовательскую активность ребёнка, общение, наглядность, творческое самовыражение и совместную деятельность, а не подменять живое взаимодействие или превращаться в источник формальной цифровизации [4, 5, 11]. Следовательно, будущий педагог дошкольного образования должен быть подготовлен не просто к использованию отдельных платформ, а к профессиональному выбору адекватных цифровых решений с учётом целей обучения и воспитания, особенностей возраста и принципов безопасной образовательной среды.

Для Казахстана эта проблема имеет дополнительное значение, поскольку модернизация дошкольного и педагогического образования сопровождается ростом интереса к инновационной деятельности, цифровым формам обучения и обновлению содержания подготовки специалистов. В казахстанском исследовательском поле внимание уделяется как возможностям мультимедийных технологий в совершенствовании дошкольного образовательного процесса, так и формированию логико-информационной культуры педагогов дошкольных организаций, что подтверждает значимость цифровой и информационной подготовки специалистов данного профиля [12, 13]. Вместе с тем отечественные публикации показывают, что обсуждение инноваций в дошкольной сфере чаще сосредоточено либо на деятельности уже работающих педагогов дошкольных организаций, либо на общих вопросах развития образовательных программ. Так, Тайтелиева [14] акцентирует внимание на развитии инновационной деятельности педагогов дошкольных организаций, а Токатлыгиль, Салиева, Кармелюк, Мамбеталина и Жумабекова [15] поднимают

вопрос о содержательном наполнении образовательных программ направления «Дошкольное воспитание и обучение» в казахстанских вузах. Однако именно экспериментально подтверждённых работ, посвящённых формированию готовности студентов дошкольного профиля к использованию инновационных технологий в рамках специально организованного вузовского модуля, по-прежнему недостаточно. Тем самым обнаруживается противоречие между растущим запросом на педагога, способного профессионально использовать цифровые и инновационные инструменты, и недостаточной разработанностью педагогических условий формирования такой готовности у студентов в вузе.

Теоретическая значимость настоящего исследования состоит в уточнении представлений о структуре готовности будущих педагогов дошкольного образования к использованию инновационных технологий как комплексного качества, включающего когнитивный, операционально-практический и мотивационно-ценностный компоненты. Практическая значимость определяется возможностью использования результатов исследования при обновлении содержания элективных курсов, ориентированных на цифровую и инновационную подготовку студентов педагогических направлений. Цель исследования – определить эффективность модуля по инновационным технологиям, реализованного в рамках специального элективного курса, для формирования готовности студентов образовательной программы «Дошкольное обучение и воспитание» к использованию инновационных технологий. В соответствии с целью была выдвинута гипотеза: если в вузовскую подготовку студентов включить модуль, основанный на педагогически целесообразном использовании цифровых платформ, то уровень их готовности к применению инновационных технологий в будущей профессиональной деятельности повысится по сравнению с традиционным форматом обучения.

Материалы и методы

Исследование было организовано в формате квазиэксперимента с участием экспериментальной и контрольной групп. Выбор данного дизайна был обусловлен реальными условиями вузовской подготовки, поскольку распределение студентов по академическим группам не предполагало случайной рандомизации. Исследование проводилось в первом семестре 2025–2026 учебного года на базе педагогического вуза Казахстана среди студентов 3 курса образовательной программы «Дошкольное обучение и воспитание». В исследовании приняли участие 63 студента: 30 вошли в экспериментальную группу, 33 – в контрольную группу.

Исходя из анализа работ, посвящённых цифровизации педагогического образования и внедрению инновационных технологий в подготовку будущих педагогов, была сформулирована гипотеза: если в структуру специального элективного курса включить модуль по инновационным технологиям с использованием цифровых платформ, то уровень готовности студентов к применению инновационных технологий в будущей профессиональной деятельности повысится значительнее, чем при традиционном обучении.

Формирующий этап проводился в рамках специального элективного курса с 5 сентября по 20 декабря 2025 года. Занятия проводились два раза в неделю. В экспериментальной группе был внедрён модуль по инновационным технологиям, направленный на педагогически обоснованное использование цифровых платформ в дошкольном образовании. В содержание модуля вошли Canva, Padlet, LearningApps, Wordwall и Google Forms. Указанные платформы использовались не как самостоятельный объект изучения, а как инструменты для разработки наглядных материалов, интерактивных заданий, организации совместной работы, получения обратной связи и проведения рефлексии. В контрольной группе обучение проходило в традиционном формате, без целенаправленного внедрения данного модуля.

Содержание формирующего воздействия было представлено несколькими взаимосвязанными блоками, обеспечивающими постепенное развитие готовности студентов к применению инновационных технологий. Структура курса представлена в таблице 1.

Таблица 1 – Структура специального элективного курса по инновационным технологиям

Модульный блок	**Содержание работы**	**Цифровые платформы**	**Формируемый результат**
Теоретические основы	Понятие инновационных технологий в дошкольном образовании, их функции и педагогическая целесообразность	презентационные материалы, Google Forms	понимание сущности и возможностей инновационных технологий
Визуализация учебного материала	Разработка карточек, наглядных пособий, мини-презентаций, дидактических материалов	Canva	умение создавать визуально организова-нные образовательные материалы
Интерактивные задания	Конструирование игровых упражнений и заданий для детей дошкольного возраста	LearningApps, Wordwall	умение проектировать интерактивные формы работы
Тұжырым-дамалық үлгілеу әдісі	Өзара байланыс логикасы мен басқару тетіктерін әзірлеуді қоса алғанда, әл-ауқатты басқарудың үш компонентті үлгісін құру (жеке, командалық, институционалдық деңгейлер).	3-міндетті шешу: үш компонентті үлгіні әзірлеу.
Дедуктивті және индуктивті әдістер	Дедуктивті тәсіл әл-ауқаттың теориялық үлгілері негізінде көрсеткіштерді (KPI) тұжырымдау үшін қолданылды. Индуктивті тәсіл – реактивті менеджменттен проактивті менеджментке көшудің практикалық стратегияларын қорытындылау үшін.	4 және 5-міндеттерді шешу: көрсеткіштерді анықтау және көшуді негіздеу.

Зерттеу кезең-кезеңімен жүргізілді.

1-ші – **диагностикалық-талдамалық** – кезеңде әл-ауқаттың теориялық негіздерін зерттеу, шолу деректеріне сүйене отырып [2, 4], педагогтар арасындағы қажудың басым себептерін анықтау жүргізілді.

2-ші – **жобалау** – кезеңі білім беру ұйымының барлық деңгейлерін қамтитын жүйелі көзқарасты [2] ескере отырып, әл-ауқатты басқарудың тұжырымдамалық үш компонентті үлгісін әзірлеуге арналды.

3-ші – **практикалық-негіздеуші** – кезеңде практикалық ұсыныстарды тұжырымдау және педагогикалық менеджменттің нақты практикасында үлгіні енгізу тиімділігін мониторингілеу және бағалау үшін қажетті негізгі тиімділік көрсеткіштерін (KPI) анықтау жүзеге асырылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Әдебиеттерге жүйелі талдау жасау және жеке профилактикадан ұйымдастырушылық мәдениетке көшу қажеттілігі негізінде педагогтердің әл-ауқатын басқарудың үш компонентті үлгісі (ҮҚАБҮ) әзірленді. Үлгі әл-ауқатқа әсер ететін факторларды үш өзара байланысты деңгейде: жеке, командалық (топтық) және институционалдық (ұйымдастырушылық) деңгейде біріктіреді.

Жеке деңгей (педагог) әрбір педагогтің жеке ресурстарын және стрессті жеңу стратегияларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл деңгейде назар симптомдармен күресуден резильенттілікті (өміршеңдікті) дамытуға және ресурстық күйге ауысады (2-кесте).

Кесте 2 – Жеке деңгей

Компонент	Мақсат	Негізгі іс-шаралар
Когнитивті-эмоционалдық резильенттілік	Стрессті жеңу қабілетін арттыру, эмоцияларды басқару.	Эмоционалды интеллект бойынша тренингтер; саналылық (mindfulness) техникалары; тайм-менеджмент және басымдықтарды орнату бойынша семинарлар.
Физикалық және денсаулықты сақтау	Физикалық ресурстарды қамтамасыз ету және отырықшы өмір салтымен және шамадан тыс жұмыспен байланысты аурулардың алдын алу.	«Салауатты өмір салты» бағдарламалары; спорт залдарына/бассейндерге қолжетімділік; «салауатты» үзілістер мен гимнастиканы ұйымдастыру.
Кәсіби автономия	Жұмыс процесін бақылау сезімін күшейту, өзіндік тиімділікті арттыру.	Оқыту әдістемесін таңдауда еркіндік беру (стандарт шеңберінде); жеке кәсіби даму жоспарлары.

Командалық (топтық) деңгей (ұжым) психологиялық қауіпсіз ортаны құруға және көлденең байланыстарды нығайтуға бағытталған, бұл шолуға сәйкес, жүйелік проблемаларды жеңу үшін өте маңызды [2] (3-кесте).

Кесте 3 – Командалық (топтық) деңгей

Компонент	Мақсат	Негізгі іс-шаралар
Психологиялық қауіпсіздік	Қызметкерлер жазаланудан немесе айыпталудан қорықпай өз идеялары мен қателерін айта алатын атмосфераны қамтамасыз ету.	«Қателерді тәжірибе ретінде» тұрақты фасилитацияланатын кездесулер; конструктивті кері байланыс бойынша командалық тренингтер; қызығушылықтар бойынша ішкі қауымдастықтар құру.
Қолдаушы қарым-қатынастар	Кафедралар/бөлімдер ішіндегі әлеуметтік капиталды және өзара көмекті нығайту.	Жас педагогтерге арналған тәлімгерлік (менторинг); Buddy-system бағдарламалары; бірлескен іс-шараларды ұйымдастыру (тимбилдинг) [14, 15].
Жүктемені әділ бөлу	Әкімшілік және сабақтан тыс міндеттерді біркелкі емес бөлуден туындаған жасырын стрессті азайту.	Сабақтан тыс жүктемені бөлудің ашық өлшемдері; әкімшілік міндеттерді ротациялау (мүмкін болса); қосымша жұмысты тану және өтеу.

Институционалдық (ұйымдастырушылық) стратегиялық деңгей (менеджмент), онда басшылық әл-ауқат мәдениетін миссияға және операциялық процестерге енгізеді, бұл сапалы менеджментті қамтамасыз ету бойынша 2023–2029 жж. тұжырымдамаларының [7, 8] талаптарына тікелей сәйкес келеді (4-кесте).

Кесте 4 – Институционалдық (ұйымдастырушылық) деңгей

Компонент	Мақсат	Негізгі іс-шаралар
Әкімшілік жүктемені азайту	Бюрократиялық рәсімдер мен құжат айналымын оңтайландыру, негізгі педагогикалық қызмет үшін уақытты босату.	Есеп беруді цифрландыру; қосалқы функциялардың бір бөлігін делегациялау; ішкі есеп берудің жиілігі мен көлеміне қойылатын талаптарды қайта қарау.
Ұйымдасты рушылық мәдениет және құндылықтар	Әл-ауқатты мекеме саясатындағы стратегиялық басымдық ретінде интеграциялау.	Ресми құжатты (әл-ауқат Хартиясын) тұжырымдау; әл-ауқат мәселелері бойынша басшылықтың тұрақты қарым-қатынасы; жетістіктерді тану (тек академиялық қана емес).
Ресурстар мен қолдауға қолжетімділік	Жүйелі, қолжетімді және құпия кәсіби көмекті қамтамасыз ету.	Қызметкерлерге арналған штаттық психолог-кеңесші лауазымын енгізу; анонимді «жедел желіні» құру; қалпына келтіру үшін ақылы күндерді ұсыну (Mental Health Days).

ҮҚАБҮ тиімділігін бағалау және проактивті менеджментке көшуді негіздеу үшін келесі көрсеткіштер ұсынылған, олар білім беру мекемелерінің басшылығына 2023-2029 жж. тұжырымдамаларын [7, 8] іске асыру шеңберінде талап етілетіндей нәтижелерді объективті өлшеуге мүмкіндік береді (5-кесте).

Кесте 5 – ҮҚАБҮ тиімділігін бағалау

Деңгей / Көрсеткіш түрі	НШК (метрика)	Мақсатты әсер	Әл-ауқатпен байланысы
Ұйымдасты рушылық (тікелей нәтиже)	Кадрлардың ауысуы (%)	Ауысу көрсеткішін жылына 5%-ға дейін төмендету.	Еңбекке қанағаттанушылық тың және ұйымдастыру шылық қолдаудың тікелей көрінісі.
Ұйымдасты рушылық (процесс)	Абсентеизм деңгейі (%) (Ауыру/жұмысқа шықпау бойынша бос қалдырулар)	Қысқа мерзімді бос қалдырулардың жиілігін азайту.	Физикалық және психологиялық денсаулық көрсеткіші.
Командалық (мәдениетті бағалау)	Психологиялық қауіпсіздік индексі (мысалы, Э. Эдмондсон шкаласы бойынша)	Орташа балл 4,0/5,0 және одан жоғары деңгейге жету.	Ұжымдағы сенімді және тәжірибе алмасуға дайындықты көрсетеді.
Командалық (жүктемені бағалау)	Әкімшілік жүктемені қабылдау индексі (анонимді сауалнама нәтиже-лері бойынша)	Жүктемені «шамадан тыс» деп санайтын респонденттердің үлесін 20%-ға дейін төмендету.	Институционалдық компонент деңгейіндегі табысты бағалау (бюрократияны азайту).

Деңгей / Көрсеткіш түрі	НШК (метрика)	Мақсатты әсер	Әл-ауқатпен байланысы
Жеке (скрининг)	Шаршау индексі (CBI, MBI)	Ұжымдағы эмоционалдық сарқылудың орташа балын жылына 10%-ға төмендету.	Профилактикалық шаралардың тиімділігін тікелей бағалау.
Жеке (ресурстарды бағалау)	Ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі ресурстарының индексі ([4] негізінде)	Орташа балды 4,0/5,0 дейін арттыру.	Резильенттілікті дамытудың жеке бағдарламаларының жетістігін көрсету.

Педагогтердің әл-ауқатын басқару мәселесін талқылау барысында әлеуметтік қолдау желілерінің, позитивті психологиялық модельдердің және менторлық сүйемелдеудің маңызы ерекше айқындалады. Ауылдық мектептер жағдайында әлеуметтік қолдау желілерін күшейту педагогтердің оқшауланuын төмендетіп, кәсіби тұрақтылығын арттыруға ықпал етеді. Сонымен бірге PERMA моделі әл-ауқатты тек күйзелістің болмауы ретінде емес, позитивті эмоциялар, іске берілу, қарым-қатынас, мағына және жетістік арқылы қалыптасатын кешенді жағдай ретінде түсіндіруге мүмкіндік береді [18]. Әл-ауқат модельдерінің құрылымы мен салаларын жүйелеуге арналған зерттеулер де бұл ұғымның көпөлшемді сипатын дәлелдейді. Практикалық тұрғыдан алғанда, коучингтік дағдылар мен менторлық қолдау педагогтердің психологиялық қауіпсіздігін, кәсіби сенімділігін және жұмысқа қатысу деңгейін арттырудың тиімді тетіктері ретінде қарастырылады. Осы деректер педагогтердің әл-ауқатын басқаруда жеке психологиялық қолдаумен қатар, әлеуметтік байланыстарды, менторлық жүйені және қолдаушы кәсіби ортаны дамыту қажет екенін көрсетеді.

Әзірленген педагогтердің әл-ауқатын басқарудың үш компонентті үлгісі (ҮҚАБҮ) позитивті психология (PERMA) тәсілдері мен ұйымдастырушылық әл-ауқатқа жүйелі көзқарастың синтезін білдіреді.

Жеке деңгейдің компоненттері (когнитивті-эмоционалдық резильенттілік, кәсіби автономия) PERMA элементтерімен (Engagement, Accomplishment) тікелей байланысты және педагогтердің ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі ресурстарының төмен деңгейі туралы эмпирикалық зерттеулерде анықталған жекелендірілген қолдау қажеттілігіне сәйкес келеді [4]. Алайда, ҮҚАБҮ автономияны қолдау үшін институционалдық тетіктерді ұсына отырып, өзіне-өзі көмектесу шеңберінен шығады.

Тек қана жеке тренингтерге бағытталған дәстүрлі, «жұмсақ» әл-ауқат (well-being) бағдарламаларынан айырмашылығы, ҮҚАБҮ командалық және институционалдық деңгейлерге шешуші назар аударады. Бұл Лондон мен Грант-Смиттің жағымды қарым-қатынастар мен ұйымдастырушылық қолдаудың жүйелік проблемаларды жеңудің шешуші элементтері болып табылатыны туралы қорытындыларына сәйкес келеді [2]. Мұндай көп деңгейлі бастамалардың тиімділігі П. Патрик және басқалардың зерттеуінде расталған [6].

Командалық деңгейде психологиялық қауіпсіздік компонентін енгізу – маңызды қадам. Қауіпсіздіктің төмен деңгейі және сенімнің болмауы жиі шаршау және әкімшілік стресс проблемаларын ашық талқылауға кедергі келтіреді, бұл басшылықтың проактивті емес, реактивті мінез-құлқын нығайтады.

Басқару фокусын реактивті дағдарыстық араласудан (кәсіби шаршауды «емдеу») ресурстарға бағытталған корпоративтік мәдениетті проактивті қалыптастыруға көшіру осы модельдің орталық элементі және басты негіздемесі болып табылады.

Уолошин және т.б. реактивті менеджмент, әдетте, стресстің негізгі себептеріне (жоғары әкімшілік жүктеме, міндеттерді әділетсіз бөлу) әсер етпей, психологтар мен қысқа

мерзімді курстарды ұсынумен шектеледі деп тұжырымдайды [3]. ҮҚАБҮ бұл проблеманы институционалдық деңгей арқылы шешеді, мұнда негізгі іс-шаралар әкімшілік жүктемені азайтуға (цифрландыру, делегациялау) және әл-ауқатты ұйым құндылықтарына интеграциялауға бағытталған [5]. Ал, Қ. Қазиев және бірқатар зерттеушілер педагогтердің кәсіби эмоционалды қажуын немесе күйіп кетуінің алдын алу үшін стрестік жағдайларды басқару, психологиялық тұрақтылығын дамытумен қатар қолайлы жұмыс ортасын қалыптастырудың маңызын көрсетсе [19], С. Нұрғалиева педагогтерге уақытты басқару дағдыларын жетілдіру, күйзелісті жағдайларды жеңудің стратегияларын қолдануды ұсынады [20]. Демек, зерттеу барысында ұсынылған шаралар педагогтер үшін тұрақты ресурс қорын құра алады, қажудың алдын алады деуге негіз бар.

Әзірленген ҮҚАБҮ үлгісі және ұсынылған НШК (KPI) Қазақстан Республикасының ұлттық білім беру тұжырымдамаларын (2023-2029 жж.) іске асыру үшін жоғары стратегиялық маңызға ие [7, 8].

1. Тұжырымдамалар педагог мәртебесін арттыруды және сапалы менеджментті енгізуді талап етеді. Кадрлардың жоғары ауысуы және эмоционалдық сарқылу жағдайында жоғары мәртебені қамтамасыз ету мүмкін емес (НШК: кадрлардың ауысуы және шаршау индексі арқылы жанама өлшенеді). ҮҚАБҮ-нің бюрократияны азайтуға және жүктемені әділ бөлуге бағытталған институционалдық деңгейі сапалы менеджмент талабын тікелей іске асырады.

2. Жоғары білім беруді дамыту тұжырымдамасы білім алушыларда эмоционалды интеллектті қалыптастыру қажеттілігін көрсетеді. Кіріспеде айтылғандай, шаршауды немесе ресурстардың төмен деңгейін көрсететін педагог (НШК: ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі ресурстарының индексі) бұл құзыреттіліктерді тиімді бере алмайды. Осылайша, ҮҚАБҮ тұжырымдамалардың мақсаттарын іске асыруға қабілетті кадрлық әлеуетті қамтамасыз ету құралы болып табылады [7, 8].

3. Нақты метрикаларды (НШК/KPI) енгізу әл-ауқатты басқаруды бейресми бастамалар санатынан өлшенетін басқару процесіне ауыстырады. Бұл басшылыққа прогресті объективті бағалауға және персоналды дамытуға инвестицияларды негіздеуге мүмкіндік береді, бұл заманауи басқару жүйесінің негізгі талабы болып табылады.

Жалпы алғанда, ҮҚАБҮ білім беру ұйымдарына жай ғана іс-шаралар жиынтығын емес, педагогтердің әл-ауқатын білім беру сапасын және бүкіл жүйенің тұрақтылығын қамтамасыз ететін басты ресурс ретінде қарайтын корпоративтік мәдениетті құрудың тұтас, жүйелі және өлшенетін тетігін ұсынады.

ҮҚАБҮ-нің практикалық өзектілігі мен бейімделуін тексеру мақсатында Ақтөбе өңірлік университеті кәсіби-шығармашылық өнер факультетінде (КШӨФ) модель алғашқы рет сынақтан өткізілді.

Бұл таңдау кездейсоқ емес: шығармашылық және өнер саласы жоғары эмоционалды қарқындылықпен, терең кәсіби автономияның (жеке деңгей) және тығыз командалық ынтымақтастықтың (командалық деңгей) қажеттілігінің үйлесімімен сипатталады, бұл жиі эмоционалдық сарқылуға әкеледі.

Пилоттық жоба барысында ҮҚАБҮ-нің командалық (психологиялық қауіпсіздік, жүктемені әділ бөлу) және жеке (когнитивті-эмоционалдық резильенттілік) компоненттерін енгізуге ерекше назар аударылды. Жүктемені әділ бөлу қағидаттарын қолдану арқылы әкімшілік міндеттерді ротациялау мен бөлудің ашықтығы артты.

Алдын ала нәтижелер командалық деңгейде оң өзгерістер болғанын көрсетті: Психологиялық қауіпсіздік индексі бастапқы өлшеммен салыстырғанда 16,7%-ға өсті, бұл шаршау және жұмыс ішіндегі стресс мәселелерін ашық талқылауға дайындықты арттырды. Сондай-ақ, жүктемені әділ бөлу қағидаттарын енгізудің арқасында әкімшілік жүктемені қабылдау индексінде айтарлықтай оң ауысу байқалды: жүктемені «шамадан тыс» деп бағалаған респонденттердің үлесі алғашқы сауалнамамен салыстырғанда 21,3%-ға төмендеді. Бұл өзгеріс

әкімшілік міндеттерді ротациялау және бөлу кезіндегі ашықтықтың артуы қызметкерлердің жүктемені әділ және басқарылатын деп қабылдауын тікелей жақсартқанын көрсетеді.

Бұл алғашқы сынақтан өткізу модельдің өзектілігі мен әмбебаптығын, оның жоғары шығармашылық және эмоционалдық жүктемесі бар секторларға қолдануға болатынын растады, бұл оны бүкіл білім беру мекемесінде толық ауқымды енгізу қажеттілігін негіздейді.

Қорытынды

Жүргізілген теориялық-талдамалық зерттеу нәтижесінде қойылған мақсатқа қол жеткізілді – білім беру ұйымының корпоративтік мәдениетіне интеграцияланған, кәсіби қажудың алдын алудың практикалық бағытталған, көп деңгейлі жүйесі әзірленді.

Зерттеу негізінде келесі тұжырымдарды жасауға болады:

1. Жеке, командалық және институционалдық деңгейлерді қамтитын, проблеманы шешуге жүйелі көзқарасты қамтамасыз ететін педагогтердің әл-ауқатын басқарудың үш компонентті үлгісі (ҮҚАБҮ) әзірленді. Үлгінің жаңалығы оның синтетикалық сипатында, яғни позитивті психология (PERMA) қағидаттарын жүйелі ұйымдастырушылық тәсілмен біріктіруінде, бұл симптомдарды ғана емес, сонымен қатар ұйымдастырушылық ортаға байланысты стресстің бастапқы себептерін де жоюға мүмкіндік береді.

2. Әл-ауқат деңгейін және енгізілетін бағдарламалардың нәтижелілігін объективті бағалау үшін негізгі тиімділік көрсеткіштерінің (НШК/KPI) кешені анықталды. Психологиялық қауіпсіздік индексі және әкімшілік жүктемені қабылдау индексі сияқты метрикаларды енгізу әл-ауқатты басқаруды әлеуметтік бастамалар санатынан сапалы менеджмент талаптарына сәйкес келетін өлшенетін басқару процесіне ауыстырады.

3. Басқару фокусын реактивті дағдарыстық араласудан ресурстарды үнемдейтін корпоративтік мәдениетті проактивті қалыптастыруға көшірудің стратегиялық қажеттілігі негізделді. Тек институционалдық шаралар (бюрократияны азайту, әл-ауқат құндылықтарын интеграциялау) ғана педагогтар үшін тұрақты ресурс қорын құра алатыны, қажудың алдын алатыны дәлелденді.

ҮҚАБҮ-ді енгізу 2023–2029 жылдарға арналған білім беруді дамыту тұжырымдамаларында [7, 8] бекітілген стратегиялық мақсаттарды тікелей іске асыруды қамтамасыз етеді. Әл-ауқатты жүйелі басқару келесілермен тікелей байланысты стратегиялық құрал ретінде әрекет етеді:

– оқыту сапасын арттырумен (ақыл-ой жұмыс қабілеттілігі ресурстарын арттыру есебінен);

– еңбекке қанағаттанушылықтың және кәсіби автономияның өсуімен;

– педагогикалық кадрлардың ауысуының айтарлықтай төмендеуімен, бұл кадрлық әлеуеттің тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Осылайша, педагогтердің әл-ауқатын басқаруды білім беру ұйымдарының басшылығы қосымша әлеуметтік функция ретінде емес, сапалы менеджменттің және бүкіл білім беру жүйесінің тұрақты дамуының негізгі элементі ретінде қарастыруы тиіс.

Авторлардың үлесі:

Қартбаева Ж. – зерттеуді басқарды, әдістемені жасады және зерттеуді жүргізді, нәтижелерді талдады, өңдеуге қатысты.

Тәңірбергенова А.Ш. – әдіснаманы әзірледі, дереккөздермен жұмыс істеді, оларды жинақтады және нәтижелерді рәсімдеуге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Cunningham S. The Well of the Educator: An Investigation into How Well-being Is Maintained by Educators Working in Youthreach [Электрондық ресурс]: магистрлік диссертация. – Maynooth: National University of Ireland Maynooth. – 2015. URL: https://mural.maynoothuniversity.ie/id/eprint/9655 (қаралған күні: 13.01.2026).

2 Laundon M., Grant-Smith D. Defining and Advancing a Systems Approach to Achieving Educator Wellbeing: An Integrative Review of Wellbeing in Higher Education // Student Success. – 2023. – Vol. 14. – No. 3. – P. 104–119. DOI: https://doi.org/10.5204/ssj.3191 (қаралған күні: 13.01.2026).

3 Woloshyn V., Savage M., Maich K., Penney S. Stress, Coping, and Well-being in Teachers and School Administrators // Alberta Journal of Educational Research. – 2023. – Vol. 69. – No. 4. – P. 492–513. URL: https://doi.org/10.55016/ojs/ajer.v69i4.75886

4 Rinne J., Leino-Kilpi H., Saaranen T., Pasanen M., Salminen L. Educators' Occupational Well-being in Health and Social Care Education // Occupational Medicine. – 2022. – Vol. 72. – No. 5. – P. 289–297. DOI: https://doi.org/10.1093/occmed/kqac024. URL: https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/35512455/

5 Munandar D.S., Jahari J., Arifin B.S., Karman K. Human Resource Well-Being Management in Islamic Education: A Study at Kuttab Fatih Indonesia // International Journal of Islamic Educational Research. – 2025. – Vol. 2. – No. 3. – P. 117–125. DOI: https://doi.org/10.61132/ijier.v2i3.406

6 Patrick P., Reupert A., Berger E., Morris Z., Diamond Z., Hammer M., Hine R., Fathers C. Initiatives for Promoting Educator Wellbeing: A Delphi Study // BMC Psychology. – 2024. – Vol. 12. – Art. 220. DOI: https://doi.org/10.1186/s40359-024-01724-7

7 Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы [Электрондық ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249

8 Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы [Электрондық ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248

9 Bermejo Toro L. Demandas y recursos en el bienestar docente. Estrategias de afrontamiento y su relación con el burnout y el engagement en profesores: tesis doctoral / L. Bermejo Toro; directora M. Prieto Ursúa. – Madrid: Universidad Pontificia Comillas. – 2012. – 493 p. URL: https://dialnet.unirioja.es/servlet/tesis?codigo=105502 (қаралған күні: 13.01.2026).

10 Bermejo-Toro L., Prieto-Ursúa M., Hernández V. Towards a Model of Teacher Well-being: Personal and Job Resources Involved in Teacher Burnout and Engagement // Educational Psychology. – 2016. – Vol. 36. – No. 3. – P. 481–501. DOI: https://doi.org/10.1080/01443410.2015.1005006

11 Zhou S., Slemp G.R., Vella-Brodrick D.A. Factors Associated with Teacher Wellbeing: A Meta-Analysis // Educational Psychology Review. – 2024. – Vol. 36. – Art. 63. DOI: https://doi.org/10.1007/s10648-024-09886-x

12 Liu B., Zhang Z., Lu Q. Influence of Leader Mindfulness on the Emotional Exhaustion of University Teachers: Resources Crossover Effect // Frontiers in Psychology. – 2021. – Vol. 12. – Art. 597208. DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.597208

13 Trillo A., Bretones F.D., Giuliano R., Manuti A. Beyond Occupational Exhaustion: Exploring the Influence of Positive Meaningful Work on Teachers' Psychoemotional Well-being in the Digital Age // Humanities and Social Sciences Communications. – 2024. – Vol. 11. – Art. 348. DOI: https://doi.org/10.1057/s41599-024-02860-6

14 Lang J.M., Valk J. Exploring Middle School Teachers' Job Demands and Job Resources during COVID-19 // Acta Educationis Generalis. – 2023. – Vol. 13. – No. 1. – P. 26–54. DOI: https://doi.org/10.2478/atd-2023-0002

15 Vermote B., Vansteenkiste M., Aelterman N., van der Kaap-Deeder J., Beyers W. Teachers' Psychological Needs Link Social Pressure with Personal Adjustment and Motivating Teaching Style // The Journal of Experimental Education. – 2023. – Vol. 91. – No. 4. – P. 696–717. – DOI: https://doi.org/10.1080/00220973.2022.2039584

16 Mohd Noor N., Che Nawi N. From Stress to Burnout: A Systematic Review of Teacher Occupational Burnout // International Journal of Advanced Research in Education and Society. – 2025. – Vol. 7. – No. 3. – P. 438–453. DOI: https://doi.org/10.55057/ijares.2025.7.3.38

17 Altinay Z., Bicentürk B. Constructing Sustainable Learning Ecology to Overcome Burnout of Teachers: Perspective of Organizational Identity and Locus of Control // Sustainability. – 2023. – Vol. 15. – No. 24. – Art. 16930. DOI: https://doi.org/10.3390/su152416930

18 Seligman M. PERMA and the Building Blocks of Well-being // The Journal of Positive Psychology. – 2018. – Vol. 13. – No. 4. – P. 333–335. DOI: https://doi.org/10.1080/17439760.2018.1437466

19 Казиев К.О., Муханбетжанова А.У., Мугауина Г.О., Бисенов Ш.Н., Жангазиева Б.С. Некоторые аспекты профилактики профессионального эмоционального выгорания педагогов в вузе // Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Педагогические науки. – 2023. – Т. 80. – № 4. – С. 19–32. DOI: https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.002

20 Nurgaliyeva S.A. Effective Approaches to Preventing Burnout in Educators // Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series. – 2025. – Vol. 30. – No. 3 (119). – P. 232–242. DOI: https://doi.org/10.31489/2025ped3/232-242

REFERENCES:

1 Cunningham S. (2015). The Well of the Educator: An Investigation into How Well-being Is Maintained by Educators Working in Youthreach [Master's thesis]. Maynooth: National University of Ireland Maynooth, 2015. URL: https://mural.maynoothuniversity.ie/id/eprint/9655 (accessed: 13.01.2026).

2 Laundon M., Grant-Smith D. (2023). Defining and Advancing a Systems Approach to Achieving Educator Wellbeing: An Integrative Review of Wellbeing in Higher Education. Student Success, vol. 14, no. 3, pp. 104–119. DOI: https://doi.org/10.5204/ssj.3191 (accessed: 13.01.2026).

3 Woloshyn V., Savage M., Maich K., Penney S. (2023). Stress, Coping, and Well-being in Teachers and School Administrators. Alberta Journal of Educational Research, vol. 69, no. 4, pp. 492–513. URL: https://doi.org/10.55016/ojs/ajer.v69i4.75886

4 Rinne J., Leino-Kilpi H., Saaranen T., Pasanen M., Salminen L. (2022). Educators' Occupational Well-being in Health and Social Care Education. Occupational Medicine, vol. 72, no. 5, pp. 289–297. DOI: https://doi.org/10.1093/occmed/kqac024. URL: https://pubmed.ncbi.nlm.nih.gov/35512455/

5 Munandar D.S., Jahari J., Arifin B.S., Karman K. (2025). Human Resource Well-Being Management in Islamic Education: A Study at Kuttab Fatih Indonesia. International Journal of Islamic Educational Research, vol. 2, no. 3, pp. 117–125. DOI: https://doi.org/10.61132/ijier.v2i3.406

6 Patrick P., Reupert A., Berger E., Morris Z., Diamond Z., Hammer M., Hine R., Fathers C. (2024). Initiatives for Promoting Educator Wellbeing: A Delphi Study. BMC Psychology, vol. 12, art. 220. DOI: https://doi.org/10.1186/s40359-024-01724-7

7 Qazaqstan Respublikasynda mektepke deiıngı, orta, tehnikalyq jäne käsıptık bılım berudı damytudyñ 2023–2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2023 jylğy 28 nauryzdağy № 249 qaulysy [On approval of the Concept for the Development of Preschool, Secondary, Technical and Vocational Education in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249 (in Kazakh)

8 Qazaqstan Respublikasynda joğary bılımdı jäne ğylymdy damytudyñ 2023–2029 jyldarğa arnalğan tūjyrymdamasyn bekıtu turaly. Qazaqstan Respublikasy Ükımetınıñ 2023 jylğy 28 nauryzdağy № 248 qaulysy [On approval of the Concept for the Development of Higher Education and Science in the Republic of Kazakhstan for 2023–2029]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248 (in Kazakh)

9 Bermejo Toro L. (2012). Demandas y recursos en el bienestar docente. Estrategias de afrontamiento y su relación con el burnout y el engagement en profesores [Teacher well-being demands and resources. Coping strategies and their relationship with burnout and engagement in teachers]: doctoral thesis. Madrid: Universidad Pontificia Comillas, 493 p. URL: https://dialnet.unirioja.es/servlet/tesis?codigo=105502 (accessed: 13.01.2026).

10 Bermejo-Toro L., Prieto-Ursúa M., Hernández V. (2016). Towards a Model of Teacher Well-being: Personal and Job Resources Involved in Teacher Burnout and Engagement. Educational Psychology, vol. 36, no. 3, pp. 481–501. DOI: https://doi.org/10.1080/01443410.2015.1005006

11 Zhou S., Slemp G.R., Vella-Brodrick D.A. (2024). Factors Associated with Teacher Wellbeing: A Meta-Analysis. Educational Psychology Review, vol. 36, art. 63. DOI: https://doi.org/10.1007/s10648-024-09886-x.

12 Liu B., Zhang Z., Lu Q. (2021). Influence of Leader Mindfulness on the Emotional Exhaustion of University Teachers: Resources Crossover Effect. Frontiers in Psychology, vol. 12, art. 597208. DOI: https://doi.org/10.3389/fpsyg.2021.597208

13 Trillo A., Bretones F.D., Giuliano R., Manuti A. (2024). Beyond Occupational Exhaustion: Exploring the Influence of Positive Meaningful Work on Teachers' Psychoemotional Well-being in the Digital Age. Humanities and Social Sciences Communications, vol. 11, art. 348. DOI: https://doi.org/10.1057/s41599-024-02860-6

14 Lang J.M., Valk J. (2023). Exploring Middle School Teachers' Job Demands and Job Resources during COVID-19. Acta Educationis Generalis, vol. 13, no. 1, pp. 26–54. DOI: https://doi.org/10.2478/atd-2023-0002

15 Vermote B., Vansteenkiste M., Aelterman N., van der Kaap-Deeder J., Beyers W. (2023). Teachers' Psychological Needs Link Social Pressure with Personal Adjustment and Motivating Teaching Style. The Journal of Experimental Education, vol. 91, no. 4, pp. 696–717. DOI: https://doi.org/10.1080/00220973.2022.2039584

16 Mohd Noor N., Che Nawi N. (2025). From Stress to Burnout: A Systematic Review of Teacher Occupational Burnout. International Journal of Advanced Research in Education and Society, vol. 7, no. 3, pp. 438–453. DOI: https://doi.org/10.55057/ijares.2025.7.3.38

17 Altinay Z., Bicentürk B. (2023). Constructing Sustainable Learning Ecology to Overcome Burnout of Teachers: Perspective of Organizational Identity and Locus of Control. Sustainability, vol. 15, no. 24, art. 16930. DOI: https://doi.org/10.3390/su152416930

18 Seligman M. (2018). PERMA and the Building Blocks of Well-being. The Journal of Positive Psychology, vol. 13, no. 4, pp. 333–335. DOI: https://doi.org/10.1080/17439760.2018.1437466

19 Kaziev K.O., Muhanbetzhanova A.U., Mugauina G.O., Bisenov Sh.N., Zhangazieva B.S. (2023). Nekotorye aspekty profilaktiki profesionälnogo emosionälnogo vygorania pedagogov v vuze [Some aspects of prevention of professional emotional burnout among university teachers]. Vestnik KazNPU imeni Abaia. Seriia: Pedagogicheskie nauki, vol. 80, no. 4, pp. 19–32. DOI: https://doi.org/10.51889/2959-5762.2023.80.4.002 (in Russian)

20 Nurgaliyeva S.A. (2025). Effective Approaches to Preventing Burnout in Educators. Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy Series, vol. 30, no. 3 (119), pp. 232–242. DOI: https://doi.org/10.31489/2025ped3/232-242

УПРАВЛЕНИЕ БЛАГОПОЛУЧИЕМ ПЕДАГОГОВ: ОТ ПРОФИЛАКТИКИ ПРОФЕССИОНАЛЬНОГО ВЫГОРАНИЯ К ФОРМИРОВАНИЮ ПОДДЕРЖИВАЮЩЕЙ КОРПОРАТИВНОЙ КУЛЬТУРЫ

Картбаева Ж.Ж.[1,], Танирбергенова А.Ш.[2]*

[1]Актюбинский региональный университет имени К. Жубанова,
Республика Казахстан, г. Актобе
[2]Национальная академия образования имени И. Алтынсарина,
Республика Казахстан, г. Астана
[*]e-mail: jainagul_kj@mail.ru, Anar-tanirbergenova@mail.ru

Аннотация. Цель исследования – провести комплексный анализ современных моделей управления благополучием педагогов и на основе выявленных проблем разработать практико-ориентированную, многоуровневую систему профилактики профессионального выгорания в образовательных учреждениях. Анализируются ключевые стресс-факторы педагогической деятельности, включая высокую административную нагрузку, эмоциональное истощение и отсутствие психологической безопасности, а также изучаются эффективные мировые практики в области организационной психологии и педагогического менеджмента, в частности, модели PERMA и «Шесть областей благополучия». Основными результатами исследования являются: а) разработка трехкомпонентной модели управления благополучием (индивидуальный, командный и институциональный уровень), б) определение четких метрик (KPI) для оценки уровня благополучия и эффективности программ профилактики, в) обоснование необходимости перехода управленческого фокуса от реактивного «лечения» выгорания к проактивному созданию поддерживающей, ресурсосберегающей корпоративной культуры. Сделан вывод о том, что систематическое управление благополучием – это не только социальная ответственность руководства, но и стратегический инструмент, который напрямую коррелирует с повышением качества преподавания, ростом удовлетворенности трудом и значительным снижением текучести педагогических кадров. Внедрение предложенной модели позволит образовательным организациям создать устойчивую среду для профессионального развития и долгосрочной эффективности.

Ключевые слова: *управление благополучием, профилактика выгорания, благополучие педагогов, корпоративная культура, педагогический менеджмент, психологическая безопасность, удержание кадров, удовлетворенность трудом.*

MANAGING TEACHERS' WELL-BEING: PREVENTING PROFESSIONAL BURNOUT AND BUILDING A SUPPORTIVE CORPORATE CULTURE

Zh. Kartbayeva[1,], A. Tanirbergenova[2]*

[1]K. Zhubanov Aktobe Regional University,
Republic of Kazakhstan, Aktobe
[2]National Academy of Education named after Y. Altynsarin,
Republic of Kazakhstan, Astana
[*]e-mail: jainagul_kj@mail.ru, Anar-tanirbergenova@mail.ru

Abstract. The purpose of the study is to conduct a comprehensive analysis of modern models for managing teacher well-being and, based on identified challenges, develop a practice-oriented, multi-level system for preventing professional burnout in educational institutions. The research analyzes key stressors in pedagogical practice, including high administrative load, emotional exhaustion, and lack of psychological safety, while also exploring effective global practices in organizational psychology and pedagogical management, such as the PERMA and «Six Domains of Wellness» models. The main results of the study include: a) the development of a three-component well-being management model (individual, team, and institutional levels), b) the definition of clear metrics (KPIs) for assessing the level of well-being and the effectiveness of prevention programs, and c) the substantiation of the need to shift the managerial focus from reactive burnout «treatment» to the proactive creation of a supportive, resource-saving corporate culture. It is concluded that systematic well-being management is not only a social responsibility of the administration but also a strategic tool that directly correlates with improving teaching quality, increasing job satisfaction, and significantly reducing teacher turnover. The implementation of the proposed model will enable educational organizations to create a sustainable environment for professional development and long-term effectiveness.

Keywords: *Well-being management, Burnout prevention, Teacher well-being, Corporate culture, Educational management, Psychological safety, Teacher retention, Job satisfaction.*

Авторлар туралы мәліметтер:

Қартбаева Жайнагүл Жаншақызы* – педагогика ғылымдарының кандидаты, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті (Қазақстан, Ақтөбе қ., e-mail: jainagul_kj@mail. ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6938-1700).

Тәңірбергенова Анар Шынболатқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (Қазақстан, Астана қ., e-mail: anar-tanirbergenova@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8002-7910).

Сведения об авторах:

Картбаева Жайнагуль Жаншаевна* – кандидат педагогических наук, Актюбинский региональный университет имини К. Жубанова (Казахстан, г. Актобе, e-mail: jainagul_kj@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6938-1700).

Танирбергенова Анар Шынболатовна – кандидат педагогических наук, Национальная академия образования имени И. Алтынсарина (Казахстан, г. Астана, e-mail: anar-tanirbergenova@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8002-7910).

Information about authors:

Kartbayeva Zhainagul* – Candidate of Pedagogical Sciences, K. Zhubanov Aktobe Regional University (Kazakhstan, Aktobe, e-mail: jainagul_kj@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6938-1700).

Tanirbergenova Anar – Candidate of Pedagogical Sciences, National Academy of Education named after Y. Altynsarin, (Kazakhstan, Astana, e-mail: anar-tanirbergenova@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8002-7910).

ҒТАМР 14.35.09 DOI 10.53355/ZHU.2026.120.3.014

БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ КОНТЕКСТІНДЕ ЗЕРТТЕУ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Б.К. Мисинова[*] , *А.А. Китапбаева*

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті,
Қазақстан Республикасы, Өскемен қ.
[*]*e-mail: kokenaeva@mail.ru, akitapbaeva@vku.edu.kz*

Аңдатпа. Бұл мақалада биология пәнін оқытуда білім алушылардың зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері мен оның педагогикалық ерекшеліктері қарастырылады. Зерттеу құзыреттілігі білім алушылардың ғылыми әдістерді қолдану арқылы биологиялық құбылыстарды түсіну, өз бетінше зерттеу жүргізу, гипотезаларды құру және алынған нәтижелерді жүйелі талдау дағдыларын дамытуға тікелей ықпал етеді. Мақалада Шығыс Қазақстанның балшырынды өсімдіктері мен олардың нектар өнімділігіне климаттың өзгеруі тигізетін әсерін зерделеу арқылы магистранттармен өткізілген практикалық зерттеу нәтижелері ұсынылған.

Зерттеу жұмыстары білім алушылардың шығармашылық, тәуелсіз ізденісін арттырып, олардың креативті ойлау қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет кезеңдерін меңгеруіне көмектесті. Мақалада сондай-ақ білім алушылардың топтық зерттеу жұмыстары, зерттеу дағдыларын дамытуға арналған арнайы тапсырмаларды орындау барысындағы тәжірибесі мен олардың зерттеу құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі талданған. Сауалнама нәтижелері білім алушылардың басым бөлігінің (90%) жаңа практикалық дағдыларды меңгергенін және зерттеу жұмысын оң бағалағанын, ал зерттеушілік қабілеттерінің артқанын респонденттердің 40%-ы атап өткенін көрсетеді. Мақалада көрсетілген зерттеулер биологиялық білім беру жүйесін жетілдірудің қажеттілігін және оны болашақта дамыту үшін ғылыми жұмыстардың маңыздылығын айқындайды. Жекелеген әдістер мен құралдарды қолдану білім алушыларды өздігінен жұмыс істеуге, шығармашылықты шыңдауға және заманауи ғылыми ойлауды қалыптастыруға бағыттайды.

Кілт сөздер*: зерттеу құзыреттілігі, зерттеушілік білік, биологиялық білім беру, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет, магистранттарды даярлау, балшырынды өсімдіктер, климаттың өзгеруі, нектар өнімділігі.*

Кіріспе

Қазіргі таңда білім алушылардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру мәселесі педагогикалық әдебиеттерде негізгі мәселенің бірі болып табылады. Елімізде білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі шығармашылыққа қабілетті белсенді, тәуелсіз, жан-жақты және құзыретті тұлғаны тәрбиелеуді басты міндет ретінде алға тартылады. Бұл үшін білім алушылардың жеке танымдық қажеттіліктерін жүзеге асыру үшін олардың шығармашылық, тәуелсіз ізденісіне назар аударумен сипатталатын зерттеу қызметі үлкен мүмкіндіктерге ие.

Осыған байланысты жоғары мектеп алдында магистранттардың зерттеушілік әлеуетін жүйелі дамыту міндеті тұр. Зерттеу құзыреттілігі олардың магистрлік және кейінгі докторлық зерттеулерін сапалы орындауының, сондай-ақ кәсіби қызметте туындайтын мәселелерді ғылыми негізде шешуінің алғышарты болып табылады. Дегенмен бұл құзыреттілік өздігінен емес, арнайы ұйымдастырылған, зерттеу іс-әрекетіне бағытталған оқыту жағдайында ғана тиімді қалыптасады.

Зерттеу құзыреттілік білім алушылардың жеке дара ашылуына әкеледі және шығармашылыққа бастама береді, қазіргі өзгермелі әлемде жеке тұлғаның дамуына ықпал ететін шындықты танудың әмбебап тәсілдерінің бірі болып табылады. Зерттеу құзыреттілігі - бұл адамның ғылыми әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, нақты мәселені шешуге немесе жаңа ақпараттарды ашуға бағытталған қабілеттілігі. Биология пәнін оқыту контекстінде зерттеу құзыреттіліктері білім алушылардың өздігінен ғылыми зерттеулер жүргізу, гипотезаларды құру, нәтижелерді талдау және қорытындыларды жасау қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді. Биологиялық білім беруде білім алушыларды зерттеу жұмыстарына қатыстыру олардың бастамашылықтарын, ғылыми экспериментке, бақылауға белсенді, адал қарым-қатынасын тәрбиелеуге ықпал етеді, осы пәндерді оқуға деген қызығушылығын арттырады [1, 2].

Қазіргі жоғары білім беру жүйесінде құзыреттілік тәсіл жетекші орын алады: білім алушыдан дайын білімді жаттап алу емес, оны өз бетінше игеру, сыни бағалау және практикада қолдану талап етіледі. Магистратура деңгейінде бұл талап ерекше өзектілікке ие, өйткені магистрант – болашақ зерттеуші әрі жоғары білікті маман ретінде дайындалады. Зерттеу құзыреттілігі осы дайындықтың өзегі болып табылады: ол ғылыми таным логикасын меңгеруді, дереккөздермен жүйелі жұмыс істеуді, эмпирикалық деректерді жинау мен өңдеуді және алынған нәтижелерден негізделген қорытынды шығаруды біріктіреді. Осылайша зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру – тек жеке пәнді меңгерудің ғана емес, тұтас кәсіби-тұлғалық дамудың көрсеткіші.

Биологиялық білім беру бұл құзыреттілікті дамыту үшін ерекше қолайлы орта жасайды. Биология – бақылау, эксперимент және далалық зерттеуге негізделген ғылым болғандықтан, ол білім алушыны нақты табиғи объектілермен және өзекті экологиялық мәселелермен тікелей жұмыс істеуге тартады. Соңғы жылдары климаттың өзгеруі және оның өсімдіктер әлеміне, оның ішінде балшырынды өсімдіктер мен ара шаруашылығына тигізетін әсері бүкіл әлемде де, Қазақстанда да кеңінен зерттелуде. Мұндай тақырыптар білім алушының алдына нақты ғылыми сұрақ қоюға, гипотеза ұсынуға және оны деректермен тексеруге мүмкіндік беретіндіктен, зерттеу дағдыларын қалыптастырудың табиғи контексті бола алады.

Жергілікті экологиялық материалды – Шығыс Қазақстан өңірінің балшырынды өсімдіктері мен климаттық деректерін – пайдалану зерттеу тапсырмаларына қосымша мән береді: білім алушы өзі тұратын аймақтың нақты мәселесімен жұмыс істей отырып, ғылыми зерттеудің практикалық маңызын тереңірек сезінеді. Мұндай контекст оқу мотивациясын арттырып, теориялық білім мен нақты өмірлік жағдай арасындағы байланысты нығайтады, сондай-ақ білім алушыны аймақтық ғылыми-практикалық мәселелерді шешуге тартады. Осы себепті зерттеу тапсырмаларының мазмұны магистранттардың мамандығы мен өңірдің экологиялық ерекшеліктерін ескере отырып әзірленді.

Зерттеудің мақсаты – биологиялық білім беру контекстінде магистранттардың зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктерін айқындау және Шығыс Қазақстанның балшырынды өсімдіктері мен олардың нектар өнімділігіне климаттың өзгеруінің әсерін зерделеуге бағытталған зерттеу тапсырмалары арқылы бұл құзыреттіліктердің қалыптасу деңгейін эмпирикалық түрде бағалау. Осы мақсатқа сәйкес мынадай міндеттер қойылды: (1) зерттеу құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін теориялық тұрғыдан негіздеу; (2) магистранттардың зерттеушілік іс-әрекетін ұйымдастыруға арналған әдістемелік тәсілдерді әзірлеу және сынақтан өткізу; (3) сауалнама мен зерттеу тапсырмаларын орындау нәтижелері негізінде зерттеу құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін бағалау.

Зерттеу құзыреттілігі – білім алушының ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін қажетті дағдылар мен қабілеттерді игеруі, сонымен қатар ғылыми әдістерді қолдану арқылы биологиялық құбылыстар мен процестерді түсіну және талдау жасау қабілеті. Зерттеу құзыреттілігі төмендегідей компоненттерден тұрады:

- Ғылыми білім негіздері: Биологияның негізгі принциптері мен заңдылықтарын білу, ғылыми теорияларды түсіну.

- Зерттеу әдістері мен құралдарын қолдану: Зерттеу сұрағының нақты анықталуы, эксперимент жүргізу, деректерді жинау мен талдау, нәтижелерді интерпретациялау.

- Креативтілік және сыни ойлау: Тәжірибелер мен зерттеулердің жаңа тәсілдерін ойлап табу, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, сын тұрғысынан ойлау.

- Коммуникациялық дағдылар: Зерттеу нәтижелерін ғылыми тілмен баяндау, ғылыми жұмысты жазу және жариялау.

Аталған компоненттер бір-бірінен оқшау емес, өзара тығыз байланыста дамиды. Ғылыми білім негіздері зерттеу әдістерін саналы қолдануға негіз болса, креативтілік пен сыни ойлау алынған деректерді терең талдап, баламалы түсіндірмелерді салыстыруға мүмкіндік береді, ал коммуникациялық дағдылар зерттеу нәтижесін ғылыми ортаға жеткізуді қамтамасыз етеді. Сондықтан зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру осы

компоненттердің барлығын бірдей дамытатын кешенді әдістемелік тәсілді талап етеді. Дегенмен педагогикалық практикада бұл құзыреттіліктің қалыптасу деңгейін эмпирикалық түрде бағалауға, әсіресе магистратура сатысында, жеткілікті көңіл бөлінбей келеді. Осы олқылықты ескере отырып, бұл жұмыста зерттеу құзыреттілігін нақты пәндік мазмұн – Шығыс Қазақстанның балшырынды өсімдіктері мен климаттың өзгеруі тақырыбы – арқылы қалыптастыру және оның нәтижелерін бағалау көзделді.

Жұмыстың ғылыми жаңалығы зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруды дерексіз тапсырмалар арқылы емес, нақты өңірлік экологиялық мазмұн – Шығыс Қазақстанның балшырынды өсімдіктері мен климаттың өзгеруі – негізінде ұйымдастыруда және оның нәтижесін магистранттардың орындаған нақты жұмыстары мен сауалнама деректері арқылы эмпирикалық түрде бағалауда болып табылады.

Материалдар мен әдістер

Білім алушылардың биологиялық білім беру контекстінде зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастыру үшін олардың терең ойлау, пікір алмасу, пікір таластыру дағдыларын арттыратын материалдар мол қамтылды. Білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін қалыптастырудың ең тиімді жолы ретінде ұжымдық, топтық және жұптық жұмыстарды ұйымдастыруға ерекше мән берілді. Мұнда, ең алдымен, сабақ барысында магистранттар өздігінен әрекет ету, бірлесіп шешім іздеу дағдыларын дамытуға мән берілді [3]. Әсіресе, топтық жұмыс қатысушыларының белсенділігі, зеректігі және тақырыпқа деген қызығушылығының артқаны байқалды. Зерттеу әдістері мен материалдарды таңдауда қазіргі білім берудегі тиімді әдістер мен құралдар қолданылды [4].

Зерттеу барысында білім беру процесі белсенді, ізденіске бағытталған үлгіде ұйымдастырылды. Мұндай ұйымдастыру білім алушыны пассивті тыңдаушыдан белсенді зерттеушіге айналдыруды көздейді: ол мәселені өзі анықтайды, ақпарат жинайды, оны өңдейді және нәтижесін ұжым алдында дәлелдейді. Жеке жұмыс білім алушының дербестігі мен жауапкершілігін арттырса, жұптық және топтық жұмыс пікір алмасу, бірлескен шешім қабылдау және өзара сын арқылы зерттеушілік ойлауды дамытады. Осы форматтардың үйлесімі әр білім алушыға өз мүмкіндіктеріне қарай зерттеу іс-әрекетіне қатысуға жағдай жасады.

Зерттеушілік дағдыларды қалыптастыру зерттеу жұмыстарын екі кезеңде жүргізу арқылы мүмкін болады: теориялық және практикалық. Биологиялық білім беру қазіргі таңда білім алушыларға тек теориялық білім ғана беріп қоймай, оларды практикалық дағдылар мен зерттеу қабілеттеріне де үйретуді мақсат етеді. Қоғамның дамуы мен ғылыми-техникалық прогрестің жылдамдауы ғылыми зерттеулерді жүргізу және түсіну қабілетін қажет етеді. Сондықтан биология пәнін оқытудың негізгі міндеті – білім алушылардың зерттеу құзыреттіліктерін дамыту [5]. Бұл мақала биологиялық білім беру контекстінде зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың ерекшеліктеріне, сондай-ақ білім алушылардың зерттеу дағдыларын дамыту жолдарына арналады. Осы мақсатта «Қазақстанның өсімдіктер және жануарлар әлемі» пәні бойынша зерттеу іс-тәжірибесі барысында 7М01505 – «Биология» тобында «Шығыс Қазақстанның балшырынды өсімдіктері және олардың нектар өнімділігін анықтау» атты тақырыптар негізінде сабақтар жүргізілді. Магистранттарға практикалық сабақтардан жеке, жұптық және топтық зерттеу жұмыстарын жүргізу мақсатында әртүрлі деңгейдегі тапсырмалар даярланды.

Зерттеуге С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университетінің 7М01505 – «Биология» білім беру бағдарламасы бойынша оқитын магистранттар қатысты. Зерттеу 2024–2025 оқу жылында «Қазақстанның өсімдіктер және жануарлар әлемі» пәні аясында өткізілді. Магистранттар зерттеу тапсырмаларын орындау сипатына қарай жеке, жұптық және үш топқа бөлініп жұмыс істеді.

Зерттеудің дизайны эмпирикалық-сипаттамалық сипатта болды. Тәжірибелік жұмысқа барлығы 30 магистрант қатысты; жұмыс 15 практикалық және семинар сабағын қамтыды.

Зерттеу екі кезеңде жүргізілді. Теориялық кезеңде білім алушылар зерттеу тақырыбының ғылыми негіздерімен танысып, дереккөздермен жұмыс істеу, гипотеза құру дағдыларын дамытты. Практикалық кезеңде магистранттар ҚазГидрометтің ресми деректері негізінде климаттық көрсеткіштерді талдап, балшырынды өсімдіктердің нектар өнімділігіне климаттың өзгеруінің әсерін бағалады, нәтижелерін диаграмма, схема және кесте түрінде ұсынды.

Зерттеуде дидактикалық әдістердің кешені қолданылды: белсенді танымдық іс-әрекетті ұйымдастыруға арналған «Кроссенс» әдісі; нақты деректермен жұмыс істеуге негізделген жағдаяттық (кейс) тапсырмалар; топтық талқылау және деректерді визуализациялау тәсілдері. Зерттеу құралы ретінде білім алушылардың зерттеу тапсырмаларын орындау нәтижелері мен сабақ соңында өткізілген бес сұрақтан тұратын құрылымдалған сауалнама пайдаланылды. Сауалнама респонденттердің өзін зерттеуші ретінде сезінуін, кездескен қиындықтарын, зерттеушілік қабілеттерінің өзгеруін, жаңа дағдыларды меңгеруін және зерттеу жұмысын ұйымдастыруға қанағаттануын бағалауға бағытталды.

Дидактикалық әдістерді таңдау зерттеудің мақсатына – зерттеу құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін кешенді дамытуға – бағындырылды. «Кроссенс» әдісі бейнелер мен ұғымдардың арасындағы логикалық байланысты табуды талап ететіндіктен, білім алушылардың ассоциативті және сыни ойлауын белсендіріп, тақырыпты өз бетінше ашуға ынталандырды. Жағдаяттық (кейс) тапсырмалар нақты климаттық деректермен жұмыс істеуге негізделіп, теориялық білімді практикалық мәселені шешуге қолдану дағдысын қалыптастырды. Топтық талқылау білім алушыларға өз болжамдарын дәлелдеуге, өзгенің көзқарасын сын тұрғысынан бағалауға және ортақ қорытындыға келуге мүмкіндік берді. Деректерді визуализациялау (диаграмма, схема, кесте) тәсілдері сандық және сапалық ақпаратты жүйелеуді, оны түсінікті әрі дәлелді түрде ұсынуды үйретті.

Сауалнаманың бес сұрағы зерттеу құзыреттілігінің мотивациялық (өзін зерттеуші ретінде сезіну, зерттеу жұмысына қанағаттану) және іс-әрекеттік (жаңа дағдыларды меңгеру, кездескен қиындықтарды жеңу, зерттеушілік қабілеттің өзгеруі) компоненттерін қамтуға арналды. Мұндай құрылым сабақтың субъективті қабылдануын ғана емес, білім алушының өз зерттеушілік дамуын рефлексиялау деңгейін де бағалауға мүмкіндік берді.

Зерттеу құзыреттілігінің қалыптасу деңгейі екі топ өлшемшарт бойынша бағаланды. Мазмұндық-әрекеттік өлшемшарттар магистранттардың орындаған тапсырмалары (диаграммалар мен схемалар) бойынша анықталды: зерттеу сұрағының нақты қойылуы, деректерді талдаудың тереңдігі, себеп-салдарлық байланыстарды түсіндіру және қорытындылардың негізділігі. Мотивациялық-рефлексиялық өлшемшарттар сауалнама нәтижелері бойынша бағаланды: өзін зерттеуші ретінде сезіну, жаңа дағдыларды меңгеру және зерттеу жұмысына қанағаттану. Әр өлшемшарт бойынша нәтижелер сапалық сипаттама мен сауалнама жауаптарының үлестік (%) таралуы түрінде жинақталып, зерттеу құзыреттілігінің компоненттеріндегі өзгерістерді бағалауға негіз болды.

Климаттық көрсеткіштер мен нектар өнімділігі бойынша талдау бастапқы дала өлшемдеріне емес, ҚазГидрометтің ресми жылнамалық деректері мен жарияланған ғылыми әдебиетке негізделді; сауалнама деректері сипаттамалық статистика (жиіліктердің үлестік таралуы) әдісімен өңделді.

Зерттеудің екі кезеңді құрылымы білім алушының теориялық дайындығын практикалық іс-әрекетпен ұштастыруға мүмкіндік берді: теориялық кезеңде қалыптасқан ұғымдар мен гипотезалар практикалық кезеңде нақты деректерде тексерілді. Мұндай реттілік ғылыми танымның табиғи логикасын қайталайды және зерттеу дағдыларын біртіндеп, жүйелі түрде дамытуға ықпал етеді.

Нәтижелер мен талқылау

Зерттеу жүргізу үшін білім алушыларға ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттің орындалу кезеңдерін анықтау маңызды. Сол себепті, магистранттар зерттеу жұмыстарын орындау барысында біз ұсынған ғылыми-зерттеушілік іс-әрекет орындау кезіндегі қадамдардың келесі реттілігін ұстанды:

– зерттеудің мақсатын анықтау;
– зерттеу міндеттерін түсіну және оларды зерделеу;
– зерттеудің теориялық негіздерін білу;
– ғылыми-зерттеушілік іс-әрекетті орындау үшін қажетті білім мен іскерлікті талдау,
– жеке, жұптық және топтық жұмыстарды өз мүмкіндіктерін ескере отырып, ұсынылған іс-қимыл жоспарын құру;
– зерттеу нәтижелерін өңдеу, жүйелеу және қорытынды жасау;
– тақырып бойынша ғылыми зерттеушілік жобаның презентациясын даярлау [6].

Магистранттар жоғарыда көрсетілген қадамдарды ескеріп, ізденіс жұмыстарын жасады және практикалық, семинар сабақтарда зерттеу нәтижелерін жоғарғы деңгейде қорғады. Төменде практикалық және семинар сабақтарында берілген тапсырмалар мен олардың орындалу нәтижелері қарастырылады.


Алғашқы сабақ «Кроссенс» әдісі арқылы тақырыпты ашуға бағытталды. Тақырыпты зерттеу барысында білім алушылар сұрақтарға жауап беру, талқылау арқылы өз беттерімен тақырыпты аша отырып, сабақтың мақсатын қойды. Практикалық бөлімде магистранттар үш топқа бөлініп, оларға зерттеу тапсырмалары берілді. Олардың мақсаты – Шығыс Қазақстан облысындағы балшырынды өсімдіктерге климат өзгерісінің әсерін талдау болды [7]. Зерттеу нәтижелерін білім алушылар диаграмма, схема және кесте түрінде ұсынды.

Берілген тапсырмалар:

– 2018–2024 жылдардағы ШҚО климатының өзгеруі туралы ақпаратты сайттан https://www.kazhydromet.kz/ru/klimat/ezhegodnyy-byulleten-monitoringa-sostoyaniya-i-izmeneniya-klimata-kazahstana алып өз тапсырмаларына пайдалану [8].

– Құрғақшылық жылдардың ара колонияларының өсіп жетіліп дамуымен нектар өнімділігіне әсерін схема түрінде зерттеп көрсету.

Бірінші тапсырма талдамасы: Алғашқы тапсырма бойынша білім алушылар 2018–2024 жылдардағы Шығыс Қазақстан облысындағы климаттың өзгеруі туралы мәліметтерді www.kazhydromet.kz ресми бюллетеньдерінен алып [8, 9], өз зерттеу жұмыстарында пайдаланды. Алынған мәліметтер негізінде 1-суреттегі диаграмма құрылды.



Сурет 1 – Шығыс Қазақстан облысында 2018–2024 жылдары орташа жылдық ауа температурасының 1961–1990 жылдардағы нормадан ауытқуы (°C). Дереккөзі: ҚазГидромет бюллетеньдерінің деректері негізінде авторлар құрастырған [8, 9].
Ескерту: 2022 жылдан бастап деректер облыстың жаңа шекарасы бойынша (Абай облысы бөлінгеннен кейін) берілген

Диаграммада Шығыс Қазақстан облысындағы әр жылдың орташа жылдық ауа температурасының көпжылдық нормадан ауытқуы (аномалиясы) көрсетілген. 2018 жылы орташа жылдық температура норма деңгейінде болса (–0,01°C), 2019 жылдан бастап ол барлық

жылдары нормадан 1,2°С-тан астам жоғары болды. Ең жоғары аномалия 2023 жылы тіркелді (+2,50°С), 2024 жылы ол +2,07°С құрады. 2018–2021 жылдардағы орташа аномалия +1,20°С болса, 2022–2024 жылдары ол +2,13°С-қа дейін өсті. Демек, соңғы жылдары облыста жылыну үрдісі айқын байқалады. Ауа температурасының бұлай өзгеруі ара шаруашылығы үшін маңызды ықпалын тигізуі мүмкін. Жоғары температуралар өсімдіктердің дамуына, олардың гүлденуіне, нектар өнімділігінің артуына немесе, керісінше, төмендеуіне әсер етуі ықтимал. Сонымен қатар, балшырынды өсімдіктердің биологиялық процестері мен аралардың белсенділігі де осы климаттық өзгерістермен тығыз байланысты. Температураның өсуі ара колонияларының өнімділігіне де ықпал етуі мүмкін; бұл болжам екінші тапсырмада қарастырылды.

Температураның мұндай тұрақты өсуі балшырынды өсімдіктердің фенологиясына – гүлдену мерзімі мен ұзақтығына – ықпал етіп, нектар бөлінуінің қарқындылығын өзгертуі мүмкін. Гүлдену кезеңінің ерте басталуы немесе қысқаруы аралардың нектар жинау белсенділігі жоғары кезеңмен сәйкес келмей қалу қаупін тудырады. Осылайша климаттық көрсеткіштерді талдау білім алушыларға абстрактілі «климаттың өзгеруі» ұғымын нақты биологиялық және шаруашылық салдарлармен байланыстыруға мүмкіндік берді. Бұл тапсырма зерттеу құзыреттілігінің бірнеше компонентін бір мезгілде іске қосты: деректерді жинау мен өңдеу, оларды визуалдау және алынған үрдістен негізделген болжам жасау.

Диаграмма мақаланы дайындау кезінде ҚазГидрометтің 2018–2024 жылдарға арналған ресми жылдық бюллетеньдерінің деректері бойынша нақтыланып тұрғызылды; барлық мәндер бірыңғай норма – 1961–1990 жылдардағы көпжылдық орташа мәнге қатысты берілген. 2015 және 2017 жылдардағы бюллетеньдерде облыс бойынша осы нормаға қатысты жылдық аномалия көрсетілмегендіктен, деректердің салыстырмалылығын сақтау үшін талдау 2018–2024 жылдардың үздіксіз қатарымен шектелді.

Климаттық үрдістің нақты биологиялық салдарын бағалау үшін зерттеу тапсырмаларының пәндік негізі нақтыланды: әдеби деректер негізінде Шығыс Қазақстан облысының негізгі балшырынды өсімдіктерінің түрлік құрамы, олардың өңірдегі гүлдену кезеңдері және нектар өнімділігінің сандық көрсеткіштері жүйеленді [7, 10]. Нектар өнімділігі қалыпты ауа райы жағдайында аралардың 1 га тұтас өсімдік жамылғысынан жинай алатын бал мөлшерімен (кг/га) өрнектелді. Нәтижелер 1-кестеде берілген.

Кесте 1 – Шығыс Қазақстан облысының негізгі балшырынды өсімдіктері, олардың гүлдену кезеңдері және бал өнімділігі

№	Өсімдік (латынша атауы)	ШҚО жағдайындағы гүлдену кезеңі	Бал өнімділігі, кг/га
1	Тал (*Salix spp.*)	сәуірдің соңы – мамыр	150-ге дейін
2	Ағаш тәрізді қараған, сары акация (*Caragana arborescens Lam.*)	мамырдың соңы – маусым	~ 350
3	Эспарцет (*Onobrychis spp.*)	маусым	90–400
4	Таңқурай (*Rubus idaeus L.*)	маусым – шілде	200-ге дейін
5	Жатаған беде, ақ беде (*Trifolium repens L.*)	маусым – тамыз	100-ге дейін
6	Ақ және сары түйежоңышқа (*Melilotus albus Medik., M. officinalis (L.) Pall.*)	маусымның соңы – тамыз	~ 300
7	Қарақұмық (*Fagopyrum esculentum Moench*)	маусым – тамыз	60–90
8	Жіңішке жапырақты иваншай (*Chamaenerion angustifolium (L.) Scop.*)	шілде – тамыз	300–350
9	Күнбағыс (*Helianthus annuus L.*)	шілде – тамыз	30–40

Ескерту: * гүлдену мерзімдері облыстың жазық және тау бөктері аймақтары үшін шамамен көрсетілген, биіктік белдеуі мен жылдың ауа райына байланысты 1–2 аптаға ығысуы мүмкін; ** бал өнімділігі қалыпты ауа райы жағдайындағы орташа мәндер бойынша М.М. Глуховтың деректерінен алынған [10]. Дереккөзі: [7, 10] негізінде авторлар құрастырған.

Кесте деректері балшырынды өсімдіктердің бал өнімділігі бойынша айтарлықтай ерекшеленетінін көрсетеді: эспарцет, түйежоңышқа, сары акация және иваншай гектарына 300–400 кг-ға дейін бал береді, ал өңірде кең егілетін күнбағыстың бал өнімділігі 30–40 кг/га ғана, яғни шамамен 8–10 есе төмен. Гүлдену кезеңдерін салыстыру облыста негізгі бал жинау маусымның соңы – шілде айларына келетінін, ал көктемгі (тал) және жаздың соңындағы (иваншай, қарақұмық, күнбағыс) балшырынды өсімдіктер аралардың қолдаушы азық базасын құрайтынын көрсетеді. Осы деректерді 1-суреттегі температуралық үрдіспен салыстыру жылыну гүлдену мерзімдерін ерте ығыстырып, ал құрғақшылық нектар бөлінуін азайтқан жағдайда [11, 12] дәл осы шілде айындағы негізгі бал жинау кезеңі ең осал болатынын болжауға мүмкіндік береді. Сандық көрсеткіштермен жұмыс білім алушыларға жалпы тұжырымнан нақты бағалауға көшуге жағдай жасайды: мысалы, 1 га ақ түйежоңышқа мен 1 га күнбағыстың әлеуетті бал қорын салыстыру ара жайылымын жоспарлауда өсімдік түрін таңдаудың маңызын сандық тұрғыдан негіздейді.

Зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша, климаттық өзгерістердің ара шаруашылығына, сондай-ақ балшырынды өсімдіктердің нектар өнімділігіне әсері маңызды фактор болып табылады. Алдағы жылдары осы өзгерістердің әсерін талдап, олардың ара шаруашылығындағы тиімділікке қалай әсер ететінін тереңірек зерттеу қажеттілігін білім алушылар түсінді.

Екінші тапсырма талдамасы: Магистранттар құрғақ жылдар ара колонияларының дамуы мен олардың нектар өнімділігіне қалай әсер еткендігі туралы ақпаратты түрлі әдебиет көздерінен және ҚазГидромет бюллетеньдерінен [8, 9] жинап, құрғақ жылдардағы өзгерістерді 2-суреттегі схема түрінде ұсынды:

Құрғақ жылдар					
Жауын-шашынның азаюы:			**Температураның жоғарылауы:**		
Тозаңданудың төмендеуі	Колонияның әлсіреуі	Өнімділік пен балдың азаюы	Аралардың азық-түлік іздеудегі қиындықтар	Өнімділіктің төмендеуі	Колонияның өліп кету қаупі

Сурет 2 – Құрғақ жылдардың ара колонияларының дамуы мен олардың нектар өнімділігіне әсері. Дереккөзі: әдеби деректер мен ҚазГидромет мәліметтері негізінде авторлар құрастырған [9, 11–13]

Зерттеу арқылы және топтық талқылау нәтижесінде магистранттар ара колонияларына әсер ететін негізгі факторларды және нәтижесінде орын алатын құбылыстарды схема түрінде көрсете алды.

Білім алушылар зерттеу жұмыстары нәтижесінде мынандай қорытынды жасады. Жаңбырлы жылдар ара колонияларының дамуына және өнімділігіне оң әсер етеді. Жауын-шашынның көп болуы өсімдіктердің жақсы өсуіне ықпал етіп, аралар үшін азық-түлік көзі артады. Сонымен қатар шамадан тыс ыстықтың болмауы аралардың ұшу белсенділігін сақтап (аралардың қоректену белсенділігі үшін қолайлы температура – шамамен 20–30°C), бал жинау процесін жеңілдетеді. Бұл жағдайлар ара колонияларының қарқынды дамуына және олардың өнімділігінің жоғарылауына әкеледі. Азық-түлік жеткілікті болғандықтан, балдың мөлшері артып, колониялардың жалпы өнімділігі жоғарылайды [11–14].

Екінші тапсырма білім алушыларға климаттық факторлардың ара колонияларына әсерін жүйелі себеп-салдарлық схема түрінде көрсетуге мүмкіндік берді. Схеманы құру барысында магистранттар құрғақшылық пен температура өсуінің тікелей (нектар мен азық

көзінің азаюы) және жанама (тозаңданудың төмендеуі, колонияның әлсіреуі) салдарларын ажыратып, оларды бір-бірімен байланыстырды. Мұндай құрылымдау зерттеушілік ойлаудың маңызды белгісі – құбылысты жеке фактілер жиынтығы ретінде емес, өзара байланысты жүйе ретінде қабылдау – қалыптасқанын көрсетеді. Жаңбырлы және құрғақ жылдарды салыстыру арқылы білім алушылар қарама-қарсы жағдайларды талдап, климаттық жағдайдың ара шаруашылығының өнімділігіне әсерін жан-жақты түсіндірді.

Схемада көрсетілген себеп-салдарлық байланыстар климаттың ара шаруашылығы мен балшырынды өсімдіктердің нектар өнімділігіне әсерін қарастыратын заманауи ғылыми зерттеулердің тұжырымдарымен негізделді [11–13]: температураның жоғарылауы мен ылғалдың жетіспеуі өсімдіктердің гүлденуі мен нектар бөлінуін, соған сәйкес аралардың азық базасын тікелей шектейді.

Қорытынды жасай отырып, білім алушылар берілген екі тапсырманы да жоғары деңгейде орындағанын атап өтуге болады. Магистранттар диаграммаларды құру және талдау арқылы тапсырмаларға тереңірек көзқарас танытты. Сондай-ақ, олар схемалардың көмегімен құрғақ және жаңбырлы жылдар арасындағы айырмашылықтарды тиімді түсіндіріп, әртүрлі жылдардағы климаттық құбылыстардың әсерін жан-жақты сипаттады. Бұл білім алушылардың аналитикалық қабілеттері мен зерттеу дағдыларын дамытудың айқын көрсеткіші болып табылады. Сабақтың нәтижесінде магистранттар зерттеу дағдыларын, талдау қабілеттерін және ғылыми жұмыстарды орындаудың негізгі әдіс-тәсілдерін жақсы меңгерді. Әрбір тапсырманың мақсаты айқын қойылып, білім алушылар тек теориялық білімдермен ғана емес, практикалық дағдыларын да көрсетуге мүмкіндік алды. Тапсырмаларды орындау барысында білім алушылардың белсенділігі мен қызығушылығы байқалды, бұл өз кезегінде олардың кәсіби құзыреттіліктерін арттыруға ықпал етті [15].

Сабақтар циклінің соңында барлық қатысушылардан (n = 30) бес сұрақтан тұратын сауалнама алынды, оның нәтижелері 2-кестеде көрсетілген. Сауалнама білім алушылардың зерттеу жұмысын қалай қабылдағанын және өз зерттеушілік дамуын қалай бағалайтынын анықтауға мүмкіндік берді.

Кесте 1 – Сауалнама сұрақтары және талдамасы

1. Сіз өзіңізді зерттеуші ретінде қаншалықты сезіндіңіз?	
Жауаптар	**Респонденттер саны, адам (%), n = 30**
Сенімді сезіндім	**12 (40%)**
Орташа сезіндім	**15 (50%)**
Сезінбедім	**3 (10%)**
2. Сіз зерттеу жұмысы барысында қандай да бір қиындықтарға тап болдыңыз ба?	
Иә	**12 (40%)**
Жоқ	**18 (60%)**
3. Сабақтың зерттеушілік қабілеттеріңізге әсері қандай болды?	
Қабілеттерім артты	**12 (40%)**
Қабілеттерім өзгерген жоқ	**14 (46,7%)**
Қабілеттерім төмендеді	**4 (13,3%)**
4. Зерттеу тапсырмаларын орындау барысында қандай да бір жаңа білім немесе дағды меңгердіңіз бе?	
Иә	**27 (90%)**
Жоқ	**3 (10%)**
5. Сізге зерттеу жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуі ұнады ма?	
Иә	**27 (90%)**
Жоқ	**3 (10%)**

Сауалнама нәтижелері бойынша респонденттердің 90%-ы (27 адам) жаңа білім немесе дағды меңгергенін және зерттеу жұмысының ұйымдастырылуын оң бағалағанын атап өтті, ал зерттеушілік қабілеттерінің артқанын 40%-ы (12 адам) көрсетті. Бұл көрсеткіштер білім алушылардың зерттеу жұмыстары барысында жаңа білім мен дағдыларды меңгергенін және зерттеушілік іс-әрекетке қызығушылығының жоғары екенін көрсетеді.

Сауалнама нәтижелерін зерттеу құзыреттілігінің компоненттері тұрғысынан талдау бірнеше заңдылықты көрсетеді. Іс-әрекеттік компонент бойынша көрсеткіштер жоғары: респонденттердің 90%-ы жаңа дағдыларды меңгергенін және зерттеу жұмысының ұйымдастырылуын оң бағалағанын атап өтті, бұл ұсынылған әдістемелік тәсілдің практикалық тиімділігін көрсетеді. Мотивациялық компонент бойынша білім алушылардың 40%-ы өзін зерттеуші ретінде сенімді, 50%-ы ішінара сезінгенін көрсетті – бұл өзін зерттеуші ретінде сезінудің біртіндеп қалыптасатынын және қосымша тәжірибені қажет ететінін білдіреді. Зерттеушілік қабілеттерінің айқын артқанын тек 40% байқауы да осымен үндес: зерттеу құзыреттілігі бір сабақта емес, жүйелі әрі ұзақ мерзімді жұмыс нәтижесінде дамитын күрделі құрылым. Қиындықтарға тап болғанын 40% атап өтуі зерттеу тапсырмаларының проблемалық сипатын және білім алушыны интеллектуалдық ізденіске ынталандырғанын көрсетеді, бұл – зерттеушілік іс-әрекеттің табиғи әрі қажетті белгісі.

Сауалнаманың үшінші сұрағы бойынша алынған жауаптар жеке талдауды қажет етеді: 30 респонденттің 14-і (46,7%) зерттеушілік қабілеттерінің өзгермегенін, 4-і (13,3%) төмендегенін көрсетті. Бұл нәтижелерді бірнеше себеппен түсіндіруге болады. Біріншіден, магистранттардың басым бөлігі бакалавриатта курстық және дипломдық жұмыстар арқылы белгілі бір зерттеу тәжірибесін жинақтаған, сондықтан салыстырмалы түрде қысқа мерзімде (15 сабақ) олар өз қабілеттеріндегі өзгерісті айқын деп бағаламаған. «Өзгерген жоқ» деген жауап қабілеттің төмен деңгейін емес, бастапқы деңгейдің сақталуын білдіреді және бірінші сұрақтағы «орташа сезіндім» (50%) деген жауаппен үндес келеді.

Екіншіден, «төмендеді» деген жауапты (4 респондент, 13,3%) зерттеушілік қабілеттің нақты нашарлауы ретінде емес, өзін-өзі бағалаудың сыни түрғыда қайта қаралуы ретінде түсіндірген орынды. ҚазГидрометтің нақты деректерімен жұмыс істеу, диаграмма тұрғызу және себеп-салдарлық схема құру барысында кейбір білім алушылар өз білімі мен дағдыларындағы олқылықтарды алғаш рет анық сезінді. Мұны екінші сұрақ бойынша респонденттердің 40%-ының қиындықтарға тап болғанын атап өтуі де растайды. Психологиялық зерттеулерде мұндай құбылыс өзін-өзі бағалаудың калибрленуі ретінде сипатталады: нақты күрделі тапсырмамен бетпе-бет келіп, қажетті дағдыларды игере бастаған адам өз мүмкіндігін бұрынғыдан төмен, бірақ шынайырақ бағалайды [16].

Үшіншіден, сауалнама объективті өлшеу құралы емес, өзін-өзі бағалау құралы болғандықтан, оның нәтижелері тапсырмаларды орындау сапасын сараптамалық бағалаумен бірге қарастырылды; соңғысы бойынша барлық топтар екі тапсырманы да орындап, нәтижелерін қорғады. Сонымен, 46,7% және 13,3% көрсеткіштері ұсынылған тәсілдің тиімсіздігін емес, зерттеу құзыреттілігінің ұзақ мерзімде қалыптасатынын және білім алушылардың бір бөлігіне қосымша қолдау қажет екенін көрсетеді. Осыған байланысты қиындыққа тап болған магистранттарға жеке кеңес беру, тапсырмаларды күрделілік деңгейі бойынша саралау және деректерді өңдеу мен визуализациялау бойынша қосымша практикалық сабақтар ұйымдастыру ұсынылады.

Сонымен қатар нәтижелерді диаграмма мен схема түрінде ұсыну және сабақ соңында өз іс-әрекетін рефлексиялау білім алушылардың зерттеу нәтижесін сыни бағалау және оны құрылымды түрде жеткізу дағдыларын дамытты. Осылайша қолданылған әдістемелік тәсіл зерттеу құзыреттілігінің тек мазмұндық-әрекеттік жағын ғана емес, тұлғаның өзін-өзі бағалау және өзін зерттеуші ретінде сезіну қырын да қамтыды. Алынған сапалық және сандық нәтижелердің үйлесімі зерттеу тапсырмаларының білім алушылардың аналитикалық ойлауын, ұжымдық жұмыс дағдыларын және ғылыми ізденіске деген ынтасын бір мезгілде дамытқанын

растайды. Бұл зерттеу құзыреттілігін қалыптастыруда әдістердің әртүрлілігі мен олардың өзара толықтырушылығының маңызды екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер зерттеушілікке негізделген оқыту (inquiry-based learning) тәсілінің тиімділігін растайды: білім алушы дайын білімді қабылдаушы емес, ғылыми танымның толық циклін – мәселені қою, гипотеза ұсыну, деректерді жинау мен талдау, қорытынды жасау және оны ұсыну – өзі жүзеге асыратын белсенді субъектіге айналады [17]. Мұндай тәсіл кіріспеде аталған зерттеу құзыреттілігінің төрт компонентін де дамытуға бағытталған: пәндік білім нақты тапсырмалар арқылы бекітіледі, зерттеу әдістері практикада қолданылады, креативтілік пен сыни ойлау деректерді түсіндіру барысында жетіледі, ал нәтижелерді схема, диаграмма және ауызша қорғау түрінде ұсыну коммуникациялық дағдыларды шыңдайды. Осылайша нақты экологиялық мазмұнға негізделген зерттеу тапсырмалары зерттеу құзыреттілігін кешенді әрі мағыналы түрде қалыптастырудың тиімді құралы бола алады [14, 18, 19].

Зерттеудің нәтижелері бір білім беру бағдарламасы мен пән аясында алынғандықтан, оларды кеңірек таратпас бұрын әртүрлі контексте қосымша тексеруді қажет етеді; дегенмен алынған мәліметтер зерттеу құзыреттілігін нақты пәндік мазмұн арқылы қалыптастырудың перспективалы бағыт екенін көрсетеді.

Қорытынды

Зерттеу жұмыстары биологиялық білім беруде зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың маңызды рөл атқаратынын айқындады. Сабақ барысында білім алушылардың зерттеушілік дағдылары мен теориялық және практикалық білімдері тиімді дамып, олар өздерінің зерттеу жұмыстары арқылы нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізді. Магистранттардың Шығыс Қазақстан облысының балшырынды өсімдіктері мен олардың нектар өнімділігіне климаттық өзгерістердің әсерін зерттеу барысында қолданған ғылыми әдістер мен құралдар олардың зерттеу қабілеттерін арттырды. Климаттың өзгеруінің балшырынды өсімдіктердің нектар өнімділігі мен ара шаруашылығына әсері жөніндегі заманауи зерттеулер де осы бағыттың өзектілігін растайды. Бұл тәжірибе білім алушылардың ғылыми талдау жасау, зерттеу жүргізу және алынған деректерді интерпретациялау дағдыларын дамытуға көмектесті. Зерттеу нәтижелері олардың зерттеу құзыреттіліктерін жақсартуға және ғылыми ойлау тәсілдерін меңгеруге ықпал етті.

Сауалнама нәтижелері білім алушылардың басым бөлігі зерттеу жұмысын оң бағалағанын (90%) және жаңа дағдыларды меңгергенін (90%) көрсетті; респонденттердің 40%-ы өзін зерттеуші ретінде сенімді сезінгенін, тағы 50%-ы бұл рөлді ішінара сезінгенін атап өтті. Бұл ретте зерттеушілік қабілеттерінің айқын артқанын респонденттердің 40%-ы байқады, бұл зерттеу құзыреттіліктерін қалыптастырудың біртіндеп жүзеге асатын, ұзақ мерзімді үдеріс екенін көрсетеді. Бұл көрсеткіштер білім алушылардың зерттеу жұмыстарына деген қызығушылығының жоғары екенін және келешекте ғылыми жұмыстармен айналысуға құлшыныстары бар екенін айқындайды. Зерттеу жұмыстары білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамытуға оң әсер етіп, олардың болашақта ғылыми салада табысты болуға дайын екендігін көрсетеді. Зерттеушілік қабілеттерінің өзгермегенін (46,7%) немесе төмендегенін (13,3%) көрсеткен жауаптар нақты деректермен жұмыс барысында өзін-өзі бағалаудың сыни сипат алуымен түсіндіріледі және қиындыққа тап болған білім алушыларға саралап қолдау көрсету қажеттігін айқындайды.

Зерттеу нәтижелері білім алушылардың талдау, қорытынды жасау, топтық жұмыс, креативті ойлау дағдыларын дамытуда тиімді екенін көрсетті. Бұл, өз кезегінде, биология пәні бойынша білім алушылардың зерттеу құзыреттіліктерін дамытуға негіз бола алады. Зерттеу жұмыстарының барысында білім алушылардың ізденіс-шығармашылық белсенділігі байқалып, олардың талдау, проблемаларды анықтау, ақпарат жинау, бақылау, гипотезалар құру және жинақтау сияқты зерттеушілік біліктері белсенді түрде қолданылды. Бұл зерттеу құзыреттілігінің мотивациялық және іс-әрекеттік компоненттеріндегі оң өзгерістерге ықпал етті. Биология пәнін оқыту барысында зерттеу жұмыстарын

ұйымдастыру білім алушыларды ғылымға қызықтырып, олардың ғылыми зерттеулер жүргізуге деген ынтасын арттырады және зерттеушілік қабілеттерін жетілдіреді. Осылайша, зерттеу әдістемелерін тиімді қолдану білім алушылардың ғылыми ойлау деңгейін көтеріп, олардың ғылыми жұмыстарға қатысуына ықпал етті.

Зерттеудің практикалық маңызы – ұсынылған әдістемелік тәсіл мен бағалау өлшемшарттарын биологиялық білім беруде магистранттардың зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру және бағалау үшін қолдануға болатындығында; теориялық маңызы – зерттеу құзыреттілігінің құрылымдық компоненттерін нақты пәндік-экологиялық мазмұнмен байланыстыруында.

Авторлардың үлесі:

Мисинова Б.К. – зерттеу жұмысын орындады, деректерді жинақтау және талдау жұмыстарын жүргізді, мақаланың ғылыми мазмұнын өңдеді.

Китапбаева А.А. – зерттеу үдерісіне жетекшілік етті, мақаланы әзірлеу мен редакциялауға қатысты, зерттеу нәтижелерін жүйелеу және рәсімдеу жұмыстарына үлес қосты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Рамазанова А.А., Ерназарова Г.И., Турашева С.К., Каракуш М.А. Биолог студенттердің зерттеушілік құзыреттілігін қалыптастыруда зертханалық жұмыстың маңызы // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы. – 2019. – №4(96). – Б. 86–96.

2 Алипина К.Б. Білім алушылардың ғылыми-зерттеу құзыреттілігін қалыптастыру // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4(130). – Б. 344–360.

3 Өнербаева З.О., Абдикаримова Г.А. Зерттеу әдістері пәні бойынша оқу құралы. – Алматы: KEMEL KITAP, 2023. – 166 б.

4 Сейтметова А.М., Жүзбай А.Қ. Биологияны оқытуда оқушылардың жеке-топтық оқу-танымдық іс-әрекеттерін ұйымдастыру // Қарағанды университетінің хабаршысы. «Педагогика» сериясы. – 2019. – №2(94). – Б. 44–51.

5 Ибадуллаева С.Ж., Бақыт А., Алиева Ж.Ғ., Арыстанова С., Ниязбек А.Ә. Биологиялық және экологиялық зерттеулер әдістемесі: электронды оқулық. – Қызылорда: Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің баспасы, 2024.

6 Советова З.С. Ғылыми зерттеу негіздері және академиялық жазылым: оқу құралы. – Алматы: АЭжБУ баспасы, 2022. – 200 б.

7 Курманов Р.Г. Ресурсы медоносных и безнектарных перганосных растений Средней Азии и Казахстана по материалам мелиссопалинологического анализа // Растительные ресурсы. – 2023. – Т. 59. – №4. – С. 367–377. DOI: https://doi.org/10.31857/S0033994623040076

8 Ежегодные бюллетени мониторинга состояния и изменения климата Казахстана за 2018–2024 гг. [электронный ресурс] / РГП «Казгидромет», Научно-исследовательский центр. – Астана. URL: https://www.kazhydromet.kz/ru/klimat/ezhegodnyy-byulleten-monitoringa-sostoyaniya-i-izmeneniya-klimata-kazahstana (дата обращения: 29.09.2026).

9 Ежегодный бюллетень мониторинга состояния и изменения климата Казахстана: 2023 год [электронный ресурс]. – Астана: РГП «Казгидромет», Научно-исследовательский центр, 2024. – 86 с. URL: https://www.kazhydromet.kz/uploads/files/1891/file/675274ea2635aezhegodnyy-byulleten-ik-za-2023_rus_ot_27-11-24.pdf (дата обращения: 29.09.2026).

10 Глухов М.М. Медоносные растения // Большая советская энциклопедия: в 30 т. / гл. ред. А.М. Прохоров. – 3-е изд. – М.: Советская энциклопедия, 1974. – Т. 15.

11 Takkis K., Tscheulin T., Tsalkatis P., Petanidou T. Climate change reduces nectar secretion in two common Mediterranean plants // AoB PLANTS. – 2015. – Vol. 7. – Article plv111. DOI: https://doi.org/10.1093/aobpla/plv111

12 Phillips B.B., Shaw R.F., Holland M.J., Fry E.L., Bardgett R.D., Bullock J.M., Osborne J.L. Drought reduces floral resources for pollinators // Global Change Biology. – 2018. – Vol. 24. – №7. – P. 3226–3235. DOI: https://doi.org/10.1111/gcb.14130

13 Czekońska K., Łopuch S., Miścicki S. The effect of meteorological and environmental variables on food collection by honey bees (Apis mellifera) // Ecological Indicators. – 2023. – Vol. 156. – Article 111140. DOI: https://doi.org/10.1016/j.ecolind.2023.111140

14 Vincze C., Leelőssy Á., Zajácz E., Mészáros R. A review of short-term weather impacts on honey production // International Journal of Biometeorology. – 2025. – Vol. 69. – №2. – P. 303–317. DOI: https://doi.org/10.1007/s00484-024-02824-0

15 Minner D.D., Levy A.J., Century J. Inquiry-based science instruction – what is it and does it matter? Results from a research synthesis years 1984 to 2002 // Journal of Research in Science Teaching. – 2010. – Vol. 47. – №4. – P. 474–496. DOI: https://doi.org/10.1002/tea.20347

16 Kruger J., Dunning D. Unskilled and unaware of it: How difficulties in recognizing one's own incompetence lead to inflated self-assessments // Journal of Personality and Social Psychology. – 1999. – Vol. 77. – №6. – P. 1121–1134. DOI: https://doi.org/10.1037/0022-3514.77.6.1121

17 Pedaste M., Mäeots M., Siiman L.A. et al. Phases of inquiry-based learning: Definitions and the inquiry cycle // Educational Research Review. – 2015. – Vol. 14. – P. 47–61. DOI: https://doi.org/10.1016/j.edurev.2015.02.003

18 Böttcher F., Thiel F. Evaluating research-oriented teaching: A new instrument to assess university students' research competences (R-Comp) // Higher Education. – 2018. – Vol. 75. – №1. – P. 91–110. DOI: https://doi.org/10.1007/s10734-017-0128-y

19 Quaresma A., Baveco J.M., Brodschneider R. et al. Honey bee food resources under threat from climate change // Nature Communications. – 2026. – Vol. 17. – Article 1331. DOI: https://doi.org/10.1038/s41467-025-68085-6

REFERENCES:

1 Ramazanova A.A., Ernazarova G.I., Turasheva S.K., Karakush M.A. (2019). Biolog studentterdıñ zertteuşılık qūzyrettılıgın qalyptastyruda zerthanalyq jūmystyñ mañyzy [The importance of laboratory work in developing the research competence of biology students]. Qarağandy universitetınıñ habarşysy. «Pedagogika» seriasy, no. 4(96), pp. 86–96. (in Kazakh)

2 Alipina K.B. (2023). Bılım aluşylardyñ ğylymi-zertteu qūzyrettılıgın qalyptastyru [Formation of students' scientific research competence]. Iasaui universitetınıñ habarşysy, no. 4(130), pp. 344–360. (in Kazakh)

3 Önerbaeva Z.O., Abdikarimova G.A. (2023). Zertteu ädısterı pänı boiynşa oqu qūraly [Study guide for the discipline "Research Methods"]. Almaty: KEMEL KITAP, 166 p. (in Kazakh)

4 Seitmetova A.M., Jüzbai A.Q. (2019). Biologiany oqytuda oquşylardyñ jeke-toptyq oqu-tanymdyq ıs-äreketterın ūiymdastyru [Organization of students' individual and group educational and cognitive activities in teaching biology]. Qarağandy universitetınıñ habarşysy. «Pedagogika» seriasy, no. 2(94), pp. 44–51. (in Kazakh)

5 Ibadullaeva S.J., Baqyt A., Alieva J.Ğ., Arystanova S., Niazbek A.Ä. (2024). Biologialyq jäne ekologialyq zertteuler ädıstemesı: elektrondy oqulyq [Methods of biological and ecological research: Electronic textbook]. Qyzylorda: Qorqyt Ata atyndağy Qyzylorda universitetınıñ baspasy. (in Kazakh)

6 Sovetova Z.S. (2022). Ğylymi zertteu negızderı jäne akademialyq jazylym: oqu qūraly [Fundamentals of scientific research and academic writing]. Almaty: AEjBU baspasy, 200 p. (in Kazakh)

7 Kurmanov R.G. (2023). Resursy medonosnyh i beznektarnyh perganosnyh rasteni Srednei Azii i Kazahstana po materialam melisopalinologicheskogo analiza [Resources of melliferous and nectarless pollen-bearing plants of Central Asia and Kazakhstan based on melissopalynological analysis]. Rastitel'nye resursy, vol. 59, no. 4, pp. 367–377. DOI: https://doi.org/10.31857/S0033994623040076 (in Russian)

8 Ejegodnye bületeni monitoriña sostoiania i izmenenia klimata Kazahstana za 2018–2024 gg. [Annual bulletins on monitoring the state and changes of Kazakhstan's climate for 2018–2024]. RSE "Kazhydromet", Research Center. Astana. URL: https://www.kazhydromet.kz/ru/klimat/ezhegodnyy-byulleten-monitoringa-sostoyaniya-i-izmeneniya-klimata-kazahstana (accessed: 29.09.2026). (in Russian)

9 Ejegodnyi bületen monitoriña sostoiania i izmenenia klimata Kazahstana: 2023 god [Annual bulletin on monitoring the state and changes of Kazakhstan's climate: 2023]. Astana: RSE "Kazhydromet", Research Center, 2024, 86 p. URL: https://www.kazhydromet.kz/uploads/files/1891/file/675274ea2635aezhegodnyy-byulleten-ik-za-2023_rus_ot_27-11-24.pdf (accessed: 29.09.2026). (in Russian)

10 Glukhov M.M. (1974). Medonosnye rastenia [Honey plants]. In: Bol'shaya sovetskaya entsiklopediya [Great Soviet Encyclopedia]. 3rd ed. Moscow: Sovetskaya entsiklopediya, vol. 15. (in Russian)

11 Takkis K., Tscheulin T., Tsalkatis P., Petanidou T. (2015). Climate change reduces nectar secretion in two common Mediterranean plants. AoB PLANTS, vol. 7, article plv111. DOI: https://doi.org/10.1093/aobpla/plv111

12 Phillips B.B., Shaw R.F., Holland M.J., Fry E.L., Bardgett R.D., Bullock J.M., Osborne J.L. (2018). Drought reduces floral resources for pollinators. Global Change Biology, vol. 24, no. 7, pp. 3226–3235. DOI: https://doi.org/10.1111/gcb.14130

13 Czekońska K., Łopuch S., Miścicki S. (2023). The effect of meteorological and environmental variables on food collection by honey bees (Apis mellifera). Ecological Indicators, vol. 156, article 111140. DOI: https://doi.org/10.1016/j.ecolind.2023.111140

14 Vincze C., Leelőssy Á., Zajácz E., Mészáros R. (2025). A review of short-term weather impacts on honey production. International Journal of Biometeorology, vol. 69, no. 2, pp. 303–317. DOI: https://doi.org/10.1007/s00484-024-02824-0

15 Minner D.D., Levy A.J., Century J. (2010). Inquiry-based science instruction – what is it and does it matter? Results from a research synthesis years 1984 to 2002. Journal of Research in Science Teaching, vol. 47, no. 4, pp. 474–496. DOI: https://doi.org/10.1002/tea.20347

16 Kruger J., Dunning D. (1999). Unskilled and unaware of it: How difficulties in recognizing one's own incompetence lead to inflated self-assessments. Journal of Personality and Social Psychology, vol. 77, no. 6, pp. 1121–1134. DOI: https://doi.org/10.1037/0022-3514.77.6.1121

17 Pedaste M., Mäeots M., Siiman L.A. et al. (2015). Phases of inquiry-based learning: Definitions and the inquiry cycle. Educational Research Review, vol. 14, pp. 47–61. DOI: https://doi.org/10.1016/j.edurev.2015.02.003

18 Böttcher F., Thiel F. (2018). Evaluating research-oriented teaching: A new instrument to assess university students' research competences (R-Comp). Higher Education, vol. 75, no. 1, pp. 91–110. DOI: https://doi.org/10.1007/s10734-017-0128-y

19 Quaresma A., Baveco J.M., Brodschneider R. et al. (2026). Honey bee food resources under threat from climate change. Nature Communications, vol. 17, article 1331. DOI: https://doi.org/10.1038/s41467-025-68085-6

ОСОБЕННОСТИ ФОРМИРОВАНИЯ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИХ КОМПЕТЕНЦИЙ В КОНТЕКСТЕ БИОЛОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Мисинова Б.К., Китапбаева А.А.*

Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова,
Республика Казахстан, г. Усть-Каменогорск
**e-mail: kokenaeva@mail.ru, akitapbaeva@vku.edu.kz*

Аннотация. В данной статье рассматриваются вопросы формирования исследовательских компетенций обучающихся при обучении биологии и их педагогические особенности. Исследовательская компетенция напрямую способствует развитию у обучающихся навыков понимания биологических явлений посредством применения научных методов, проведения самостоятельных исследований, построения гипотез и систематического анализа полученных результатов. В статье представлены результаты практического исследования, проведенного с участием магистрантов, по изучению медоносных растений Восточного Казахстана и влияния изменения климата на их нектаропродуктивность.

Исследовательская работа позволила повысить творческий, независимый поиск обучающихся, развить их креативное мышление, а также помогла освоить этапы научно-исследовательской деятельности. В статье также анализируются групповые исследовательские работы обучающихся, их опыт выполнения специальных заданий, направленных на развитие исследовательских навыков, и уровень формирования их исследовательских компетенций. Результаты анкетирования показывают, что 90% обучающихся овладели новыми практическими навыками и положительно оценили организацию исследовательской работы, тогда как рост собственно исследовательских способностей отметили 40% респондентов. Представленные в статье исследования подчеркивают необходимость совершенствования системы биологического образования и важность научной работы для ее дальнейшего развития. Использование отдельных методов и инструментов ориентирует обучающихся на самостоятельную работу, оттачивание творческих способностей и формирование современного научного мышления.

Ключевые слова: *исследовательская компетентность, исследовательские навыки, биологическое образование, научно-исследовательская деятельность, подготовка магистрантов, медоносные растения, изменение климата, нектаропродуктивность.*

FEATURES OF FORMING RESEARCH COMPETENCIES IN THE CONTEXT OF BIOLOGICAL EDUCATION

B. Missinova, A. Kitapbaeva*

East Kazakhstan University named after S. Amanzholov,
Republic of Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk
**e-mail: kokenaeva@mail.ru, akitapbaeva@vku.edu.kz*

Abstract. This article examines the formation of students' research competencies in biology education and their pedagogical characteristics. Research competence directly contributes to developing students' skills in understanding biological phenomena through the application of scientific methods, conducting independent research,

formulating hypotheses, and systematically analyzing the results obtained. The article presents the results of a practical study conducted with master's students to investigate the melliferous plants of East Kazakhstan and the impact of climate change on their nectar productivity.

The research work enhanced students' creative and independent inquiry, developed their creative thinking skills, and assisted them in mastering the stages of scientific research activities. Furthermore, the article analyzes students' group research work, their experience in completing specific tasks designed to develop research skills, and the level of formation of their research competencies. Survey results demonstrate that 90% of students acquired new practical skills and positively assessed the organization of the research work, while an increase in their research abilities was reported by 40% of the respondents. The research presented in the article highlights the necessity of improving the biological education system and the importance of scientific work for its future development. The application of specific methods and tools directs students toward independent work, the refinement of creativity, and the formation of modern scientific thinking.

Keywords: *research competence, research skills, biological education, scientific research activity, master's students training, melliferous plants, climate change, nectar productivity.*

Авторлар туралы мәліметтер:

Мисинова Балжан Кайратовна* – докторант, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Қазақстан, Өскемен қ., e-mail: kokenaeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0001-2163-9706).

Китапбаева Алмаш Анашбаевна – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан университеті (Қазақстан, Өскемен қ., e-mail: akitapbaeva@vku.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8039-8594).

Сведения об авторах:

Мисинова Балжан Кайратовна* – докторант, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова (Казахстан, г. Усть-Каменогорск, e-mail: kokenaeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0001-2163-9706).

Китапбаева Алмаш Анашбаевна – кандидат биологических наук, ассоциированный профессор, Восточно-Казахстанский университет имени С. Аманжолова (Казахстан, г. Усть-Каменогорск, e-mail: akitapbaeva@vku.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8039-8594).

Information about authors:

Missinova Balzhan Kairatovna* – Doctoral Student, East Kazakhstan University named after S. Amanzholov (Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, e-mail: kokenaeva@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0001-2163-9706).

Kitapbaeva Almash Anashbaevna – Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, East Kazakhstan University named after S. Amanzholov (Kazakhstan, Ust-Kamenogorsk, e-mail: akitapbaeva@vku.edu.kz, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-8039-8594).

ҒТАМР 14.25.09 DOI 10.53355/ZHU.2026.120.3.015

«ҚОРҚЫТ АТА КІТАБЫНДАҒЫ» ЖЫРЛАРДЫ СТУДЕНТТЕРГЕ ОҚЫТУДЫҢ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Н. Серікбек[*] , *Б.С. Сарбасов* , *Ж.Т. Асанов*

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
[*]*e-mail: nura_snd@mail.ru, sarbasov.bolathan@mail.ru, zhandarassanov@gmail.com*

Аңдатпа. Мақалада «Қорқыт ата кітабындағы» жырларды студенттерге оқыту барысында, оқу-тәрбие үдерісінде, яғни оларға білім беру, тәрбиелеу және дамытуда қолданылатын жаңа әдіс-тәсілдер қарастырылады. Оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану – бүгінгі таңда білім берудің өзекті мәселесі болып табылады. Сондықтан студенттерге Қорқыт ата жырын оқытуда қолданылатын жаңа ақпараттық технологияларға басымдық берілді. Зерттеу материалы ретінде «Қорқыт ата кітабындағы» жырлар негізге алынды. Бұл тақырыптың өзектілігі студенттердің сабақ барысында проблемалық оқыту технологиясын пайдалана отырып, тарихи шежірелер турасында теориялық білімдерін ұштау және оны практика жүзінде жүзеге асыру жолдарымен ерекшеленеді. Тарихымызды зерттеудегі құнды шығармалардың бірі болып саналатын фольклорлық шығармалар студенттің өн бойына рухани азық болар дағдыларды үйретуге, бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастыруға жол ашады. Сонымен қатар Қорқыт ата жырларын оқытуда проблемалық оқыту технологиясын қолдану студенттердің ой-өрісін кеңейтуге, оқуға деген ынтасын арттыруға, оқу үдерісіне белсене араласуына, пәнге деген қызығушылығын арттыруға мол мүмкіндік туғызады. Мақалада фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың қажеттілігі мен тиімділігі, ақпараттық технологияны ұтымды пайдалану мүмкіндігі кеңінен қарастырылады.

Кілт сөздер: *Қорқыт ата, ақпараттық технология, ұлттық құндылық, проблемалық оқыту технологиясы, тұлға қалыптастыру, фольклорлық шығармалар.*

Кіріспе

Қазіргі таңда әлемде жаһандану процесі қарқынды жүріп жатыр. Осы тұста жоғары оқу орындарында оқытудың проблемалық оқыту технологиясын пайдаланудың маңызы зор. Бұл технология білікті де білімді маман әзірлеуде таптырмас көмекші құрал болып саналады. Сондай-ақ студенттерге сабақты игертуде, дәріске ынтасын жоғарылатуда, өзіндік көзқарасын қалыптастыруда жетекші рөл атқарады. Проблемалық оқыту технологиясы студенттердің бойында білім, білік, дағдыларын қалыптастырып қана қоймай, сабақ барысында туындаған проблемалық сұрақтардың шешу жолдарын табуға да дағдыландырады.

Мақалада «Қорқыт ата кітабындағы» жырларды оқыту барысында проблемалық оқыту технологиясын жоғары оқу орындарында қолданудың білім беру үдерісін жаңартудағы және білім беру жүйесін жетілдірудегі тиімділігі көрсетілген. Студенттердің бойында рухани құндылық пен ұлттық сананы қалыптастыруда жаңартылған білім беру бағдарламасының маңызы зор. Түрлі әдіс-тәсілдерді сабақ барысында пайдалану студентті өз ойын еркін жеткізуге, шығармашылық қабілетін арттыруға жол ашады.

Өз заманының ойшылы, данагөйі, жырауы әрі қобызшысы Қорқыт түркі халықтарына ортақ тарихи тұлға. Мәңгілік өмірді аңсаған Қорқыт ата саналы ғұмырында артына мәңгілік өшпес із қалдырды. Түбі бір түркі халықтарының төл мұрасы болып саналатын «Қорқыт ата кітабының» жырлары халқымыздың асыл қазынасы әрі құнды жәдігері болып саналады. Бұл кітап 12 жырдан тұрады. Олар: Дирсеханның ұлы Бұқашжан туралы жыр; Қазан Салордың ауылын жау шапқаны жайындағы жыр; Байбөрінің баласы Бәмсі-Байрақ жайындағы жыр; Қазан бектің баласы Ораз бектің тұтқын болғаны турасындағы жыр; Тоқаның баласы батыл Домрул жайлы жыр; Оғыз Қаңлының баласы Қан-Төрәлі турасындағы жыр; Оғыз Қазылықтың баласы Иекенек жайындағы жыр; Төбекөз дәуді өлтірген Бисат жайлы жыр; Бекілдің ұлы Әміран батыр жайындағы жыр; Оғыз

Ұшанның баласы Секрек жайлы жыр; Қазан-Салордың тұтқын болғаны, оны баласы Ораздың азат етуі туралы жыр; Сыртқы Оғыздардың ішкі Оғыздарға қарсы бас көтеруі мен Байрақтың қалай өлтірілгені жайындағы жыр. Біз осы жырлардың ішінде «Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырды» оқыту технологиясына тоқталатын боламыз.

Тағы бір айта кетерлік жайт, ғылым әлемін дүр сілкіндірген жаңалық бұл кітаптың жаңа нұсқасының табылуы еді. Ол турасында профессор, доктор А.Б. Ерчиласунның ғылыми зерттеу мақаласынан дәйек келтіруге болады: «Dede Korkut Kitabı'nın yeni nüshası, Veli Muhammed Hoca tarafından 12 Aralık 2018 tarihinde Tahran'daki Hüner kitabevinden satın alınmıştır. El yazması şu anda Türkmensahra bölgesinin Günbed şehrinde yaşayan Veli Muhammed Hoca'nın hususi kütüphanesinde bulunmaktadır» [1]. Ал отандық ғалымдар осы кітапты ғылыми айналымға түсіруге өз үлестерін қосты. Бұл ғылыми жаңалық болды. 2019 жылы Қорқыт ата ғылыми зерттеу институтының басшысы, профессор Мырзатай Жолдасбеков пен осы институттың бас ғылыми қызметкері, PhD доктор Гүлім Шадиева «Қорқыт ата кітабы (Дрезден нұсқасының транскрипциясы, қазақша жаңашаланған мәтіні, сөздігін)» дайындап, жарыққа шығарды.

Филология ғылымдарының кандидаты А.Х. Бекбосынова мен Г.Ш. Қуанышбаева, А.Ж. Жақсылықтың «Қорқыт ата нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні» атты зерттеу мақаласында Қорқыт ата мұрасындағы адам мәселесі, оның өмір сүру қағидалары мен мақсат-мұраттары және қоғам мен ұлттық болмыс хақындағы әлеуметтік тұрмыстық толғаныстарының қазіргі таңдағы өзектілігін таныту – өзекті мәселе екені баяндалады [2]. Қорқыт атаның нақыл сөздері ата салтын ұмытпау, ұлықтау керектігін, сондай-ақ адамгершілік, отбасы құндылықтары турасында айтып кеткен өсиеттері қай заманда болса да өзектілігін жоғалтпайды.

Филология ғылымдарының докторы Т. Қоңыратбай «Ә. Марғұлан және қобыз дәстүрі туралы» жазған зерттеу мақаласында фольклортану ғылымында кең өріс алған Қорқыт пен қобыз ұғымдарын Ә. Марғұланның соны пікірлерімен ұштастырады. Т. Қоңыратпай еңбегінде: «Кеңестік дәуірден бастап Қорқыт дәстүрін зерттеушілердің басым көпшілігі Ә. Марғұлан пікірлеріне табан тіреп келеді. Ғалымның ертеректе жарияланған «О носителях древней поэтической культуры казахского народа» атты мақаласынан бастап «Ежелгі жыр, аңыздар» атты жинағының едәуір бөлігін Қорқыт және қобыз дәстүріне арналған ізденістері құрайды», – дейді [3]. Қай зерттеушінің еңбегіне зер салсақ та, Қорқыт мұрасы біздің әдебиетіміз бен мәдениетімізге тың серпіліс әкелген озық туынды екендігін дәлелдеп береді. Егер осы жырларды өсіп келе жатқан жас өскін ұрпақтардың санасына сіңірер болсақ, ұлт мұрасын ұлықтайтын, жастары жалынды, рухты, отанның, отбасының қадір-қасиетін түсінетін білімді де ізденімпаз жастардың көптеп тәрбиеленуіне жол ашар едік.

Қазақстан Республикасының білім беру мен дамытуға арналған 2020-2025 жылдардағы мемлекеттік бағдарламасында бәсекеге қабілетті маманды дайындаудың негізі жанұяда, ортада және білім саласында қолданылатын құндылықтар болып саналады. Елімізде «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру мақсатындағы тәрбиенің негізгі заңдылықтары бекітілді. Соның арқасында «Жас Сарбаз» әскери-патриоттық клубы (колледж, ЖОО) жұмыс істеп тұр [4].

Еліміздің әдебиеті мен мәдениетін цифрландыру – заман талабы. Білім беруде цифрлық технологияны пайдалану келешекте студенттердің сауатты, шебер, іскер де бәсекеге қабілетті маман болуына зор септігін тигізеді. Сондай-ақ, студенттердің білім деңгейін арттыру, оқу үдерісін тиімді әдіс-тәсілдермен ұйымдастыру, оқытушы мен студенттердің қарым-қатынасын нығайту үшін де өте маңызды.

Б.Д. Жұмақаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» оқулығында әдіс-тәсілдердің заман талабына сай толыға түсуін қазіргі таңда оқу пәні ретінде әдебиетті оқытудың әдістемелік жүйесі жаңа әдіс-тәсілдермен толыға түскенін, оқыту үдерісінде тың ізденістер мен білім берудің жаңа технологиялары білім саласына үлкен бетбұрыс әкеліп

отырғанын баяндай келіп «Ендеше әдебиетті оқытудың жүйесін қалыптасқан дәстүр арнасында кеңейте қолдану, жаңа пайымдаулар мен психопедагогикалық интеграцияда жаңа технологияларға негіздеу қажеттігі айқындала түседі», – деп тұжырымдайды [5]. Ал Ж.Б. Қыдыралиева, Г.С. Балтабаева, И. Четин, Ж. Ерахметқызы «Әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздері» атты зерттеу мақаласында былай деп қорытынды жасаған. «... сабақ барысында индуктивтік, дедуктивтік, репродуктивтік, проблемалық, көрнекілік әдіспен оқыту тиімді болып табылады», – дейді [6]. Яғни оқытушы жаңадан жаңаны табатын жасампаз тұлға болып саналады. Себебі заманауи әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдаланып, цифрлық технологияны сабақ барысында пайдалану студенттердің өзін-өзі тануына жол ашып қана қоймай, көшбасшылық қабілетін оятуға зор мүмкіндік береді.

Бұл зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – «Қорқыт ата кітабындағы» жырларды студенттерге оқыту барысында цифрлық технологияларды тиімді пайдалану арқылы білім беру үдерісінің сапасын арттыру, оқытушылар мен студенттердің оқу-танымдық қызметін жеңілдету және білім алушылардың өздігінен іздену, шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту болып табылады. Сонымен қатар зерттеудің өзекті мәселесі – студенттердің бойында патриоттық сезім мен ұлттық құндылықтарға құрметті қалыптастыруда цифрлық технологиялардың мүмкіндіктерін тиімді қолданудың ғылыми-әдістемелік негіздерін айқындау және оның білім беру тәжірибесіндегі тиімділігін дәлелдеу.

Материалдар мен әдістер

Білім беру үрдісінде жаңа технологияларды қолдануда әдіскер ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстарын негізге алдық. Соның нәтижесінде көптеген әдістемелік құралдар жарыққа шықты. Оған XX ғасырда жазылған Ә. Қоңыратпаев пен А. Көшімбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасы», Қ. Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі», XXI ғасырдың басында жарық көрген Т.Қ. Жұмажановаңың «Әдебиетті оқыту әдістемесі», Б.Д. Жұмақаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесін» айтуға болады. Бұл әдістемелік құралдар мұғалімдерге жетекші құрал ретінде көп септігін тигізері хақ. Түптеп келгенде оқытушының өзі ізденімпаз, жаңалыққа жаны құштар жасампаз болуы шарт. Соңғы технологияларды өзі меңгерумен қатар, студенттердің меңгеруіне де септігін тигізуі тиіс. Мұғалімдердің сабақ барысында білім, білік, дағдыларын қатар ұштастыра отырып, тиімді технологияларды пайдаланып, сабақты мәнді де мағыналы өткізу арқылы студенттердің білімді де тәрбиелі болуына жол нұсқау керек.

Қазіргі таңда білім беру жүйесін бірізділікке қоюда «ЖОО-да білім беру контекстік болуы керек, яғни болашақ кәсіби қызмет контекстінде жүзеге асырылуы керек. Пішіндердің, әдістердің және құралдардың дидактикалық жүйесінің көмегімен оқушыларға керек қажетті әлеуметтік және кәсіби қасиеттерді қалыптастыру», – деп тұжырымдайды [7]. Яғни студент өзіне қажетті білімді өз бетінше меңгеруі шарт. Ал оқытушы тек бағдар беруші ретінде болуы тиіс. Себебі алған білімін тәжірибемен ұштастыру дайын нәрсені үйреткеннен әлдеқайда пайдалы болмақ. Ізденіс жолында «Қорқыт ата кітабындағы» жырларды студенттерге оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануда озық тәжірибелерге зерттеу жүргізілді. Білім беру бағдарламасы негізінде Қорқыт атаның нақыл сөздерін теориялық негізге ала отырып, тәрбиелік мәні жоғары жыр жолдарын студенттердің түп санасына сіңіру, сабақ барысында модульдік технологияны пайдалану, Қорқыт ата жырлары арқылы студенттердің танымдық, шығармашылық қабілеттерін шыңдау, жеке тұлға ретінде қалыптасуына жол нұсқау көзделеді.

Жоғары оқу орындарында Қорқыт ата жырларын оқыту бағдарламасын әзірлеу арқылы білім беру процесін жетілдіруге, болашақ жас маманның кәсіби дағдыларын қалыптастыруға, студенттің тілдік құзыреттілігін қалыптастыруға, өз ойын ашық жеткізе алатын батыл, топ ортада қысылмайтын жеке тұлға даярлауға болады. Ұлттық құндылықтарды ұлықтай отырып, теория мен практиканы ұштастыру – білім беру жүйесінің негізгі талабы.

Қазіргі таңда 6В01701 – «Қазақ тілі мен әдебиеті» білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры академиялық дәрежесін алу үшін студент оқу жоспарына сәйкес 4 жыл ішінде 240 академиялық кредитті меңгеруі тиіс. Студенттің жас ерекшелігін ескере отырып оқыту өте маңызды. Әдебиеттануда алған теориялық әрі әдіснамалық білімдерін іс жүзінде қолдана алуы керек. Ғылыми мәселелерді ортаға қоя білетін, жаңа әдіс-тәсілдерді контекстуализациялай алатын, сондай-ақ, филология ғылымдарын зерттеуде ақпараттық технологияларды қолдана отырып, смарт технологияларды практика жүзінде қолдана алатын маман болып шығу шарт.

Студенттерге Қорқыт ата жырларын тереңдетіп оқыту мен зерттеу де соңғы жаңа технологияларды қолдану, жүйелеу, оқу үдерісінде қолданудың маңызы ерекше. Студенттерге зерттеу жұмыстарын жүргізуге «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың бірі беріледі. Яғни, студенттер жырдың тарихын, жанрлық құрамын, сол замандағы халықтың наным-сенімін, сана-сезімін, жырдың көркемдігін бағамдай алуы қажет.

Халық шығармашылығының тәлім-тәрбие берудегі мүмкіндіктері көптеген жылдар бұрын көріне бастаған. Оның жарқын мысалы бағалы педагогикалық мәні бар ежелгі ұлттық мәдениетіміздің бір көрінісі Қорқыт атаның «Кітаби Қорқыт» /IX – X ғ.ғ/ атты еңбегіндегі қайталанбас ойлар болып саналады. Өсиет, нақыл сөздер түрінде жазылған «Кітаби Қорқыт» еңбегіндегі оның педагогикалық тұжырымдамасының негізгі тақырыбы – балаларды ата-бабалар дәстүріне адалдық, батырлық рухына тәрбиелеу. Қорқыт атаның жырлары жастарды өз халқын жаулардан қорғауға, керек кезде ел үшін, жер үшін от пен суға түсуге шақырады [8].

Қорқыт ата жырларын оқытудың басты мақсаты да жырдан үлгі-өнеге алып ауызбіршілікті болу, елдің амандығы, теңдігі, батырлардың басына төнген қауіп-қатерге қарамастан азаттық жолында жасаған жан қиярлық әрекеттерінен сабақ алу, оларды үлгі тұту. Осы тұста өнертану ғылымдарының кандидаты Л.Ә. Жұмабекованың пікіріне сүйенсек: «Оғыз дастанындағы Қорқыт Ата адам баласын адалдық, парасаттылық пен әдептілік принциптерін ұстануға бағыттап, замана бойы қалыптасқан өнегелі-рухани білімімізді жандандырып, батырлық рухымызды шабыттандырады», – дейді [9].

Білім беру үдерісінде жаңа инновациялық технологияны пайдалануда қандай тәсілдер пайдалану керектігіне де назар аударған жөн. Осы тұста мұғалім назарда ұстауы қажет мәселелерге тоқталатын болсақ: Өткен материалды студенттің бойына сіңіру; Тиімді әдістерді таңдай білу; Әрбір әдісті болжау арқылы сабақты жүйелеу; Студенттің әдебиетке деген құштарлығын ояту; Олардың шығармашылығына көңіл бөлу.

Жоғарыда келтірілген мәселелер студенттердің оқу сапасын жоғарылатуға жол ашады, сапалы да жоспарлы оқу үдерісін ұйымдастыруға негіз болады. Түптеп келгенде оқытушы мен студент арасында бір мақсатқа бағытталған ынтымақтастық орнауы шарт.

Нәтижелер мен талқылау

Бүгінгі таңда білім беру үдерісінде инновациялық ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, оқу мен тәрбиені ұштастыра білу заман талабы. Жоғары оқу орындарына инновациялық технологияларды енгізу – студенттердің білімін ұштап, шығармашылығын шыңдауға, заманның үдесінен шығатын білікті маман даярлауға зор септігін тигізеді. Инновациялық технология ынтымақтастық педагогикасынан, білім беру үдерісін ізгілендіру, проблемалық оқыту, тірек сигналдары арқылы, оза оқыту, деңгейлік саралау, модульдік және жобалап оқыту технологияларынан тұрады. З.Ж. Жұмахметова мен Т.Е. Ералиеваның білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтар туралы: «Білім беру процестерін басқаруды кәсіби қалыптастырудың тиімділігін бағалау критерийлеріне инновациялық білім беру процесінің шынайылығы, жүзеге асырылғыштығы (ресурстық қамтамасыз етілу деңгейі), басқарылғыштығы, инновациялық деңгейі, гуманитарлығы, өңделгендігі және таралу мүмкіндігі жатады», – дейді [10].

Педагогикалық технологиялар туралы зерттеу жұмыстарын жүргізгенде Ш.Т. Таубаева, Ж.А. Караев, Н.А. Оразахынова, С.Б. Нұрмағамбетова және Е. Жұматаева сынды көптеген Қазақстандық ғалымдардың еңбектерін негізге алуға болады.

Оқытушы мен студент оқытуда екеуі одақтаса отырып жұмыс жүргізу оқу сапасын айтарлықтай арттыратын үдеріс. Ал білім беру үдерісін жеңілдететін оқыту технологияларының бірі – проблемалық оқыту технологиясын шетел ғалымдары XX ғасырдың өзінде назардан тыс қалдырмаған. Оған дәлел ретінде В. Оконь 1968 жылы жарыққа шығарған «Основы проблемного обучения» еңбегі мен И.Я. Лернердің 1981 жылы жарық көрген «Дидактические основы методов обучения» еңбектерін келтіруге болады. И.Я. Лернер жалпы мәселелерді шешкеннен кейін талқыланатын мәселенің нақтырақ мәселелерін зерттеуге принципті түрде мүмкін болатынын түйіндейді [11].

Проблемалық оқыту технологиясында оқытушы әр түрлі жаңа тәсілдерді пайдаланады. Осы тұста оқытушының іс-әрекеті: тапсырмалардың ең маңызды дегенін таңдау; осы оқыту технологиясының ерекшелігін бағамдау; білім беру жүйесі негізінде түрлі әдістемелік құралдар мен оқулықтар шығару; өз шеберлігі мен кәсіби көзқарасын көрсете білу.

Проблемалық оқыту технологиясының ерекшелігі:

- Студенттің сөздік қоры толығады;
- Шығармашылығы шыңдалады;
- Өз бетінше шешім қабылдауға көмектеседі;
- Іскерлік қабілеті дамиды;
- Өзіне, өз іс-әрекетіне баға бере алатын болады;
- Байқампаз болады.

Проблемалық оқытуда студенттер проблемалық жағдайды аңғаруы, проблеманы тұжырымдай отырып, өз болжауын ұсынуы, проблеманы шеше отырып, шешімін тексере білуі керек. Яғни «Қорқыт ата кітабындағы» жырларын оқытуда студент оқытушының жетекшілігімен мәселелердің шешімін табуға тырысады. «Қорқыт ата кітабындағы» жырларда батырлардың көзсіз батырлығы, елін, жерін сыртқы жаудан қорғау, баланың өзі туып өскен үйіне деген шексіз құрметі мен ата-анасына деген жанқиярлығы көп ұшырасады. Сол жырлардың ішіндегі «Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырына» келер болсақ, жырда арамдықтан адалдық, жамандықтан жақсылық, сатқындықтан адамгершілік қасиеттері басым. «Қазан Салордың ауылын жау шапқаны туралы жырын» проблемалық оқыту технологиясын пайдаланып оқытудың бір дәрісінен нақты мысал келтірейік.

Проблемалық оқыту технологиясы бойынша сабақ құрылымына келер болсақ:

1. Проблемалық жағдаяттың, сұрақтың қойылуы.

Бұл сабақта проблемалық жағдаят тудыру студенттер жырдың көркемдік ерекшелігін ашуы үшін өте маңызды болып табылады. Ең алдымен, оқытушы студенттердің жырға деген қызығушылығын ояту мақсатындажырдың шиеленіскен жеріне дейін баяндау тәсілін қолданады. Мысалы, бұл жырда Ұлашұлы Қазан-Салор бектермен бірге аңға шығып кетеді. Ордасын ұлы Оразға тапсырып, оның қасына қырық жігіт қалдырып кетеді. Осы кезде гәуірлер жеті мың әскерімен келіп Қазан бек ауылын қоршап алады. Жары Бөрлі сұлуды қырық нөкерімен бірге олжалап әкетеді. Оған қоса, Оразды қырық жігітпен бірге тұтқындайды. Кәрі анасын да өздерімен бірге алып кетеді. Қазан бек ұйықтап жатып жаман түс көреді. Інісі Қара Көнеге түсін жорытқан соң, бірден атына мініп, жолға шықты. Ордасының дерегін жолай судан да, қасқырдан да, Қара Қойшының итінен де сұрады. Бірақ бұлардың бірде-біреуі оның сұрағына жауап бере алмады. Тек Қара Қойшыдан ғана дерегін біле алды. Басында жауға жалғыз шабуылдамақ болып жолға шыққан Қазан бек, қара қойшының қайтпас қайсарлығын көріп екеуі бірге аттанды. Осы кезде Шөкли хан Қазанды әйелі Бөрлі сұлу арқылы алқымдамақ болды. Бөрлі сұлуды тануына оның қырық нөкері жол бермеді. Амалы таусылған Шөкли хан оны енді ұлы арқылы сынамақ болды.

Осыдан кейін, оқытушы студенттерден «Оқиға әрі қарай қалай өрбіді деп ойлайсыңдар? Егер сен Ораздың орнында болсаң не істер едің?» деген сынды сұрақтар қоюға болады.

2. Студенттердің проблемалық жағдаятты ұғынуы және оның берілуі.

Жоғарыда келтірілгендей, оқытушы оқиға қалай өрбігенін студенттерден сұрайды. Сабақ барысында олардың оқуға құштарлығын күшейту жолында Қазан бек пен ұлы Ораз бейнелерін ашуда «Қазан елін жау қолынан қалай құтқармақ? Ораздың іс-әрекеті қандай болмақ? Анасы не ойлады?» деген секілді жетекші сұрақтар қоюы тиіс. Бірақ, оқытушы қарама-қайшылықты өзі көрсетуіне болмайды. Себебі, студенттер мәселенің түп төркінін өздері анықтауы маңызды. Содан кейін барып оқытушы жыр жолдарынан үзінді келтіруіне болады. Мысалы, Ораз анасына: «Ойланшы ана! Кавказ жылқысы бар жерде құлын тумас па? Қызыл бұйра нар бар жерде бота болмас па? Ақтылы қой бар жерде қозы болмас па? Өз басың сау болсын, ханым-ана! Әкем аман болсын! Сендер аман болсаңдар, мендей ұл тумас деп ойлайсың ба?», – деді [12]. Студенттер жырдан үзіндіні оқыған соң ғана нақты Қазан мен Ораз бейнесін аша алады.

Ең бастысы, осы жырда Қазанның ел-жұртын жаудан қорғау үшін, анасы мен әйелін, ұлын дұшпандарынан құтқарғанда жасаған ерлік істері баяндалады. Қазан батыр бейнесі – елдікті мұрат еткен нағыз ердің бейнесі. Ал Қазанның ұлы Ораздың анасына деген перзенттік махаббаты бұл жырдың өзегі болып саналады. Анасының алдында ажалдан да қаймықпай, басын жауларының алдында қасқая тік ұстаған. Әке мен бала бейнелері – бар қазаққа үлгі боларлық нағыз қаһармандық бейне.

3. Мәселенің шешімін іздеу.

Бұл кезеңде студенттердің жас ерекшелігін, сондай-ақ, сабаққа дайындығын ескеру арқылы тапсырманы түрліше дайындауға болады. Мысалы, бұл жырды оқыту барысында «Қазан бектің Қара Қойшыны байлап кетуі дұрыс па? Қазан бек жақындарын жау қолынан тез құтқару үшін дүлей күш иесі Қара Қойшыны бірден жан серік етіп қасына ертіп алса болмас па еді?» деген секілді түрлі проблемалық сұрақтар қойып, студенттерден жауап алуға болады. Бұл жырда қойылатын проблемалық сұрақтар нақтылы тарихи оқиғалар мен адами құндылықтардың диалектикалық байланысында көрініс табады.

Ең алдымен, оқытушы студенттерді «Қаламсап» әдісі арқылы төрт топқа бөліп алады. Яғни, студенттердің қаламсаптарын оқытушы жинап алады да, теңдей етіп, санына қарай төртке бөледі. Әрбір топ студенттері өз қаламсаптарын тану арқылы қай топқа баратынын топшылайды. Сабақты әрі қарай «Идеялар себеті» тәсілімен жалғастыруға болады. Мұнда тақтаға себеттің суреті ілінеді. Себетке жырдың мазмұны жапсырылады. Оқытушы студенттерге дауыс ырғағын келтіре отырып, мәтінді мәнерлеп оқып береді.

Қазан бектің Қара Қойшыны тастап кетуіне себеп құрғақ намыс еді. Дәу ағаштың түбіне Қара Қойшыны байлап кетсе де, ол жұлқынып жүріп ағашты түбірімен қопарып жұлып алады. Бұл арада тағы сұрақ туындайды: «Ал, сендер Қара Қойшының орнында болсаңдар не істер едіңдер? Қазан бектің орнында болсаңдар Қара Қойшыны ертіп алар ма едіңдер?» – деген сұраққа студенттер өз идеяларын топ болып ақылдаса отырып, топтық түрде ортаға салады. Бұл тәсілден студенттердің алатыны, топпен жұмыс істей алу, өзгелердің пікіріне құрметпен қарай отырып, өз ойларын еркін ортаға салу.

4. Тиімді шешу жолын таңдау.

Студенттер топпен өз ойларын ортаға салып болған соң, оқытушы жыр жолдарына назар аударып, Қазан бек пен Қара Қойшының іс-әрекетін бағамдауға тапсырма береді. Қара Қойшы Қазанбекті бәрібір қуып жетіп алады. Қазан бек одан бұл ағашты не істейтінін сұрағанда оған: «Ей, бейбақ әкем, Қазан-ай. Бұл теректің қасиеті зор. Сенің жауды жеңетінің хақ, сол күндері сенің қарның ашады. Сонда мен осы ағашты отқа жағып, саған тамақ істеп беремін», – дейді [12]. Бұл үзінді Қара Қойшының адал да аққөңіл бейнесін ашу үшін алынған. Бұл жай ғана үзінді емес, «өзін ертуді ар санаған адамға неге осынша сенім артады?» деген сезім жетегіне жетелейтін баяндау. Қазан бектің Қара Қойшыны ертуден намыстануының өзі студенттерде проблемалық эмоция туғызары анық. Қазан бекті «Ұлашұлы Төлеқұстың баласы, кем-кетіктің панасы, тайпалар мен рулардың арыстаны, қара халықтың жолбарысы, қоңыр аттың иесі, Ораз ханның әкесі, Баяндүр ханның күйеуі, барлық оғыз елінің бақыты, оғыз батырларының ағасы» сынды жырдың көркемдік өрнегін ашатын суреттеулерді қолданып, студенттерге тапсырмалар беріледі.

5. Жаңа білімді қолдану және рефлексия.

Оқытуда проблемалық оқыту технологиясын кейіпкер бейнесін ашуда да қолданады. Мысалы, жырдағы Шөкли патшаның бейнесін талдау барысында, студенттердің Шөкли образына тоқталуда неге назар аудару керектігін баса айтады. Оларды интерактивті тақтада жазып көрсетеді.

1) Шөкли патшаның сөзі: «Алты жүз адам барып қақпаны ойрандап, қойларды айдап шықсын».

2) Шөкли патшаның сөзі: «Уа, бектерім, Қазанды қинап, қорлау үшін оған қандай зұлымдық жасасақ болады?»

3) Шөкли патшаның сөзі: «Осында Бөрлі сұлуды алып келіңдер, тойға қызмет көрсетіп, кесе ұсынатын болсын».

4) Шөкли патшаның сөзі: «Кәрі анаңды Жайханның баласына беріп, содан ұл туса оны біз сенің аманатың етеміз».

Шөкли патшаның интерактивті тақтада келтірілген сөздеріне қарай отырып, патшаның қандай пиғылды жан екенін аңғаруға болады. Студенттер бұл сөйлемдердің түп төркініне зер сала отырып, патшаның ниетін, ойын, жаман қасиеттерін бағамдайды. Шөкли патшаның образын проблемалық әдісті пайдаланып ашу, студенттердің байқампаздығын арттыруға, жаңалық ашуларына, өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға ықпал жасайды. Ал бұл жерде оқытушы тек бағыт-бағдар беруші рөлінде болады.

Шөкли патшаның зұлымдығына қалай төтеп беру керектігін студенттер топ болып талқылайды. Проблемалық жағдаятты ескере отырып, шешімін топ болып шығарады. Студенттер басқа топпен салыстырғанда ең дұрыс шешімді таңдауға тырысады. Сондай-ақ, студенттер өз шешімдерінің дұрыс екендігіне тағы бір мәрте көз жеткізулері керек.

6. Тексеру, білімді бақылау.

Сабақ соңында студенттердің алған білімін тексеру барысында «Активатор» әдісін қолдануға болады. Ең алдымен студенттерге ақ парақ ұсынылады. Оған студенттерге есінде қалған үш мәліметті жазуы, одан кейін маңызды санайтын екі мәліметті жазулары керек. Ең соңында тәжірибеде қолдануға болатын бір мәліметті жазады. Жалпы алғанда, студенттердің білімін бақылау – сабақтың басынан аяғына дейін жүретін үдеріс болғандықтан, сабақты қорытындылау барысында бұл әдісті қолдану, сабақтың есте қалуымен қатар, оның мәні мен мазмұнын жоғалтпай өмірде қолдануларына да зор септігін тигізеді.

«Қорқыт ата кітабы» оғыз дәуіріндегі әдебиеттің шамшырағы іспетті. Бұл кітаптағы жырларды студенттерге оқыту арқылы сол замандағы батырлардың елін-жерін қорғауда аянып қалмайтын, алған бетінен қайтпайтын ержүрек, теңдессіз қаһарман екендігін аңғартуға болады.

А.Ж. Жалмұрзина мен Ж.С. Мажитованың пайымдауынша, жастарды отансүйгіштік сезіміне тәрбиелеу қазіргі таңда әлі де болса маңыздылығын жоғалтпаған. Бұл мақалада рухани құндылықтың фольклор жанрында терең орныққанын атап өтеді. Зерттеушілердің пікірінше, фольклор ұлттық болмыстың ғана көрінісі емес, сонымен бірге адамгершілік идеяларын жеткізетін маңызды құрал қызметін атқарады. Авторлар фольклордың тәрбиелік мүмкіндіктері арқылы патриоттық ұстанымды қалыптастыруды мемлекеттік деңгейдегі өзекті міндеттердің бірі ретінде бағалайды [13]. Демек бұл жыр – студенттерді отан үшін отқа түсуден де тайынбайтын тұлға қалыптастыруда өміршеңдігін жоғалтпайтын жыр. Сол үшін, оқытушы «Қорқыт ата кітабындағы» жырларды оқытуда инновациялық технологияларды пайдалануға дағдылануы шарт. Проблемалық оқыту технологиясының өзі бір сөзбен айтқанда проблемалық жағдаятты ортаға қоя отырып, студенттер топпен жұмыс істеу арқылы, оң шешім шығаруға дағдылануларына, өзіндік көзқарастарының қалыптасуына жол ашады. Білім беру үдерісінде проблемалық әдісті пайдалана отырып сабақ өткізудің берері мол. Осы бағыттағы пікірді С. Жұмкинада қолдайды. Оның ойынша халық прозасына тек ғылыми талдау объектісі ретінде емес, мәдени түсінікті тереңдететін әрі жеке тұлғаның өзіндік болмысын қалыптастыруға ықпал ететін құрал ретінде қарау маңызды [14].

Оқытушы студенттерге «Қорқыт ата кітабындағы» жырларды оқытуда білім алуына зор септігін тигізетін әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалана білуі шарт. Сол арқылы студенттердің білімге деген құштарлығын ашып, сабаққа ынталандыру, алған білімдерін өмірлік тәжірибемен ұштастыру, өзіндік көзқарастарын қалыптастыру көзделеді. Осыдан кейін ғана сабақтың мақсатына толық жетуге болады. Л.М. Адилбекова мен Н.Е. Мубарак «Проблемалық оқыту әдісі – студенттердің әдебиет сабағында шығармашылық қабілетін дамыту құралы» атты зерттеу мақаласында ұстаздарға арналған білім беру үдерісіндегі лекциялар мен дәстүрлі парадигмалардан гөрі, әдебиетті проблемалық оқыту білім алушыларды қызықтыратынын, оқу үдерісінде олар негізгі және проблеманы өздері зерттеуге және нақтылауға көзделетінін дәйектей отырып «Әдебиеттегі проблемалық оқыту студенттердің әдеби құбылыстарға белсенді қатынасына негізделеді», – дейді [15]. Бұл пікірден-ақ әдебиетте проблемалық оқытудың тиімділігі мен өзектілігінің қажеттілігінің қаншалықты маңызды екенін аңғаруға болады.

Соңғы жылдары қазақ фольклорын оқытудың заманауи әдістері халықаралық деңгейде де зерттеле бастады. Зерттеулерде фольклорлық материалдардың білім алушылардың ұлттық құндылықтарды меңгеруіне, мәдени-танымдық құзыреттілігін дамытуға және оқу мотивациясын арттыруға оң ықпал ететіні дәлелденген. Сонымен қатар, цифрлық оқыту технологияларын пайдалану фольклорды меңгерудің тиімділігін арттыратыны көрсетілген. Оған дәлел Рахметова Базар, Қалиев Айбек, Дүйсенбекова Айсауле, Қолдасбаева Зина, Ғалымжанова Зәуренің «Фольклорды конструктивистік және компьютерлік оқыту әдістері арқылы оқытудың әсері» атты еңбегінде білім беру саласында компьютерді пайдаланудың ең маңызды жолдары – оны презентация құралы, жаттығу және қайталау құралы, жеке оқытушы және имитациялық іс-әрекеттерге арналған көрсетілім ретінде қолдану. Компьютердің көмегімен сабақтар практикалық немесе анимациялық түрде өткізілгенде, оқушы үшін сабақ тартымды әрі қызық болады, бұл өз кезегінде оқушының сабаққа деген ынтасы мен қызығушылығын арттыратындығы келтірілген [16].

Қорытынды

Бүгінгі таңда «Қорқыт ата кітабындағы» жырларды жаңа инновациялық технологияларды пайдаланып оқыту арқылы, білімі биік, өресі жоғары, көзі ашық, көкірегі ояу тұлға қалыптастырып қана қоймай, студенттерді Отан алдындағы жауапкершілігін сезіне алатын, отбасы құндылықтарын жоғары бағалайтын дара тұлға етіп тәрбиелеуге әбден болады. Ұлттық құндылықтарымызды ұлықтауда «Қорқыт ата кітабындағы» жырлардың маңызы зор. Мақалада проблемалық оқыту технологиясын пайдалана отырып, сабақта тиімді әдіс-тәсілдерді ұтымды пайдалану керектігін айқындадық. Білім беру жүйесіне еніп жатқан өзгерістер мен толықтырулардың саналы ұрпақ тәрбиелеуде, студенттерге сапалы білім беруде тигізер пайдасы ұшан теңіз. Ұшқан құстай дамыған заман ағымына ілесуде рухани құндылықтарды естен шығармау керектігіне тағы бір мәрте көз жеткіздік.

Авторлардың үлесі:

Серікбек Н. – зерттеуді басқарды, әдістемені әзірледі және мақаланы ғылыми өңдеді.

Сарбасов Б.С. – зерттеу жүргізді, нәтижелерді талдады, мақаланы жазуға және редакциялауға қатысты.

Асанов Ж.Т. – деректерді жинау және өңдеумен айналысты, нәтижелерді рәсімдеуге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Ercilasun A.B. Dede Korkut Kitabı'nın Yeni Nüshası ve Üzerindeki Yayınlar // Milly Folklor. – Türkiye, 2019. – № 16(123). – P. 5–22. URL: https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/818600

2 Бекбосынова А.Х., Қуанышбаева Г.Ш., Жақсылық А.Ж. Қорқыт ата нақыл сөздерінің тәрбиелік мәні: теориялық және сараптамалық-шолу зерттеулер // ҚМПИ жаршысы. – 2022. – № 3(67). – Б. 18–23. URL: https://press.ksu.edu.kz/files/vestnik/vestnik-kgpi-2022-3.pdf

3 Қоңыратбай Т.Ә. Марғұлан және қобыз дәстүрі туралы: герменевтикалық пайым // Túrkologıa. – Түркістан, 2023. – № 1(113). – Б. 39–52. DOI: https://doi.org/10.53680/2710-1108-2023-1(113)-39-52

4 «ҚР білім беруді және ғылымды дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» [Электронды ресурс]. URL: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988 (жүгіну күні: 18.06.2024).

5 Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі: оқулық. – Алматы: Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, 2015. – 242 б.

6 Кдыралиева Ж.Б., Балтабаева Г.С., Четин И., Ерахметқызы Ж. Әдебиетті оқытудың әдіснамалық негіздері: әлеуметтік ғылымдар саласындағы зерттеулер // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. – 2022. – Б. 120–129. DOI: https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.395

7 Антюхов А.В., Ретивых М.В., Фомин Н.В. Современные образовательные технологии в вузе: учебное пособие для магистров и аспирантов. – Москва: Педагогическое общество России, 2013. – 320 с.

8 Қосымова Г., Исаханова Қ. «Бабалар сөзіндегі» педагогикалық идеялар (ойлар) // Абай атындағы ҚазҰПУ-дың хабаршысы. Филология сериясы. – Алматы, 2020. – № 2(72). – Б. 101–105. URL: https://rmebrk.kz/journals/6401/48447.pdf

9 Жұмабекова Л.Ә. Қорқыт ата мұрасы және оның заманауи мәселелері // «Коллоквиум». Алматы Менеджмент Университеті. – Алматы, 2022. – Б. 74–83.

10 Жұмахметова З.Ж., Ералиева Т.Е. Білім беру жүйесінде жаңа трендтер мен технологияларды пайдаланудың ғылымдағы мәні мен маңызы // Euroasia Journal of Social Sciences & Humanities. – Түркия, 2018. – № 5. – Б. 17–25. URL: https://euroasiajournal.com/index.php/eurssh/article/view/169/168

11 Лернер И.Я. Дидактические основы методов обучения: монография. – Москва: Педагогика, 1981. – 186 с.

12 Қорқыт ата кітабы / орыс тілінен аударғандар: Қоңыратбаев Ә., Байділдаев М. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.

13 Zhalmurzina A.Zh., Mazhitova Zh.S. Historical roots of state and national patriotism in Kazakh folklore of the XIX century // Vestnik. Series History. Social and Political Sciences. – 2021. – № 1(68). – P. 34–41. DOI: https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.04

14 Жұмкина С. Қазақ фольклорын оқытудағы интегративтік әдіс: оқу құралы. – Алматы: Білім, 2015.

15 Адилбекова Л.М., Мубарак Н.Е. Проблемалық оқыту әдісі – студенттердің әдебиет сабағында шығармашылық қабілетін дамыту құралы // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университетінің хабаршысы. – 2024. – № 3(74). – Б. 379–392. DOI: https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.023

16 Rakhmetova B., Kaliyev A., Duisebekova A., Koldasbaeva Z., Galymzhanova Z. Effects of Folklore Teaching with Constructivist and Computer-Assisted Teaching Method // International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology. – 2023. – Vol. 11. – № 4. – P. 1039–1054. DOI: https://doi.org/10.46328/ijemst.3523

REFERENCES:

1 Ercilasun A.B. (2019). Dede Korkut Kitabı'nın Yeni Nüshası ve Üzerindeki Yayınlar. Milly Folklor, no. 16(123), pp. 5–22. Available at: https://dergipark.org.tr/en/download/article-file/818600

2 Bekbosynova A.H., Quanyşbaeva G.Sh., Jaqsylyq A.J. (2022). Qorqyt ata naqyl sözderınıñ tärbielık mänı: teorialyq jäne saraptamalyq-şolu zertteuler [Educational significance of Korkyt Ata's aphorisms: Theoretical and review study]. QMPI jarşysy, no. 3(67), pp. 18–23. Available at: https://press.ksu.edu.kz/files/vestnik/vestnik-kgpi-2022-3.pdf (in Kazakh)

3 Qoñyratbai T.Ä. (2023). Marğūlan jäne qobyz dästürı turaly: germenevtikalyq paiym [Margulan and the kobyz tradition: A hermeneutic interpretation]. Túrkologıa, no. 1(113), pp. 39–52. DOI: https://doi.org/10.53680/2710-1108-2023-1(113)-39-52 (in Kazakh)

4 «QR bılım berudı jäne ğylymdy damytudyñ 2020–2025 jyldarğa arnalğan memlekettık bağdarlamasy» [State Program for the Development of Education and Science of the Republic of Kazakhstan for 2020–2025]. Available at: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1900000988 (accessed: 18.06.2024). (in Kazakh)

5 Jumaqaeva B.D. (2015). Qazaq ädebietın oqytu ädıstemesı [Methods of teaching Kazakh literature]. Almaty: Qazaq memlekettık qyzdar pedagogikalyq universitetı, 242 p. (in Kazakh)

6 Qdyralieva J.B., Baltabaeva G.S., Çetin İ., Erahmetqyzy J. (2022). Ädebiettı oqytudyñ ädısnamalyq negızderı: äleumettık ğylymdar salasyndağy zertteuler [Modern educational technologies at the university: a textbook for undergraduates and postgraduates]. Abai atyndağy Qazaq ūlttyq pedagogikalyq universitetınıñ habarşysy, pp. 120–129. DOI: https://doi.org/10.32014/2022.2518-1467.395 (in Kazakh)

7 Antyukhov A.V., Retivykh M.V., Fomin N.V. (2013). Sovremennye obrazovatelnye tehnologii v vuze: uchebnoe posobie dlä magistrov i aspirantov [Modern educational technologies in higher education]. Moscow: Pedagogicheskoe obshchestvo Rossii, 320 p. (in Russian)

8 Qosymova G., Isahanova Q. (2020). «Babalar sözındegı» pedagogikalyq ideialar (oilar) [Pedagogical ideas in "Words of the Ancestors"]. Abai atyndağy QazŪPU-dyñ habarşysy. Filologia seriasy, no. 2(72), pp. 101–105. Available at: https://rmebrk.kz/journals/6401/48447.pdf (in Kazakh)

9 Jumabekova L.Ä. (2022). Qorqyt ata mūrasy jäne onyñ zamanaui mäselelerı [The legacy of Korkyt Ata and its contemporary issues]. Kollokvium. Almaty Management University, pp. 74–83. (in Kazakh)

10 Jumahmetova Z.J., Eralieva T.E. (2018). Bılım beru jüiesınde jaña trendter men tehnologialardy paidalanudyñ ğylymdağy mänı men mañyzy [The significance of using new trends and technologies in education for science]. Euroasia Journal of Social Sciences & Humanities, no. 5, pp. 17–25. Available at: https://euroasiajournal.com/index.php/eurssh/article/view/169/168 (in Kazakh)

11 Lerner I.Ya. (1981). Didakticheskie osnovy metodov obuchenia: monografia [Didactic foundations of teaching methods]. Moscow: Pedagogika, 186 p. (in Russian)

12 Qorqyt ata kıtaby [The Book of Korkyt Ata]. Translated from Russian by Qoñyratbaev Ä., Baidıldaev M. Almaty: Jazuşy, 1986. 128 p. (in Kazakh)

13 Zhalmurzina A.Zh., Mazhitova Zh.S. (2021). Historical roots of state and national patriotism in Kazakh folklore of the XIX century. Vestnik. Series History. Social and Political Sciences, no. 1(68), pp. 34–41. DOI: https://doi.org/10.51889/2021-1.1728-5461.04

14 Jumkina S. (2015). Qazaq fölkloryn oqytudağy integrativtık ädıs [Integrative method in teaching Kazakh folklore]. Almaty: Bılım. (in Kazakh)

15 Adilbekova L.M., Mubarak N.E. (2024). Problemalyq oqytu ädısı – studentterdıñ ädebiet sabağynda şyğarmaşylyq qabıletın damytu qūraly [Problem-based learning as a means of developing students' creative abilities in literature classes]. Abylai Khan atyndağy Qazaq halyqaralyq qatynastar jäne älem tılderı universitetınıñ habarşysy, no. 3(74), pp. 379–392. DOI: https://doi.org/10.48371/PEDS.2024.74.3.023 (in Kazakh)

16 Rakhmetova B., Kaliyev A., Duisebekova A., Koldasbaeva Z., Galymzhanova Z. (2023). Effects of Folklore Teaching with Constructivist and Computer-Assisted Teaching Method. International Journal of Education in Mathematics, Science and Technology, vol. 11, no. 4, pp. 1039–1054. DOI: https://doi.org/10.46328/ijemst.3523

ТЕХНОЛОГИИ ПРЕПОДАВАНИЯ СТИХОВ ИЗ «КНИГИ КОРКЫТ АТА» СТУДЕНТАМ

Серикбек Н.[*], *Сарбасов Б.С.*, *Асанов Ж.Т.*

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби,
Республика Казахстан, г. Алматы
[*]*e-mail: nura_snd@mail.ru, sarbasov.bolathan@mail.ru, zhandarassanov@gmail.com*

Аннотация. В статье рассматриваются новые методы и подходы, используемые в обучении учащихся стихотворениям из «Книги Коркыт-Ата» в рамках образовательного процесса, то есть в их воспитании, развитии и совершенствовании. Использование технологий проблемно-ориентированного обучения в преподавании является актуальной проблемой в современном образовании. Поэтому приоритет был отдан новым информационным технологиям, используемым при обучении студентов стихам Коркыт-Аты. В качестве основы для исследовательского материала были использованы стихи из «Книги Коркыт-Аты». Актуальность данной темы обусловлена тем, что студенты в ходе урока, используя технологию проблемного обучения, оттачивают теоретические знания в курсе исторических летописей и реализуют их на практике. Фольклорные произведения, являющиеся одним из ценных произведений в изучении нашей истории, позволяют обучать студентов духовным навыкам питания, формировать конкурентоспособную личность. Кроме того, применение технологии проблемного обучения в обучении песням Коркыт-ата дает широкие возможности для расширения кругозора студентов, повышения мотивации к обучению, активного участия в учебном процессе, повышения интереса к предмету. В статье широко рассматриваются необходимость и эффективность использования технологии проблемного обучения через преподавание фольклорных произведений, возможность рационального использования информационных технологий.

Ключевые слова: *Дедушка Коркыт, информационные технологии, семейные ценности, инновационные технологии, формирование личности, фольклорные произведения.*

TECHNOLOGIES OF TEACHING POEMS FROM "KORKYT ATA BOOK" TO STUDENTS

N. Serikbek[*], *B. Sarbasov, Zh. Asanov*

Al-Farabi Kazakh National University, Republic of Kazakhstan, Almaty
[*]*e-mail: nura_snd@mail.ru, sarbasov.bolathan@mail.ru, zhandarassanov@gmail.com*

Abstract. The article considers new methods and approaches used in teaching poems from the "Book of Korkyt Ata" to students, in the educational process, that is, in their education, upbringing and development. The use of problem-based learning technology in teaching is a relevant issue in education today. Therefore, priority was given to new information technologies used in teaching Korkyt Ata's poems to students. The poems in the "Book of Korkyt Ata" were used as the basis for the research material. The relevance of this topic is due to the fact that students use

the technology of problem-based learning in the course of classes to sharpen their theoretical knowledge about historical chronicles and implement it in practice. Folklore works, which are considered one of the most valuable works in the study of our history, will serve as spiritual food for the student, will allow him to teach skills and form a competitive personality. At the same time, the use of problem-based learning technologies in teaching korkyt Ata songs creates a great opportunity for students to broaden their horizons, increase their motivation to learn, actively participate in the educational process, and increase their interest in the subject. The article discusses the need and effectiveness of the use of problem-based learning technology by teaching folklore works, the possibility of rational use of Information Technology.

Keywords: *Grandfather Korkyt, information technology, family value, innovative technologies, personality formation, folklore works.*

Сведения об авторах:

Серикбек Нургузар* – докторант, Казахского национального университета имени Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: nura_snd@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8949-6265).

Сарбасов Болатхан Сергазиевич – кандидат филологических наук, профессор, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5635-7269).

Асанов Жандар Туларович – магистр, Казахский национальный университет имени Аль-Фараби (Казахстан, г. Алматы, e-mail: zhandarassanov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0006-3072-3252).

Авторлар туралы мәліметтер:

Серікбек Нұрғұзар* – докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: nura_snd@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8949-6265).

Сарбасов Болатхан Серғазыұлы – филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5635-7269).

Асанов Жандар Туларович – магистр, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (Қазақстан, Алматы қ., e-mail: zhandarassanov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0006-3072-3252).

Information about authors:

Serikbek Nurguzar* – Doctoral Student, National University named after Al-Farabi (Kazakhstan, Almaty, e-mail: nura_snd@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-8949-6265).

Sarbasov Bolatkhan – Candidate of Philological Sciences, Professor, Kazakh National University named after Al-Farabi (Kazakhstan, Almaty, e-mail: sarbasov.bolathan@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-5635-7269).

Asanov Zhandar – Master, National University named after Al-Farabi (Kazakhstan, Almaty, e-mail: zhandarassanov@gmail.com, ORCID: https://orcid.org/0009-0006-3072-3252).

ҒТАМР 14.35.09 DOI 10.53355/ZHU.2026.120.3.016

ЦИФРЛЫҚ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖҮРЕК-ТЫНЫС АЛУ ЖҮЙЕСІ КӨРСЕТКІШТЕРІНЕ ӘСЕРІ

М.А. Серікқан , *Б.К. Оксикбаев**

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
**e-mail: marzhan-o@mail.ru, berikjan-kil@mail.ru*

Аңдатпа. Мақалада цифрлық технологияларды қолдану кезіндегі оқу жүктемесінің жасөспірімдердің жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық жағдайына әсері қарастырылды. Зерттеуге 100 жасөспірім қатысып, олар цифрлық құрылғыларды пайдалану ұзақтығына байланысты бақылау және тәжірибелік топтарға бөлінді. Зерттеу барысында соматометриялық және физиометриялық әдістер қолданылып, дене салмағы индексі, өкпенің тіршілік сыйымдылығы, жүрек жиырылу жиілігі, артериялық қысым көрсеткіштері анықталды. Сонымен қатар ағзаның гипоксияға төзімділігін бағалау мақсатында Штанге және Генче сынамалары жүргізілді. Нәтижелер цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушыларда өкпенің тіршілік сыйымдылығының төмендеуі, тыныс алу кідірісінің қысқаруы және кардио-респираторлық жүйенің функционалдық мүмкіндіктерінің әлсіреуі байқалғанын көрсетті. Тәжірибелік топтағы жасөспірімдерде гипоксияға бейімделу деңгейі төмен екені анықталды. Сонымен қатар ұл балалардың физиологиялық көрсеткіштері қыздарға қарағанда жоғары болды. Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды ұзақ пайдалану қозғалыс белсенділігінің азаюына және ағзаның бейімделу резервтерінің төмендеуіне әсер ететінін дәлелдейді. Алынған мәліметтер оқу процесінде денсаулықсақтаушы технологияларды енгізу мен цифрлық оқу жүктемесін физиологиялық тұрғыдан оңтайландырудың маңыздылығын көрсетеді. Сонымен бірге, зерттеу нәтижелері мектеп жағдайында профилактикалық шараларды күшейту қажеттігін де айқындайды.

Кілт сөздер: *цифрлық технологиялар, оқу жүктемесі, жасөспірімдер, жүрек-қантамыр жүйесі, тыныс алу жүйесі, гипоксия, өкпенің тіршілік сыйымдылығы, денсаулық сақтаушы технологиялар.*

Кіріспе

Қазіргі таңда білім беру жүйесінің цифрландырылуы оқушылардың оқу әрекетінің құрылымын түбегейлі өзгертті. Компьютерлер, смартфондар, планшеттер және интернет-платформалар оқу процесінің негізгі құралдарының біріне айналды. Алайда цифрлық технологияларды ұзақ әрі қарқынды пайдалану оқушылар денсаулығына, әсіресе жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық жағдайына кері әсер етуі мүмкін екендігі көптеген ғылыми зерттеулерде дәлелденген [1].

Мектеп жасындағы балалар ағзасы сыртқы орта факторларына өте сезімтал келеді. Бұл кезеңде жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің морфофункционалдық қалыптасуы жалғасатындықтан, шамадан тыс оқу жүктемесі мен цифрлық құрылғыларды ұзақ пайдалану ағзаның бейімделу мүмкіндіктерінің төмендеуіне алып келеді. Ғалымдардың мәліметтері бойынша, экран алдында ұзақ уақыт отыру гиподинамияға, тыныс алу көлемінің азаюына және қан айналымының баяулауына себеп болады [2].

Соңғы жылдары жүргізілген шетелдік зерттеулер экран алдындағы уақыттың артуы оқушылар арасында жүрек соғу жиілігінің өзгеруіне, артериялық қысымның жоғарылауына және вегетативтік жүйке жүйесінің қызметінің бұзылуына әкелетінін көрсетеді. Әсіресе тәулігіне 4-6 сағаттан артық цифрлық құрылғыларды пайдалану жүрек-тамыр жүйесінің функционалдық резервтерінің төмендеуімен байланысты екені анықталған [3].

Тыныс алу жүйесіне қатысты зерттеулерде цифрлық технологияларды ұзақ пайдалану кезінде қозғалыс белсенділігінің төмендеуі өкпенің тіршілік сыйымдылығының азаюына және тыныс алу бұлшықеттерінің әлсіреуіне ықпал ететіні айтылған. Оқушылардың ұзақ уақыт статикалық қалыпта отыруы кеуде қуысының экскурсиясын шектеп, өкпенің желдетілуін төмендетеді [4].

COVID-19 пандемиясы кезеңіндегі қашықтан оқыту мәселесі бұл бағыттағы зерттеулердің өзектілігін арттырды. Қашықтан білім алу кезінде оқушылардың экран алдындағы уақыты бірнеше есе көбейіп, физикалық белсенділігі төмендеді. Осы кезеңде жүргізілген зерттеулерде балалар арасында шаршағыштық, бас ауруы, ентігу, жүрек қағуы және ұйқы бұзылыстарының жиілегені анықталған [5].

Қазақстандық ғалымдар да цифрлық оқу жүктемесінің оқушылар денсаулығына әсерін зерттеуде. Отандық зерттеулерде қашықтан оқыту жағдайында оқушылардың функционалдық жағдайының төмендеуі, эмоционалдық күйзелістің артуы және жүрек соғу жиілігінің өзгерістері байқалғаны көрсетілген [6]. Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында гиподинамияның артуы тыныс алу жүйесінің функционалдық көрсеткіштерінің нашарлауына әсер ететіні дәлелденген [7].

Ғылыми әдебиеттерде цифрлық технологиялардың оқушылардың психофизиологиялық жағдайына әсері де кеңінен қарастырылады. Ақпараттық жүктеменің шамадан тыс артуы орталық жүйке жүйесіне күш түсіріп, функционалдық шиеленісті күшейтеді. Нәтижесінде жүрек ырғағы вариабельділігінің төмендеуі және ағзаның бейімделу мүмкіндіктерінің әлсіреуі байқалады [8].

Шетелдік Scopus базасындағы зерттеулерде экран алдындағы уақыттың артуы физикалық белсенділіктің төмендеуімен ғана емес, метаболизмнің бұзылуымен, артық дене салмағының қалыптасуымен және жүрек-қантамыр аурулары қауіпінің жоғарылауымен де байланысты екені көрсетілген. Сонымен қатар цифрлық тәуелділік элементтері бар оқушыларда тыныс алу жиілігінің тұрақсыздығы мен психоэмоционалдық стресс белгілері жиі кездесетіні анықталған [9].

Осылайша, әдебиеттерді талдау цифрлық технологияларды шамадан тыс пайдалану оқушылардың жүрек-тамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық жағдайына теріс әсер ететінін көрсетеді. Сондықтан қазіргі білім беру жүйесінде оқу жүктемесін физиологиялық тұрғыдан оңтайландыру, цифрлық құрылғыларды пайдалану уақытын реттеу және денсаулықсақтаушы технологияларды енгізу маңызды ғылыми-практикалық міндеттердің бірі болып табылады.

Жұмыстың мақсаты: цифрлық технологияларды қолдану кезіндегі оқу жүктемесінің жасөспірімдердің жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық жағдайына әсерін бағалау, сондай-ақ алынған нәтижелер негізінде оқу үдерісін оңтайландыруға бағытталған әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Материалдар мен әдістер

Зерттеуге барлығы 100 жасөспірім қатысты, оның ішінде 48,65% ұлдар және 51,34% қыздар болды. Зерттелушілер екі топқа бөлінді: бақылау тобына тәуліктік экрандық уақыты 4 сағаттан кем 50 оқушы, ал тәжірибелік топқа цифрлық оқу жүктемесі 4 сағаттан артық 50 оқушы енгізілді. Топтарға бөлу сауалнама нәтижелері негізінде жүргізілді.

Зерттеу барысында соматометриялық және физиометриялық әдістер қолданылды. Соматометрия әдісі бойынша жасөспірімдердің бойы мен дене салмағы анықталды. Алынған мәліметтер негізінде дене салмағы индексі (ДСИ) есептелді. ДСИ көрсеткіші дене салмағының бой ұзындығына сәйкестігін бағалауға мүмкіндік береді [10].

Физиометриялық зерттеулерге өкпенің тіршілік сыйымдылығын (ӨТС), жүрек жиырылу жиілігін (ЖЖЖ) және артериялық қысымды анықтау кірді. ӨТС спирометр көмегімен өлшенді. Жүрек жиырылу жиілігі мен артериялық қысым автоматты тонометр арқылы тіркелді. Бұл көрсеткіштер жасөспірімдердің жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық жағдайын бағалау үшін қолданылды [11].

Ағзаның гипоксияға төзімділігін бағалау мақсатында Штанге және Генче сынамалары жүргізілді. Штанге сынамасы дем алу кезіндегі тыныс кідірісінің ұзақтығын, ал Генче сынамасы дем шығару кезіндегі тыныс кідірісін анықтауға негізделген. Сынамалар ағзаның оттегімен қамтамасыз етілу деңгейін және кардио-респираторлық жүйенің бейімделу мүмкіндіктерін бағалауға мүмкіндік береді [12].

Нәтижелер мен талқылаулар

Зерттеу барысында алынған нәтижелер цифрлық оқу жүктемесінің жасөспірімдердің жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық жағдайына белгілі бір деңгейде әсер ететінін көрсетті. Бақылау және тәжірибелік топтардың көрсеткіштері негізінен жас ерекшеліктеріне сәйкес физиологиялық норма шегінде болғанымен, цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушыларда кардио-респираторлық жүйенің функционалдық резервтерінің төмендеу белгілері байқалды. Бұл айырмашылықтар жүрек жиырылу жиілігі, өкпенің тіршілік сыйымдылығы, Штанге және Генче сынамаларының нәтижелерінен көрінді.

Зерттеудің бірінші кезеңінде оқушылардың жүрек жиырылу жиілігі зерттелді. Жалпы алынған деректер жасөспірімдер үшін белгіленген физиологиялық нормаларға сәйкес келеді. Жүргізілген зерттеу нәтижелері бақылау және тәжірибелік топ жасөспірімдерінің жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық көрсеткіштерінде белгілі бір айырмашылықтар бар екенін көрсетті. Жүрек жиырылу жиілігінің көрсеткіштері барлық топтарда физиологиялық норма шегінде болғанымен, цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушыларда функционалдық кернеудің жекелеген белгілері байқалды.

Ұлдарда бақылау тобында жүрек жиырылу жиілігі 78,35 ± 4,31 соғыс/мин, ал тәжірибелік топта 75,36±2,05 соғыс/мин болды. Ұлдардың екі тобындағы көрсеткіштер арасындағы айырмашылық қыздармен салыстырғанда аз болды. Бұл ұлдар ағзасының цифрлық оқу жүктемесіне физиологиялық жауабы біршама тұрақты болуы мүмкін екенін көрсетеді. Дегенмен мұндай айырмашылықтарға жыныстық-физиологиялық ерекшеліктермен қатар дене белсенділігі, спортпен айналысу жиілігі, эмоционалдық жағдай және зерттеу жүргізілген кездегі ағзаның функционалдық күйі ықпал етуі мүмкін (1-кесте).

Жүрек жиырылу жиілігінің нәтижелерін жыныс бойынша салыстыру кезінде бақылау тобындағы қыздардың көрсеткіші ұлдарға қарағанда жоғары болғаны анықталды. Ал тәжірибелік топта қыздар мен ұлдардың көрсеткіштері өзара жақын болды. Қыздарда жүрек соғу жиілігінің жоғары болуы олардың вегетативтік жүйке жүйесінің эмоционалдық және оқу жүктемесіне сезімталдығымен түсіндірілуі мүмкін. Сондықтан жыныстық айырмашылықтар туралы қорытынды әрбір топтың нақты көрсеткіштерін ескере отырып жасалуы қажет.

Анықталған айырмашылықтар оқу процесіндегі эмоционалдық жүктеменің, цифрлық құрылғыларды ұзақ уақыт қолданудың, қозғалыс белсенділігінің азаюының және күн тәртібінің өзгеруінің әсерімен байланысты болуы ықтимал. Ғылыми зерттеулерде экран алдындағы уақыттың көбеюі жүрек-қантамыр жүйесіне қосымша жүктеме түсіріп, симпатикалық жүйке жүйесінің белсенділігін арттыратыны көрсетілген [13]. Симпатикалық жүйке жүйесінің ұзақ уақыт белсенді болуы жүрек ырғағының өзгеруіне, қан тамырлары тонусының жоғарылауына, эмоционалдық кернеу мен шаршаудың жинақталуына алып келуі мүмкін.

Кесте 1 – Жасөспірімдердің жүрек жиырылуының жиілігі

Топ	**Норма, соғыс/мин**	**Қыздар, Нақты, соғыс/мин**	**Ұлдар, Нақты, соғыс/мин**
Тәжірибелік	72	73,70 ± 2,35	75,36 ± 2,05
Бақылау	72	87 ± 4,16*	78,35 ± 4,31*

Ескерту: *топтар арасындағы айырмашылықтардың шынайылығы: $P < 0,05$.

Цифрлық оқу кезінде оқушы бір мезгілде бірнеше фактордың әсеріне ұшырайды. Олардың қатарына экран жарығы, ақпарат көлемінің көп болуы, тапсырмаларды орындау уақытының шектеулілігі, ұзақ уақыт бір қалыпта отыру, әлеуметтік байланыстардың азаюы және қозғалыс белсенділігінің төмендеуі жатады. Бұл факторлардың бірлескен әсері жүрек-қантамыр жүйесінің реттелу механизмдеріне ықпал етіп, ағзаның функционалдық резервтерін төмендетуі мүмкін.

Оқушылардың тыныс алу жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін бағалау үшін өкпенің тіршілік сыйымдылығы зерттелді. Ұл балалардағы өкпенің тіршілік сыйымдылығы көрсеткіштері 2-кестеде көрсетілген. Өкпенің тіршілік сыйымдылығын талдау тәжірибелік топ оқушыларында тыныс алу жүйесінің функционалдық мүмкіндіктері салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетті. Әсіресе тәжірибелік топ қыздарында ӨТС көрсеткіші 2196,19 ± 61,85 мл болып, жас ерекшелік нормасынан төмен деңгейде анықталды. Ұлдар арасында да тәжірибелік топтағы көрсеткіштер бақылау тобына қарағанда төмен болды.

Өкпенің тіршілік сыйымдылығы тыныс алу жүйесінің функционалдық жағдайын, тыныс алу бұлшықеттерінің даму деңгейін және ағзаның физикалық жүктемеге бейімделу мүмкіндігін сипаттайтын маңызды көрсеткіш болып саналады. Оның төмендеуі оқушылардың қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіздігімен, гиподинамиямен, таза ауада өткізілетін уақыттың азаюымен және цифрлық құрылғылар алдында ұзақ уақыт отыруымен байланысты болуы мүмкін. Ұзақ уақыт бойы дұрыс емес дене қалпында отыру кеуде қуысының қозғалысын шектеп, тыныс алу тереңдігінің төмендеуіне әсер етеді.

Әдебиеттерде экран алдында ұзақ уақыт отыру өкпе желдетілуінің төмендеуіне, тыныс алу бұлшықеттерінің әлсіреуіне және жалпы физикалық белсенділіктің азаюына ықпал ететіні көрсетілген [14]. Сонымен бірге үстел басында еңкейіп отыру диафрагманың қозғалысын шектеп, тыныс алу көлемін азайтуы мүмкін. Мұндай жағдай тұрақты сипат алғанда тыныс алу жүйесінің функционалдық мүмкіндіктері мен ағзаның физикалық жұмысқа төзімділігі төмендейді.

ӨТС көрсеткіштерінің төмен болуы қозғалыс белсенділігінің жеткіліксіз деңгейін, спорттық іс-шараларға сирек қатысуды, дене дайындығының төмендігін, төзімділіктің әлсіздігін және жасөспірімдер ағзасының қоршаған орта жағдайларына бейімделу мүмкіндіктерінің төмендеуін көрсетуі мүмкін. Алайда ӨТС көрсеткішіне баланың бойы, дене салмағы, жасы, жынысы, дене бітімі және спортпен айналысуы да әсер ететінін ескеру қажет. Сондықтан нәтижелерді бағалау кезінде аталған факторларды кешенді түрде қарастырған дұрыс.

Кесте 2 – Жасөспірімдерде өкпе жасушаларының көрсеткіштері

Топ	**Ұлдар үшін норма, мл**	**Нақты ұлдарда, мл**	**Қыздар үшін норма,**	**Нақты қыздарда, мл**
Бақылау	3200	3480 ± 311,09*	2700	2525 ± 101,01
Тәжірибелік топ	3200	3044 ± 129.75,09	2700	2196,19 ± 61,85*


Ескерту: *топтар арасындағы айырмашылықтардың шынайылығы: $P < 0,05$

Штанге сынамасының нәтижелері тәжірибелік топ оқушыларында гипоксияға төзімділіктің салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетті. Әсіресе цифрлық оқу жүктемесі жоғары қыздар арасында демді ішке алғаннан кейін тыныс алуды кідірту ұзақтығы қысқа болды. Бұл көрсеткіш өкпе мен тіндердегі газ алмасудың жеткіліксіз тиімділігін, тыныс алу жүйесінің функционалдық резервтерінің төмендігін және ағзаның оттегінің уақытша жетіспеушілігіне бейімделу мүмкіндігінің әлсіреуін сипаттауы мүмкін. Ұлдарда көрсеткіштердің жоғары болуы олардың жыныстық-физиологиялық ерекшеліктерімен, дене бітімімен және тыныс алу бұлшықеттерінің салыстырмалы түрде жақсы дамуымен байланысты болуы ықтимал (1-сурет).

Алынған нәтижелерге сәйкес тәжірибелік топ жасөспірімдерінде өкпе мен тіндердегі газ алмасу тиімділігінің төмендеу белгілері байқалды және қоршаған орта факторларына бейімделу мүмкіндігі бақылау тобымен салыстырғанда әлсіз болды. Штанге сынамасының ұзақтығы қысқарған кезде ағзаның гипоксияға төзімділігі төмендейді. Бұл көрсеткіш


ағзаның функционалдық жағдайына өте сезімтал болғандықтан, оған шаршау, сырқаттану, ұйқының жеткіліксіздігі, эмоционалдық кернеу және зерттеу жүргізілген маусым да әсер етуі мүмкін. Зерттеу көктемгі кезеңде және көктемгі демалыстан кейін жүргізілгендіктен, алынған нәтижелер жасөспірімдер ағзасының оқу процесіне қайта бейімделуінің салыстырмалы түрде төмен деңгейін де көрсетуі ықтимал.

Ағзаның гипоксияға төзімділігі төмен жасөспірімдердің үлесі цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушылар арасында 5%, ал бақылау тобындағы ұлдар арасында 3% болды. Гипоксияға төзімділігі жоғары оқушылардың үлесі бақылау тобындағы ұлдар арасында 58%-ды, ал тәжірибелік топ оқушылары арасында 41%-ды құрады. Бұл айырмашылық тәжірибелік топта ағзаның функционалдық резервтері төмен оқушылар үлесінің көбірек екенін көрсетеді.



Сурет 1 – Қыздарда Штанге сынамасының көрсеткіштері

Осы нәтижелерге сәйкес тәжірибелік топ жасөспірімдерінде өкпе мен тіндерде газ алмасудың әлсіздігі байқалады, қоршаған ортаның бейімделу деңгейі нашар дамыған. Сынаманың ұзақтығын қысқарту кезінде ағзаның гипоксияға төзімділігі төмендейді. Сондай-ақ, бұл деңгей сырқаттанушылық пен шаршаумен болған жағдайда да төмендейді, бұл жағдайда бұл әдіс көктемде және көктемгі демалыстан кейін жүргізілгендіктен жасөспірімдер денесінің бейімделуінің төмен деңгейін көрсетуі мүмкін. Сыналған ұлдар қыздарға қарағанда жақсы нәтиже көрсетті (2-сурет).



Сурет 2 – Ұлдарда Штанге сынамасының көрсеткіштері

Ағзаның гипоксияға төзімділігі төмен жасөспірімдердің үлесі цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушылар арасында 5%, ал бақылау тобындағы ұлдар арасында 3% болды. Гипоксияға төзімділігі жоғары оқушылардың үлесі бақылау тобындағы ұлдар арасында 58%-ды, ал тәжірибелік топ оқушылары арасында 41%-ды құрады. Бұл

айырмашылық тәжірибелік топта ағзаның функционалдық резервтері төмен оқушылар үлесінің көбірек екенін көрсетеді.

Тыныс алуды кідірту ұзақтығы неғұрлым жоғары болса, ағзаның гипоксия жағдайына бейімделу мүмкіндігі мен жалпы дене дайындығы соғұрлым жақсы деп бағаланады. Зерттелген ұлдардың басым бөлігінің көрсеткіштері жас нормаларына сәйкес келді. Бұл олардың дене дайындығының қанағаттанарлық екенін және ағзаның гипоксияға төзімділігі негізінен қалыпты деңгейде сақталғанын көрсетеді. Қыздар мен ұлдардың демді ішке алғаннан кейін тыныс алуды кідіртуінің орташа мәндері 3-кестеде келтірілген.

Кесте 3 – Жасөспірімдердің Штанге Көрсеткіштері

Топ	Орташа, қыздар, с	Орташа, ұлдар, с
Тәжірибелік топ	38,30 ± 3,81	53,86 ± 3,57*
Бақылау тобы	35,7 ± 3,50*	47,57 ± 2,64

Ескерту: *топтар арасындағы айырмашылықтардың шынайылығы: $P < 0,05$

Ғалымдардың пікірінше, цифрлық технологияларды шамадан тыс пайдалану балалар мен жасөспірімдердің физикалық белсенділігін азайтып, кардио-респираторлық жүйенің функционалдық резервтерін әлсіретеді [15]. Экран алдында ұзақ отырудың салдары тек қозғалыс белсенділігінің төмендеуімен шектелмейді. Ол ұйқы режимінің бұзылуына, жүйке жүйесінің шамадан тыс қозуына, көру мүшесінің шаршауына, дұрыс тамақтану тәртібінің бұзылуына және психоэмоционалдық жүктеменің артуына алып келуі мүмкін. Аталған факторлар жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің көрсеткіштеріне жанама түрде әсер етеді.

Зерттелген оқушылардың Генче сынамасының көрсеткіштері жалпы алғанда қанағаттанарлық деңгейде болды (3-сурет). Бақылау және тәжірибелік топтардың көрсеткіштері жас мөлшеріне сәйкес келді. Генче сынамасының ең жоғары орташа мәні бақылау тобындағы қыздарда байқалып, 28,61±3,30 с құрады. Тәжірибелік топтағы қыздардың орташа көрсеткіші 21,35±1,26 с болды. Екі топтың нәтижелері жас нормаларының шегінде болғанымен, тәжірибелік топтағы көрсеткіштің төмен болуы цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушыларда тыныс алу жүйесінің бейімделу мүмкіндігі біршама әлсіз екенін көрсетеді.

Жеке көрсеткіштер бойынша дем шығару кезінде тыныс алуды кідіртуге бейімделу деңгейі төмен жасөспірімдер саны анықталды. Бақылау тобындағы қыздарда бұл көрсеткіш 12%, ал тәжірибелік топтағы қыздарда 7% болды. Ұлдарда мұндай көрсеткіш қыздарға қарағанда төмен болды. Алайда топтар арасындағы пайыздық айырмашылықтарды түсіндіру кезінде зерттеуге қатысушылардың жалпы саны мен әрбір санаттағы оқушылар саны ескерілуі керек.



Сурет 3– Қыздардағы Генче сынамасының көрсеткіштері

Қыздарға жүргізілген Генче сынамасының нәтижелері жасөспірімдердің кардио-респираторлық жүйесінің функционалдық жағдайын, тыныс алу орталығының қозғыштығын, ұлпалардағы зат алмасу қарқындылығын, еріктік қасиеттерін және ағзаның шынығу деңгейін сипаттайды. Көрсеткіштердің жас нормасына сәйкес келуі олардың тыныс алу жүйесінің негізгі қызметтері сақталғанын көрсетеді. Сонымен бірге тәжірибелік топтағы орташа көрсеткіштің төмен болуы ағзаның резервтік мүмкіндіктерінің біртіндеп әлсіреу қаупінің бар екенін білдіреді. Дем шығару кезінде тыныс алуды кідіртудің орташа мәндері мен олардың сандық сипаттамалары 4-кестеде көрсетілген.


Кесте 4 – Жас өспірімдердегі Генче сынамасының көрсеткіштері

Топ	Орташа, қыздар, с	Орташа, ұлдар, с
Бақылау	28,61 ± 3,60*	34,46 ± 3,43*
Тәжірибе	21,35 ± 1,26	32,42 ± 2,13

Ескерту: *топтар арасындағы айырмашылықтардың шынайылығы: $P < 0,05$

Бақылау және тәжірибелік топтағы жасөспірімдерде тыныс алуды кідірту уақыты жас нормасының деңгейіне сәйкес болды және тиісінше 34,46 ± 3,43 с пен 32,42 ± 2,13 с құрады. Топтар арасындағы айырмашылық үлкен болмағанымен, тәжірибелік топтағы орташа мәннің төмендігі цифрлық оқу жүктемесінің ұзақ мерзімді әсерін бағалау үшін жүйелі бақылау жүргізу қажеттігін көрсетеді.

Генче сынамасы бойынша ағзаның гипоксияға бейімделуінің жоғары деңгейі бақылау тобы оқушыларының 53%-ында, ал цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушылардың 47%-ында анықталды. Ұлдарда бұл көрсеткіш қыздарға қарағанда жоғары болды (5-сурет). Мұндай ерекшелік ұлдардың өкпе көлемінің, тыныс алу бұлшықеттерінің және жалпы дене дайындығының салыстырмалы түрде жоғары болуымен түсіндірілуі мүмкін.



Сурет 5 – Ұлдардағы Генче сынамасының көрсеткіштері

Генче сынамасының нәтижелері бойынша барлық топтардағы көрсеткіштер жас нормасына сәйкес келгенімен, тәжірибелік топта дем шығару кезіндегі тыныс алуды кідірту уақытының төмен мәндері анықталды. Бұл тыныс алу жүйесінің бейімделу механизмдерінің салыстырмалы түрде әлсірегенін көрсетуі мүмкін. Қазіргі ғылыми зерттеулерде экран алдындағы уақыттың артуы ұйқы режимінің бұзылуына, шаршағыштықтың жоғарылауына және ағзаның қалпына келу мүмкіндігінің төмендеуіне әсер ететіні айтылған [16]. Мұндай өзгерістер тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйелерінің функционалдық жағдайына тікелей немесе жанама ықпал етеді.

Зерттеу нәтижелері цифрлық оқу жүктемесі жоғары жасөспірімдерде ағзаның гипоксияға бейімделу деңгейінің бақылау тобымен салыстырғанда төмен екенін көрсетті. Тәжірибелік топ оқушыларындағы гипоксияға төзімділіктің төмендеуі өкпе мен тіндердегі газ алмасудың жеткіліксіз тиімділігін және функционалдық резервтердің әлсіреуін сипаттайды. Бұл жағдай жасөспірімдердің қоршаған орта факторларына, оқу жүктемесіне және психоэмоционалдық әсерлерге бейімделу мүмкіндігінің төмендеуіне алып келуі ықтимал.

Осыған ұқсас нәтижелер шетелдік зерттеулерде де анықталған. Оларда цифрлық құрылғыларды ұзақ уақыт қолдану физикалық және психикалық денсаулық көрсеткіштерінің нашарлауымен, қимыл-қозғалыс белсенділігінің төмендеуімен, ұйқы ұзақтығының қысқаруымен және шаршаудың жоғарылауымен байланысты екені көрсетілген [17]. Бұл зерттеулердің қорытындылары біз алған нәтижелердің жалпы бағытымен сәйкес келеді.

Зерттеу барысында ұлдардың өкпенің тіршілік сыйымдылығы мен тыныс алуды кідірту көрсеткіштері қыздарға қарағанда негізінен жоғары екені анықталды. Бұл физиологиялық және жыныстық ерекшеліктермен түсіндіріледі. Ұлдардың дене бітімі, кеуде қуысының көлемі, өкпе сыйымдылығы және тыныс алу бұлшықеттерінің даму деңгейі қыздарға қарағанда жоғары болуы мүмкін. Ғылыми әдебиеттерде де ер балалардың тыныс алу жүйесінің функционалдық резервтері қыздарға қарағанда жоғары болатыны көрсетілген [18].

Зерттеу нәтижелері қазіргі мектеп оқушылары арасында гиподинамия қаупінің жоғарылағанын көрсетеді. Қашықтан оқыту мен цифрлық технологияларды кеңінен қолдану балалардың қозғалыс белсенділігін азайтып, олардың дене дайындығының төмендеуіне әсер етеді. Бұл өз кезегінде жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің бейімделу мүмкіндіктерін әлсіретеді. Сонымен қатар цифрлық оқу кезінде статикалық дене қалпының ұзақ сақталуы арқа және мойын бұлшықеттерінің кернеуіне, кеуде қуысының қозғалысының шектелуіне және тыныс алу тиімділігінің төмендеуіне себеп болуы мүмкін.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушыларда тыныс алу және жүрек-қантамыр жүйелерінің бірқатар функционалдық көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда төмен екенін көрсетті. Алайда зерттеу нәтижелері цифрлық құрылғыларды қолдану мен анықталған өзгерістер арасында тікелей себеп-салдарлық байланысты толық дәлелдеуге жеткіліксіз. Көрсеткіштерге дене белсенділігі, спортпен айналысу, тамақтану, ұйқы режимі, эмоционалдық жағдай, дене салмағы, бойы және бұрыннан бар денсаулық ерекшеліктері де әсер етуі мүмкін.

Зерттеудің келесі кезеңдерінде қатысушылар санын көбейту, экран алдында өткізілетін уақытты нақты тіркеу, дене белсенділігінің деңгейін бағалау, артериялық қысым, қанның оттегімен қанығуы және жүрек ырғағының өзгергіштігі сияқты қосымша көрсеткіштерді пайдалану ұсынылады. Сонымен бірге топтар арасындағы айырмашылықтардың статистикалық мәнділігін анықтау нәтижелердің ғылыми негізділігін арттырады.

Зерттеу нәтижелері цифрлық технологияларды қолдану уақытын реттеу, оқу процесіне денсаулық сақтаушы технологияларды енгізу және оқушылардың физикалық белсенділігін арттыру қажеттігін көрсетеді [19]. Цифрлық құрылғылардан толық бас тарту қазіргі білім беру жағдайында мүмкін емес және мақсатқа сай келмейді. Сондықтан негізгі міндет – оларды қауіпсіз, мөлшерленген және физиологиялық тұрғыдан негізделген режимде қолдану.

Әдістемелік ұсыныстар

Зерттеу барысында алынған нәтижелерді талдау негізінде оқу процесін жетілдіруге бағытталған мынадай әдістемелік ұсыныстар тұжырымдалды:

Цифрлық құрылғылармен үздіксіз жұмыс істеу уақытын оқушылардың жас ерекшеліктері мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сәйкес шектеу қажет.

Әрбір 30-40 минут сайын көзге, мойын мен арқа бұлшықеттеріне және тыныс алу жүйесіне арналған сергіту жаттығуларын ұйымдастыру ұсынылады.

Сабақ арасында бөлмені желдетіп, оқушыларға қысқа мерзімді қозғалыс үзілістерін жасауға мүмкіндік беру қажет.

Оқушылардың күнделікті физикалық белсенділігін арттыру мақсатында қозғалыс белсенділігі жоғары сабақтарды, спорттық үйірмелерді және таза ауада өткізілетін іс-шараларды көбейту керек.

Қашықтан және аралас оқыту кезінде оқу жүктемесін физиологиялық талаптарға сәйкес оңтайландырып, экрандық және экраннан тыс тапсырмаларды кезектестіріп беру қажет.

Ата-аналар мен педагогтер арасында цифрлық технологиялардың денсаулыққа ықпалы және оларды қауіпсіз пайдалану қағидалары жөнінде жүйелі санитарлық-ағарту жұмыстарын жүргізу маңызды.

Жасөспірімдердің ұйқы режимін, таза ауадағы белсенділігін, дұрыс тамақтануын және дене тәрбиесімен айналысуын бақылау қажет.

Цифрлық құрылғыларды пайдалану кезінде оқушының дұрыс отыруын, экран мен көз арасындағы қашықтықты, бөлменің жарықтандырылуын және жұмыс орнының эргономикалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз ету керек.

Жүрек-қантамыр немесе тыныс алу жүйесінің функционалдық көрсеткіштері төмен оқушыларды мектеп медицина қызметкерінің бақылауына алып, қажет болған жағдайда қосымша медициналық тексеруге жіберу ұсынылады.

Оқушылардың жүрек жиырылу жиілігі, өкпенің тіршілік сыйымдылығы, Штанге және Генче сынамаларының көрсеткіштеріне жүйелі мониторинг жүргізу қажет.

Қорытынды

Жүргізілген зерттеу цифрлық оқу жүктемесінің жасөспірімдердің жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық жағдайымен байланысты екенін көрсетті. Бақылау және тәжірибелік топтардағы көрсеткіштердің көпшілігі жас ерекшелік нормаларына сәйкес келгенімен, цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушыларда кардио-респираторлық жүйенің функционалдық резервтерінің салыстырмалы түрде төмендеу белгілері анықталды.

Жүрек жиырылу жиілігінің көрсеткіштері барлық топта физиологиялық норма шегінде болды. Қыздардың бақылау тобында жүрек жиырылу жиілігі 87 ± 4,16 соғыс/мин, ал тәжірибелік топта 73,70 ± 2,35 соғыс/мин болды. Ұлдардың бақылау тобында бұл көрсеткіш 78,35 ± 4,31 соғыс/мин, тәжірибелік топта 75,36 ± 2,05 соғыс/мин құрады. Бұл нәтижелер жүрек-қантамыр жүйесінің цифрлық оқу жүктемесіне реакциясы жынысқа, дене дайындығына, эмоционалдық жағдайға және ағзаның жеке ерекшеліктеріне байланысты өзгеретінін көрсетті.

Өкпенің тіршілік сыйымдылығын зерттеу тәжірибелік топ оқушыларында тыныс алу жүйесінің функционалдық мүмкіндіктері төмен екенін анықтады. Әсіресе тәжірибелік топ қыздарында ӨТС көрсеткіші 2196,19 ± 61,85 мл болып, жас ерекшелік нормасынан төмен болды. Ұлдардың тәжірибелік тобында да ӨТС көрсеткіштері бақылау тобымен салыстырғанда төмен анықталды. Бұл өзгерістер қозғалыс белсенділігінің азаюымен, гиподинамиямен және цифрлық құрылғылар алдында ұзақ уақыт отырумен байланысты болуы мүмкін.

Штанге сынамасы цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушыларда гипоксияға төзімділіктің салыстырмалы түрде төмен екенін көрсетті. Гипоксияға төзімділігі жоғары оқушылардың үлесі бақылау тобындағы ұлдар арасында 58%-ды, ал тәжірибелік топта 41%-ды құрады. Генче сынамасы бойынша жоғары бейімделу деңгейі бақылау тобындағы оқушылардың 53%-ында және цифрлық оқу жүктемесі жоғары оқушылардың 47%-ында анықталды. Бұл нәтижелер тәжірибелік топта тыныс алу жүйесінің функционалдық резервтері мен ағзаның гипоксияға бейімделу мүмкіндіктерінің салыстырмалы түрде төмендегенін көрсетеді.

Ұлдарда өкпенің тіршілік сыйымдылығы мен тыныс алуды кідірту көрсеткіштері қыздарға қарағанда негізінен жоғары болды. Бұл жыныстық-физиологиялық ерекшеліктермен, дене бітімімен және тыныс алу бұлшықеттерінің даму деңгейімен түсіндіріледі. Дегенмен көрсеткіштердің топтар арасында өзгеруі цифрлық оқу жүктемесімен қатар оқушылардың дене белсенділігіне, ұйқы режиміне, денсаулық жағдайына және психоэмоционалдық күйіне де байланысты болуы мүмкін.

Осылайша, цифрлық оқу жүктемесінің жоғары болуы оқушылардың қозғалыс белсенділігін төмендетіп, жүрек-қантамыр және тыныс алу жүйелерінің функционалдық резервтерінің әлсіреуіне ықпал етуі мүмкін. Сондықтан білім беру процесінде цифрлық құрылғыларды пайдалану уақытын жас ерекшеліктеріне сәйкес реттеу, белсенді үзілістер ұйымдастыру, оқушылардың физикалық белсенділігін арттыру және олардың функционалдық жағдайына жүйелі мониторинг жүргізу қажет.

Алынған нәтижелер цифрлық технологияларды білім беру процесінен алып тастау қажеттігін білдірмейді. Керісінше, оларды оқушылардың денсаулығына түсетін жүктемені ескере отырып, қауіпсіз және ұтымды пайдалану қажеттігін негіздейді. Денсаулық сақтаушы технологияларды оқу процесіне енгізу жасөспірімдердің кардио-респираторлық жүйесінің функционалдық мүмкіндіктерін сақтауға, гиподинамияның алдын алуға және цифрлық білім беру жағдайында ағзаның бейімделу қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

Авторлардың үлесі:

Серікқан М.А. – зерттеу материалдарын жинауға қатысты; тәжірибелік жұмыстарды жүргізді, алынған нәтижелерге статистикалық өңдеу және талдау жасады, мақала мәтінінің бастапқы нұсқасын дайындады.

Оксикбаев Б.К. – зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, ғылыми әдебиеттерге шолу жасауға және зерттеу әдіснамасы мен дизайнын дайындауға қатысты; зерттеуге ғылыми жетекшілік жасады, алынған нәтижелерді ғылыми тұрғыдан түсіндірді, мақала мазмұнын сыни тұрғыдан қайта қарап, соңғы нұсқасын редакциялады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Nagata J.M., Abdel Magid H.S., Gabriel K.P. Screen Time for Children and Adolescents During the COVID-19 Pandemic // Obesity. – 2020. – Vol. 28. – № 9. – P. 1582–1583. DOI: https://doi.org/10.1002/oby.22917

2 Xiang M., Zhang Z., Kuwahara K. Impact of COVID-19 pandemic on children and adolescents' lifestyle behavior larger than expected // Progress in Cardiovascular Diseases. – 2020. – Vol. 63. – № 4. – P. 531–532. DOI: https://doi.org/10.1016/j.pcad.2020.04.013

3 Stiglic N., Viner R.M. Effects of screentime on the health and well-being of children and adolescents: a systematic review of reviews // BMJ Open. – 2019. – Vol. 9. – № 1. DOI: https://doi.org/10.1136/bmjopen-2018-023191

4 Saunders T.J., Vallance J.K. Screen Time and Health Indicators Among Children and Youth: Current Evidence, Limitations and Future Directions // Applied Health Economics and Health Policy. – 2017. – Vol. 15. – № 3. – P. 323–331. DOI: https://doi.org/10.1007/s40258-016-0289-3

5 Dunton G.F., Do B., Wang S.D. Early effects of the COVID-19 pandemic on physical activity and sedentary behavior in children living in the U.S. // BMC Public Health. – 2020. – Vol. 20. DOI: https://doi.org/10.1186/s12889-020-09429-3

6 Przybylski A.K., Weinstein N. Digital Screen Time Limits and Young Children's Psychological Well-Being: Evidence From a Population-Based Study // Child Development. – 2019. – Vol. 90. – № 1. – P. e56–e65. DOI: https://doi.org/10.1111/cdev.13007

7 Hale L., Guan S. Screen time and sleep among school-aged children and adolescents: a systematic literature review // Sleep Medicine Reviews. – 2015. – Vol. 21. – P. 50–58. DOI: https://doi.org/10.1016/j.smrv.2014.07.007

8 Twenge J.M., Campbell W.K. Associations between screen time and lower psychological well-being among children and adolescents // Preventive Medicine Reports. – 2018. – Vol. 12. – P. 271–283. DOI: https://doi.org/10.1016/j.pmedr.2018.10.003

9 Carson V., Hunter S., Kuzik N. et al. Systematic review of sedentary behaviour and health indicators in school-aged children and youth // Applied Physiology, Nutrition, and Metabolism. – 2016. – Vol. 41. – № 6. – P. S240–S265. DOI: https://doi.org/10.1139/apnm-2015-0630

10 Кучма В.Р. (ред.). Гигиена детей и подростков: руководство к практическим занятиям: учебное пособие. – 2025. – 832 с. ISBN: 978-5-9704-8248-3.

11 Адаева А.М., Уралиева Ч.К., Кононец И.Е. Функциональное состояние дыхательной и сердечно-сосудистой систем здоровых подростков // Вестник КГМА. – 2012. – Т. 1. – № 3. – С. 89–93. URL: https://vestnik.kgma.kg/index.php/vestnik/article/view/1909

12 Солодков А.С., Сологуб Е.Б. Физиология человека: общая, спортивная, возрастная. – М.: Олимпия Пресс, 2021. – 624 с.

13 Santos R.M.S., Gomes C.M., Silva G.Y. et al. The associations between screen time and mental health in adolescents: a systematic review // BMC Psychology. – 2023. – Vol. 11. – Article 127. – P. 1–21. DOI: https://doi.org/10.1186/s40359-023-01166-7

14 López-Bueno R., López-Sánchez G.F., Casajús J.A. et al. Health-Related Behaviors Among School-Aged Children and Adolescents During the Spanish Covid-19 Confinement // Frontiers in Pediatrics. – 2020. – Vol. 8. – Article 573. DOI: https://doi.org/10.3389/fped.2020.00573

15 Tandon P.S., Zhou C., Johnson A.M. et al. Association of Children's Physical Activity and Screen Time With Mental Health During the COVID-19 Pandemic // JAMA Network Open. – 2021. – Vol. 4. – № 10. – Article e2127892. DOI: https://doi.org/10.1001/jamanetworkopen.2021.27892

16 Huang Y., Zhao N. Generalized anxiety disorder, depressive symptoms and sleep quality during COVID-19 outbreak in China // Psychiatry Research. – 2020. – Vol. 288. – Article 112954. DOI: https://doi.org/10.1016/j.psychres.2020.112954

17 Stępień D., Nawrocka N., Hojda A., Oskroba K. et al. The impact of physical activity and screen time on mental, physical and social health in children and adolescents: a narrative review // Journal of Education, Health and Sport. – 2026. – Vol. 88. – P. 1–19. DOI: https://doi.org/10.12775/JEHS.2026.88.68323

18 Trott M., Driscoll R., Iraldo E. et al. Changes and Correlates of Screen Time in Adults and Children During the COVID-19 Pandemic: A Systematic Review and Meta-analysis // EClinicalMedicine. – 2022. – Vol. 48. – Article 101452. DOI: https://doi.org/10.1016/j.eclinm.2022.101452

19 Nagata J.M., Cortez C.A., Cattle C.J. et al. Screen Time Use Among US Adolescents During the COVID-19 Pandemic // JAMA Pediatrics. – 2022. – Vol. 176. – № 1. – P. 94–96. DOI: https://doi.org/10.1001/jamapediatrics.2021.4334

REFERENCES:

1 Nagata J.M., Abdel Magid H.S., Gabriel K.P. (2020). Screen Time for Children and Adolescents During the COVID-19 Pandemic. Obesity, vol. 28, no. 9, pp. 1582–1583. DOI: https://doi.org/10.1002/oby.22917

2 Xiang M., Zhang Z., Kuwahara K. (2020). Impact of COVID-19 pandemic on children and adolescents' lifestyle behavior larger than expected. Progress in Cardiovascular Diseases, vol. 63, no. 4, pp. 531–532. DOI: https://doi.org/10.1016/j.pcad.2020.04.013

3 Stiglic N., Viner R.M. (2019). Effects of screentime on the health and well-being of children and adolescents: a systematic review of reviews. BMJ Open, vol. 9, no. 1. DOI: https://doi.org/10.1136/bmjopen-2018-023191

4 Saunders T.J., Vallance J.K. (2017). Screen Time and Health Indicators Among Children and Youth: Current Evidence, Limitations and Future Directions. Applied Health Economics and Health Policy, vol. 15, no. 3, pp. 323–331. DOI: https://doi.org/10.1007/s40258-016-0289-3

5 Dunton G.F., Do B., Wang S.D. (2020). Early effects of the COVID-19 pandemic on physical activity and sedentary behavior in children living in the U.S. BMC Public Health, vol. 20. DOI: https://doi.org/10.1186/s12889-020-09429-3

6 Przybylski A.K., Weinstein N. (2019). Digital Screen Time Limits and Young Children's Psychological Well-Being: Evidence From a Population-Based Study. Child Development, vol. 90, no. 1, pp. e56–e65. DOI: https://doi.org/10.1111/cdev.13007

7 Hale L., Guan S. (2015). Screen time and sleep among school-aged children and adolescents: a systematic literature review. Sleep Medicine Reviews, vol. 21, pp. 50–58. DOI: https://doi.org/10.1016/j.smrv.2014.07.007

8 Twenge J.M., Campbell W.K. (2018). Associations between screen time and lower psychological well-being among children and adolescents. Preventive Medicine Reports, vol. 12, pp. 271–283. DOI: https://doi.org/10.1016/j.pmedr.2018.10.003

9 Carson V., Hunter S., Kuzik N. et al. (2016). Systematic review of sedentary behaviour and health indicators in school-aged children and youth. Applied Physiology, Nutrition, and Metabolism, vol. 41, no. 6, pp. S240–S265. DOI: https://doi.org/10.1139/apnm-2015-0630

10 Kuchma V.R. (ed.) (2025). Gigiena detei i podrostkov: rukovodstvo k prakticheskim zanätiam: uchebnoe posobie [Hygiene of children and adolescents: a guide to practical classes: textbook]. 832 p. ISBN: 978-5-9704-8248-3. (in Russian)

11 Adaeva A.M., Uralieva Ch.K., Kononets I.E. (2012). Funksionälnoe sostoianie dyhatelnoi i serdechno-sosudistoi sistem zdorovyh podrostkov [Functional state of the respiratory and cardiovascular systems of healthy adolescents]. Vestnik KGMA, vol. 1, no. 3, pp. 89–93. Available at: https://vestnik.kgma.kg/index.php/vestnik/article/view/1909 (in Russian)

12 Solodkov A.S., Sologub E.B. (2021). Fiziologia cheloveka: obşaia, sportivnaia, vozrastnaia [Human physiology: general, sports, and age-related]. Moscow: Olimpiya Press, 624 p. (in Russian)

13 Santos R.M.S., Gomes C.M., Silva G.Y. et al. (2023). The associations between screen time and mental health in adolescents: a systematic review. BMC Psychology, vol. 11, article 127, pp. 1–21. DOI: https://doi.org/10.1186/s40359-023-01166-7

14 López-Bueno R., López-Sánchez G.F., Casajús J.A. et al. (2020). Health-Related Behaviors Among School-Aged Children and Adolescents During the Spanish Covid-19 Confinement. Frontiers in Pediatrics, vol. 8, article 573. DOI: https://doi.org/10.3389/fped.2020.00573

15 Tandon P.S., Zhou C., Johnson A.M. et al. (2021). Association of Children's Physical Activity and Screen Time With Mental Health During the COVID-19 Pandemic. JAMA Network Open, vol. 4, no. 10, article e2127892. DOI: https://doi.org/10.1001/jamanetworkopen.2021.27892

16 Huang Y., Zhao N. (2020). Generalized anxiety disorder, depressive symptoms and sleep quality during COVID-19 outbreak in China. Psychiatry Research, vol. 288, article 112954. DOI: https://doi.org/10.1016/j.psychres.2020.112954

17 Stępień D., Nawrocka N., Hojda A., Oskroba K. et al. (2026). The impact of physical activity and screen time on mental, physical and social health in children and adolescents: a narrative review. Journal of Education, Health and Sport, vol. 88, pp. 1–19. DOI: https://doi.org/10.12775/JEHS.2026.88.68323

18 Trott M., Driscoll R., Iraldo E. et al. (2022). Changes and Correlates of Screen Time in Adults and Children During the COVID-19 Pandemic: A Systematic Review and Meta-analysis. EClinicalMedicine, vol. 48, article 101452. DOI: https://doi.org/10.1016/j.eclinm.2022.101452

19 Nagata J.M., Cortez C.A., Cattle C.J. et al. (2022). Screen Time Use Among US Adolescents During the COVID-19 Pandemic. JAMA Pediatrics, vol. 176, no. 1, pp. 94–96. DOI: https://doi.org/10.1001/jamapediatrics.2021.4334

ВЛИЯНИЕ ЦИФРОВОЙ УЧЕБНОЙ НАГРУЗКИ НА ПОКАЗАТЕЛИ СЕРДЕЧНО-ДЫХАТЕЛЬНОЙ СИСТЕМЫ УЧАЩИХСЯ

Серікқан М.А., Оксикбаев Б.К.[*]

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган
[*]*e-mail: marzhan-o@mail.ru, berikjan-kil@mail.ru*

Аннотация. В статье рассматривается влияние учебной нагрузки при использовании цифровых технологий на функциональное состояние сердечно-сосудистой и дыхательной систем подростков. В исследовании приняли участие 100 подростков, которые были разделены на контрольную и экспериментальную группы в зависимости от продолжительности использования цифровых устройств. В ходе исследования применялись соматометрические и физиометрические методы, определялись индекс массы тела, жизненная емкость легких, частота сердечных сокращений и показатели артериального давления. Кроме того, для оценки устойчивости организма к гипоксии проводились пробы Штанге и Генче. Результаты показали снижение жизненной емкости легких, уменьшение времени задержки дыхания и ослабление функциональных возможностей кардиореспираторной системы у учащихся с высокой цифровой учебной нагрузкой. Также установлено, что физиологические показатели мальчиков выше, чем у девочек, что может быть связано с возрастно-половыми особенностями организма. Полученные данные свидетельствуют о влиянии длительного использования цифровых технологий на снижение двигательной активности и уменьшение адаптационных резервов организма. Результаты подчеркивают необходимость внедрения здоровьесберегающих технологий, регулярной физической активности и оптимизации цифровой учебной нагрузки в образовательном процессе для сохранения здоровья учащихся.

Ключевые слова: *цифровые технологии, учебная нагрузка, подростки, сердечно-сосудистая система, дыхательная система, гипоксия, жизненная емкость легких, здоровьесберегающие технологии.*

THE EFFECTS OF DIGITAL EDUCATIONAL WORKLOAD ON INDICATORS OF STUDENTS' CARDIORESPIRATORY SYSTEM

M. Serikkan, B. Oxikbayev[*]

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan
[*]*e-mail: marzhan-o@mail.ru, berikjan-kil@mail.ru*

Abstract. The article examines the impact of educational workload associated with the use of digital technologies on the functional state of the cardiovascular and respiratory systems of adolescents. The study involved 100 adolescents who were divided into control and experimental groups depending on the duration of digital device use. Somatometric and physiometric methods were applied, including the assessment of body mass index, vital lung capacity, heart rate, and blood pressure indicators. In addition, Stange and Genchi breath-holding tests were conducted to evaluate the body's resistance to hypoxia. The results showed a decrease in vital lung capacity, reduced breath-holding duration, and weakened functional capacity of the cardiorespiratory system among students with a high digital educational workload. It was also found that physiological indicators were higher in boys than in girls. The findings indicate that prolonged use of digital technologies contributes to reduced physical activity and decreased

adaptive reserves of the body. The results highlight the necessity of implementing health-preserving technologies and optimizing digital educational workload in the educational process.

Keywords: *digital technologies, educational workload, adolescents, cardiovascular system, respiratory system, hypoxia, vital lung capacity, health-preserving technologies.*

Авторлар туралы мәліметтер:

Серікқан Маржан Арманқызы – докторант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: marzhan-o@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-3459-959X).

Оксикбаев Берикжан Кылышбекович* – биология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: berikjan-kil@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/ 0000-0002-1037-1855).

Сведения об авторах:

Серікқан Маржан Арманқызы – докторант, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: e-mail: marzhan-o@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-3459-959X).

Оксикбаев Берикжан Кылышбекович* – кандидат биологических наук, ассоциированный профессор (доцент), Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: berikjan-kil@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/ 0000-0002-1037-1855).

Information about authors:

Serikkan Marzhan – Doctoral Student, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan; e-mail: marzhan-o@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0009-0004-3459-959X).

Oxikbayev Berikzhan* – Candidate of Biological Sciences, Associate Professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Taldykorgan, Kazakhstan; e-mail: berikjan-kil@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1037-1855).

ҒТАМР 14.09.25 DOI 10.53355/ZHU.2026.120.3.017

1941-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ҚАЗАҚ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ЕҢБЕК ТӘРБИЕСІНІҢ МАЗМҰНДЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

О.Г. Турсынбаев[*] , *К.Т. Ыбыраимжанов*

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.
[*]*e-mail: tursynbayev@mail.ru, tarmpi_school@mail.ru*

Аңдатпа. Зерттеудің мақсаты – 1941–1960 жылдардағы қазақ бастауыш мектеп оқулықтарындағы еңбек тәрбиесінің мазмұндық ерекшеліктерін анықтау және оны оқу бағдарламалары, архивтік есептер, пәндік талаптар мен мектеп тәжірибесі негізінде саралау.

Зерттеудің негізгі идеясы бастауыш мектептегі еңбек тәрбиесі жеке тақырып немесе дербес пән ретінде ғана емес, оқу мәтіндері, жазу дағдылары, арифметикалық есептер, табиғат пен география материалдары, сурет, дене шынықтыру, қоғамдық пайдалы еңбек және ауылдық өмірге қатысты тапсырмалар арқылы қалыптасқан кешенді мазмұн болғанын көрсетуге бағытталды.

Әдіснамалық негіз ретінде деректік-контенттік зерттеу, пәндік-мазмұндық интерпретация, салыстырмалы-хронологиялық жүйелеу және мектеп тәжірибесін микродеңгейде түсіндіру тәсілдері қолданылды. Дереккөздер қатарына 1940 және 1941 жылдардағы бастауыш мектеп бағдарламалары, 1950–1960 жылдардағы халық ағарту материалдары, облыстық мектеп есептері, архивтік құжаттар және кеңестік мектеп пен оқулық мазмұнын зерттеген ғылыми еңбектер енгізілді.

Зерттеу нәтижелері еңбек тәрбиесінің үш деңгейде көрінгенін айқындады. Бірінші деңгейде оқулық мәтіндері еңбек адамының бейнесін, тәртіпті, ұқыптылықты және жауапкершілікті бекітті. Екінші деңгейде пәндік тапсырмалар оқушының оқу еңбегін, есептеу, бақылау, жазу, бейнелеу және денелік дайындық дағдыларын дамытты. Үшінші деңгейде мектеп тәжірибесі оқушыны қоғамдық пайдалы еңбекке, ауыл шаруашылығына көмекке және ұжымдық әрекетке тартты.

Мақаланың ғылыми маңызы еңбек тәрбиесін жалпы білім беру реформалары шеңберінде емес, қазақ бастауыш мектебі оқулықтарының ішкі мазмұндық құрылымы ретінде қарастыруымен айқындалады. Практикалық маңызы кеңестік кезеңдегі бастауыш білім мазмұнын қазіргі құндылықтық тәрбие, еңбек мәдениеті және оқулықтану мәселелерімен байланысты талдауға мүмкіндік беруінен көрінеді.

Кілт сөздер: *қазақ бастауыш мектебі, еңбек тәрбиесі, оқулық мазмұны, оқу бағдарламасы, қоғамдық пайдалы еңбек, ауыл мектебі, кеңестік білім беру.*

Кіріспе

1941–1960 жылдар қазақ бастауыш мектебінің білім мазмұны үшін күрделі әрі мазмұндық жағынан бай кезең болды. Соғыс жылдарындағы тыл міндеттері, соғыстан кейінгі қалпына келтіру, ауылдық мектеп желісінің сақталуы және 1950-жылдардың соңындағы мектепті өмірмен байланыстыру бағыты бастауыш сынып оқулықтарының тәрбиелік қызметін күшейтті. Осы жағдайда еңбек тәрбиесі баланың оқу еңбегіне, тәртібіне, ұқыптылығына, ұжымдық ортаға бейімделуіне және ауыл өмірін түсінуіне ықпал ететін маңызды мазмұндық арнаға айналды.

Зерттеу саласының маңыздылығы бастауыш мектеп оқулығын сол кезеңдегі педагогикалық ойдың және мектеп тәжірибесінің дерегі ретінде қарастырумен байланысты. Оқулықта балаға арналған қысқа мәтін, есеп, сурет, табиғатты бақылау, жазу тәртібі немесе дене жаттығуы кездейсоқ берілмейді. Олар қоғамның бастауыш сынып оқушысынан күткен мінез-құлық үлгісін, еңбекке қатынасын және күнделікті оқу мәдениетін көрсетеді.

Мәселенің өзектілігі еңбек тәрбиесінің бұрынғы зерттеулерде көбіне жалпы білім беру саясаты, мектеп реформалары немесе оқушылар ұйымдары қызметінің аясында сипатталуымен түсіндіріледі. Ал қазақ бастауыш мектеп оқулықтарындағы еңбек тәрбиесінің ішкі мазмұны, еңбек тәрбиесінің пәндер арқылы берілуі, ауылдық ортаға бейімделуі және қоғамдық пайдалы еңбекпен байланысы арнайы талдауды қажет етеді. Бұл зерттеу аталған мәселені нақты деректер арқылы ашуға бағытталды.

Мақаланың теориялық маңыздылығы еңбек тәрбиесін жеке тақырып ретінде емес, бастауыш білім мазмұнымен тығыз байланыста қарастырылуында. Бұл ұстаным еңбек тәрбиесін оқу мәтіні, пәндік тапсырма, көркем жазу мәдениеті, арифметикалық дәлдік, табиғатты бақылау, дене дайындығы және мектеп тәжірибесі арасындағы қатынаста көруге мүмкіндік береді.

Практикалық маңыздылығы кеңестік кезеңдегі бастауыш мектеп тәжірибесін қазіргі білім мазмұнын, еңбек мәдениетін, құндылықтық тәрбиені және оқулықтарды зерттеуде пайдалануға болатынымен түсіндіріледі. Зерттеу нәтижелері педагогика тарихы бойынша дәріс материалдарын толықтыруға, диссертациялық зерттеудің дереккөздік базасын жүйелеуге және бастауыш білім мазмұнының тарихи сабақтастығын түсіндіруге пайдаланылуы мүмкін.

Зерттеу мәселесі мына сұраққа негізделді. 1941–1960 жылдардағы қазақ бастауыш мектеп оқулықтарында еңбек тәрбиесі қандай мазмұндық арналар арқылы берілді және ол оқушының күнделікті оқу әрекетімен қалай байланыстырылды? Бұл сұрақты шешу үшін оқулық мазмұны оқу бағдарламаларымен, ресми халық ағарту материалдарымен және мектеп тәжірибесін сипаттайтын архивтік деректермен қатар қарастырылды.

Зерттеу гипотезасы бойынша еңбек тәрбиесі қазақ бастауыш мектеп оқулықтарында тек өндірістік еңбек туралы түсінік беру түрінде ғана қалыптаспаған. Ол оқушының оқу еңбегін, ұқыптылығын, денелік дайындығын, табиғатты бақылауын, ауыл өмірін тануын және қоғамдық пайдалы іске қатысуын біріктіретін кешенді мазмұн ретінде орнықты. Мақалада осы болжам деректік-контенттік талдау арқылы тексерілді.

Зерттеудің мақсаты – 1941–1960 жылдардағы қазақ бастауыш мектеп оқулықтарындағы еңбек тәрбиесінің мазмұндық ерекшеліктерін анықтау. Осы мақсатқа сәйкес еңбек тәрбиесінің бағдарламалық негізін сипаттау, пәндер арқылы берілу жолдарын жүйелеу, соғыс және соғыстан кейінгі кезеңдегі өзгерісін көрсету, 1958–1960 жылдардағы мектепті өмірмен байланыстыру бағытымен сабақтастығын ашу және еңбек тәрбиесінің негізгі мазмұндық белгілерін жинақтау міндеттері қойылды.

Материалдар мен әдістер

Зерттеудің мәліметтері сапалық және сандық тұрғыдан іріктелді. Дереккөздік корпус 20 атаудан тұрады. Оның ішінде 9 бастапқы және архивтік дерек, 11 ғылыми еңбек пайдаланылды. Бастапқы деректерге 1940–1960 жылдар аралығындағы оқу бағдарламалары, халық ағарту жөніндегі ресми материалдар, облыстық мектеп есептері және архивтік құжаттар енгізілді. Ғылыми еңбектер зерттеу нысанын кеңестік мектеп, оқулық мазмұны, еңбекке баулу, моральдық тәрбие және Қазақстандағы білім беру тарихы контекстінде түсіндіру үшін қолданылды.

Бағдарламалық материалдардың бірінші тобы ретінде 1940 жылғы «Қазақ бастауыш мектебінің программалары» қарастырылды. Бұл құжат бастауыш мектептің барлық пәндеріне құрамын, оқу мазмұнын және оқушыдан күтілетін бастапқы дағдыларды анықтауға мүмкіндік берді [1]. 1941 жылғы «Қазақ бастауыш мектептерінің программасы. Физкультура» дене тәрбиесін тәртіп, төзімділік, жолдастық көмек және еңбекке қажетті ерік сапаларымен байланысты талдауға негіз болды [2].

Ресми-нұсқаулық материалдар тобына 1950 жылғы «Республикада халық ағарту ісін жақсарту туралы» құжат және 1960 жылғы «Халық ағарту мәселелері жөніндегі басшы материалдар» жинағы енгізілді. Бірінші құжат мектеп жұмысының ұйымдастырушылық және тәрбиелік деңгейіне қойылған талаптарды нақтылауға қолданылды [3]. Екінші жинақ мектепті өмірмен байланыстыру, оқу-тәрбие жұмысын практикалық міндеттермен ұштастыру және еңбекке баулу бағытын түсіндіруге мүмкіндік берді [4].

Аймақтық сандық дерек ретінде 1953–1954 оқу жылындағы Алматы облысы мектептері туралы есеп пайдаланылды. Онда облыста 344 мектеп жұмыс істегені, олардың 161-і бастауыш мектеп болғаны және қазақ тілінде оқытатын мектептер саны 133 екені көрсетілген [5]. Бұл мәліметтер қазақ бастауыш мектебінің ауылдық кеңістіктегі нақты жағдайын есепке алуға көмектесті.

Оқушылардың қоғамдық пайдалы еңбекке қатысуын сипаттау үшін ҚКОМА 1692-қор, 1-тізімдеме, 925-іс материалдары алынды. Бұл деректе ауыл шаруашылығы жұмыстарына 176 682

оқушыны тарту жоспарланғаны, нақты қатысқан оқушылар саны 206 313 болғаны, 10 454 мұғалім жетекшілік еткені және 6364 мектеп отряды құрылғаны жайлы мағлұмат берілген [6].

Пәндік оқытудың практикалық жағын нақтылау үшін ҚКОМА 1692-қор, 1-тізімдеме, 830-іс материалдары қарастырылды. Бұл дерек тарих және география сабақтарындағы практикалық жұмыстардың, экскурсиялардың және картамен жұмыс істеудің жеткіліксіз тұстарын анықтауға мүмкіндік берді [7]. 1958–1959 және 1959–1960 оқу жылдарына қатысты есептер мектептің өмірмен байланысын күшейту бағытын салыстыру үшін пайдаланылды [8]. Кейінгі оқу жылының материалдары қоғамдық пайдалы еңбек пен мектептен тыс жұмыстың жалғасқанын көрсетуге негіз болды [9].

Қолданыстағы ғылыми еңбектерге сыни талдау зерттеудің жеке кезеңі ретінде жүргізілді. Семей облысы мысалындағы соғыс жылдарындағы білім беру саясаты туралы еңбек мектептің партиялық-мемлекеттік басқару жағдайындағы жұмысын түсіндіреді, бірақ бастауыш оқулықтағы еңбек тәрбиесінің ішкі мазмұнын арнайы нысан етпейді [10]. Қазақстандағы 1945-1955 жылдардағы мектептің күнделікті өмірі туралы зерттеу кеңестік саясаттың бала әлеуметтенуіне ықпалын ашады [11]. А.И. Сембаевтың классикалық еңбегі Қазақстандағы кеңестік мектеп тарихының жалпы кезеңдемесін нақтылауға пайдаланылды [12].

Кеңес мектебіндегі еңбекке даярлау туралы Дж. Зайданың зерттеуі еңбек тәрбиесін өндірістік дағдымен ғана шектемей, қоғамдық құндылық және мектептік тәртіппен байланысты түсіндіруге мүмкіндік берді [13]. Р. Прайстың еңбек пен білім байланысы жөніндегі салыстырмалы талдауы мектептегі практикалық әрекет пен әлеуметтік міндет арасындағы байланысты нақтылауға көмектесті [14]. Дж. Данстанның оқу бағдарламасындағы өзгерістер туралы еңбегі пән мазмұнының саяси және тәрбиелік міндеттермен байланысын түсіндіруге бағдар берді [15]. Моральдық оқу бағдарламасына арналған зерттеу тәртіп, ұжымшылдық және жауапкершілік ұғымдарын талдауда ескерілді [16].

Оқулық мәтіндерін контенттік тұрғыдан саралау туралы Ч. Кэридің еңбегі мазмұндық бірліктерді іріктеудің тиімділігін көрсетті [17]. Дж. Исситтің оқулықтарды зерттеу жөніндегі тұжырымдары оқулықты мәдени және педагогикалық мағынасы бар тарихи дерек ретінде қарастыруға негіз болды [18]. К. Войир мен М. Русек жүргізген жүйелі шолу оқулықты мәтін, тапсырма, көрнекілік және құрылым бірлігінде талдаудың маңызын нақтылады [19]. К.Киссаненің Қазақстандағы тарих білімінің өзгерісі туралы зерттеуі оқулық мазмұны мен мемлекеттік саясат арасындағы байланысты түсіндіруге қосымша бағдар берді [20].

Зерттеуде эксперименттік жабдық пайдаланылған жоқ, себебі жұмыс тарихи-педагогикалық және құжаттық сипатта жүргізілді.

Мәліметтер сапалық талдау үшін тақырыпқа сәйкестігі, хронологиялық шегі, бастауыш мектеп мазмұнын ашу мүмкіндігі және еңбек тәрбиесіне қатысты дерек беру деңгейі бойынша іріктелді. Сандық талдау үшін мектеп саны, бастауыш мектептердің үлесі, қазақ тіліндегі мектептердің үлесі, қоғамдық пайдалы еңбекке жоспарланған және нақты қатысқан оқушылар саны, мұғалім жетекшілігі және мектеп отрядтарының саны алынды.

Статистикалық талдау сипаттамалық деңгейде жүргізілді. 1953-1954 оқу жылындағы есеп бойынша бастауыш мектептердің облыстағы жалпы мектеп саны ішіндегі үлесі 46,8 пайыз, қазақ тіліндегі мектептердің үлесі 38,7 пайыз болып есептелді. Қоғамдық пайдалы еңбекке қатысу дерегі бойынша нақты қатысқан оқушылар саны жоспарланған деңгейден шамамен 16,8%-ға жоғары болғаны анықталды. Зерттеу эксперименттік немесе сауалнамалық дерекке сүйенбегендіктен, сандық салыстыру мен математикалық есептеу әдістері қолданылған жоқ.

Зерттеудің негізгі әдісі ретінде деректік-контенттік зерттеу қолданылды. Оның барысында оқу бағдарламалары мен архивтік есептердегі еңбек, ұқыптылық, тәртіп, ауыл, табиғат, қоғамдық пайдалы іс, дене дайындығы, жолдастық көмек сияқты мазмұндық бірліктер анықталды. Бұл бірліктер қазақ тілі, оқу, көркем жазу, арифметика, жаратылыс, география, сурет және дене шынықтыру пәндері бойынша топтастырылды.

Пәндік-мазмұндық талдау еңбек тәрбиесін тек жекелеген сөздер арқылы емес, оқу тапсырмалары мен оқу әрекетінің мазмұны арқылы қарастыруға мүмкіндік берді. Мысалы, дәптерді таза ұстау, есепті дәл шығару, мәтінді түсініп оқу, табиғатты бақылау немесе дене жаттығуын тәртіппен орындау еңбек тәрбиесінің күнделікті оқу әрекетіндегі көріністері ретінде қарастырылды.

Салыстырмалы-хронологиялық жүйелеу арқылы 1941–1945, 1946–1953, 1954–1957 және 1958–1960 жылдардағы мазмұндық өзгерістер ажыратылды. Мұндай кезеңдеу соғыс жағдайындағы еңбекке жұмылдыруды, қалпына келтіру кезеңіндегі оқу тәртібін, оқу-материалдық базаны нығайтуды және мектепті өмірмен байланыстыру бағытының күшеюін салыстыруға мүмкіндік берді.

Зерттеудің барысы төрт кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде дереккөздер жинақталып, тақырыпқа қатысы бар материалдар іріктелді. Екінші кезеңде оқулықтық және бағдарламалық мазмұннан еңбек тәрбиесіне қатысты мағыналық бірліктер белгіленді. Үшінші кезеңде архивтік және есептік деректер арқылы бұл мазмұнның мектеп тәжірибесіндегі көрінісі салыстырылды. Төртінші кезеңде алынған нәтижелер еңбек тәрбиесінің интегративті сипаты туралы бастапқы гипотезамен салыстырылып, қорытынды тұжырымдар жасалды.

Зерттеудің шектеуі ретінде 1941–1960 жылдардағы қазақ бастауыш мектеп оқулықтарының барлығы толық сақталмағанын айтуға болады. Сондықтан мақалада оқулық мазмұны жеке кітап мәтіндерімен ғана шектелмей, сол оқулықтарды құрастыруға және пайдалануға негіз болған бағдарламалар, ресми құжаттар, архивтік есептер және мектеп тәжірибесін сипаттайтын материалдармен бірге талданды.

Нәтижелер мен талқылау

1. Бағдарламалық негіз және оқулық мазмұнының еңбекке бағдарлануы

1940 жылғы бастауыш мектеп бағдарламалары еңбек тәрбиесінің арнайы жеке пән аясында ғана берілмегенін көрсетеді. Қазақ тілі мен оқу сабақтары баланың саналы оқуын, дұрыс сөйлеуін, мазмұндауын және жазу мәдениетін қалыптастыруға бағытталды. Бұл дағдылар кеңестік бастауыш мектепте оқу еңбегінің негізгі белгілері ретінде бағаланды.

Көркем жазу сабағының мазмұны еңбек тәрбиесімен тікелей байланысты болды. Әріптерді дұрыс жазу, жолды сақтау, дәптерді таза ұстау, жазу құралдарын ұқыпты пайдалану сияқты талаптар оқушының қол икемін ғана емес, оның тәртіпке, төзімділікке және нәтижеге жауапкершілікпен қарауына әсер етті.

Арифметика пәні еңбек мазмұнын практикалық есептер арқылы берді. Өлшем, уақыт, өнім, ақша, бөлу, жинақтау сияқты ұғымдар оқушыны күнделікті тұрмыс пен шаруашылық әрекетіне жақындатты. Бұл пән арқылы еңбек тәрбиесі нақты есеп жүргізу, үнемдеу, дәлдік және нәтижені тексеру дағдыларымен ұштасып отырды.

Жаратылыс пен география сабақтары ауылдық ортадағы еңбек тәжірибесін танудың маңызды арнасы болды. Табиғатты бақылау, жыл мезгілдерін ажырату, өсімдік пен жануарлар дүниесін сипаттау, жергілікті орта туралы түсінік қалыптастыру ауыл мектебіндегі баланың күнделікті өмірімен тығыз байланыста жүргізілді.

Сурет сабағы заттың пішінін, кеңістігін, сызығын және пропорциясын байқауға үйретті. Бұл әрекет еңбек тәрбиесінің эстетикалық және қол еңбегіне жақын қырын ашты. Бала сурет салу арқылы затқа мұқият қарауды, жұмысты аяқтауды және ұқыпты орындауды үйренді.

Осы пәндердің әрқайсысында еңбек тәрбиесі ашық түрде де, жасырын түрде де берілді. Тікелей берілген мазмұн еңбек адамы, ауыл өмірі, колхоз жұмысы, қоғамдық пайдалы іс туралы мәтіндерден көрінді. Жанама мазмұн тапсырманы орындау тәртібі, жұмыс нәтижесін тексеру, дәптер мен оқу құралдарын күтіп ұстау, сабақтағы жауапкершілік арқылы қалыптасты.

2. Оқулық мәтіндеріндегі еңбек адамы бейнесі

Қазақ бастауыш мектеп оқулықтарындағы еңбек адамы бейнесі баланың жас ерекшелігіне лайық қарапайым, бірақ тұрақты құндылықтық белгілер арқылы жасалды. Бұл бейне көбіне ауылдағы егінші, малшы, мұғалім, құрылысшы, ана, әке, колхоз мүшесі, мектепке көмек көрсететін оқушы сияқты әлеуметтік рөлдермен байланысты берілді.

Еңбек адамы оқулықта жеке кәсіби тұлға ретінде ғана емес, қоғамға пайдалы іс атқаратын, ұжыммен бірге әрекет ететін, тәртіп сақтайтын және өз міндетін жауапкершілікпен орындайтын адам ретінде сипатталды. Бастауыш сынып оқушысы үшін мұндай бейне ересек адамның күрделі өндірістік қызметінен бұрын, күнделікті қарапайым іс-әрекет арқылы түсінікті болды.

Оқулық мәтіндеріндегі ауыл өмірі еңбек тәрбиесінің ең табиғи кеңістігі болды. Қазақ бастауыш мектептерінің көпшілігі ауылдық ортада орналасқандықтан, оқулықтағы егін, мал, су, жер, табиғат, мектеп ауласы, қора, бақша, дала жұмысы сияқты ұғымдар оқушыға жат емес еді. Сондықтан еңбек мазмұны өмірлік тәжірибемен тікелей ұштасып отырды.

Еңбек адамы бейнесінің тағы бір белгісі – ұқыптылық. Кеңестік бастауыш мектепте ұқыптылық тек жеке мінез сапасы емес, қоғамға пайдалы еңбекке дайындықтың алғашқы көрінісі ретінде түсіндірілді. Дәптердің таза болуы, сабаққа кешікпеу, құралды сындырмау, тапсырманы уақытында орындау сияқты қарапайым талаптар еңбек мәдениетінің бастауыш деңгейін қалыптастырды.

Ұжымдық жауапкершілік те оқулықтар мен мектеп тәжірибесінің ортақ өзегі болды. Оқушы жеке орындаушы ретінде ғана емес, сыныптың, мектептің және ауылдық қауымның мүшесі ретінде тәрбиеленді. Бұл мазмұн кезекшілік, мектеп ауласын тазалау, қоғамдық пайдалы еңбек, ортақ іс-шараға қатысу арқылы нақты әрекетке айналды.

Соғыс жылдарында еңбек адамы бейнесі патриоттық мазмұнмен күшейді. Тылдағы еңбек, майданға көмек, колхоз бен совхоз жұмысына қатысу, қорғаныс қорына үлес қосу сияқты ұғымдар оқушыға еңбекті Отан алдындағы борыш ретінде түсіндіруге бағытталды.

3. Пәндер арқылы еңбек тәрбиесінің сабақтастықпен берілуі

Еңбек тәрбиесінің мазмұндық ерекшелігін түсіну үшін оны бір ғана пәннің шеңберінде қарастыру жеткіліксіз. Бастауыш мектепте әр пән оқушының белгілі бір еңбек дағдысын қалыптастыруға қатысқан. Сондықтан еңбек тәрбиесі пәндер арасындағы сабақтастық арқылы берілген мазмұн ретінде көрінеді.

Қазақ тілі мен оқу сабақтарында еңбек тәрбиесі мәтінді түсініп оқу, сұраққа жауап беру, мазмұндау, сөздік қорды байыту және өз ойын жүйелі жеткізу арқылы қалыптасты. Оқу әрекетінің өзі бала үшін еңбектің алғашқы түрі болды.

Көркем жазу мен сурет сабақтары қол еңбегінің мәдениетін дамытты. Бұл пәндер оқушыны асықпай жұмыс істеуге, сызық пен пішінді дәл орындауға, жазу мен бейнелеуде тазалық сақтауға үйретті.

Арифметика практикалық ойлау мен шаруашылық есеп жүргізуге бейімдеді. Есепті дұрыс шығару, нәтижені тексеру, өлшем мен санды салыстыру, уақыт пен өнімді есептеу еңбекке қажет қарапайым есептеу дағдыларын қалыптастырды.

Жаратылыс пен география табиғатты бақылау және ауыл шаруашылығы ортасын түсіну арқылы еңбек тәрбиесінің білімдік мәнін ашты. Бұл пәндер баланың жергілікті ортаға назарын күшейтіп, табиғат пен адам еңбегінің байланысын түсіндіруге жағдай жасады.

Дене шынықтыру пәні еңбек тәрбиесін дене дайындығы, төзімділік, жылдамдық, тәртіп және жолдастық көмек арқылы толықтырды. Бастауыш сынып оқушысы үшін дене тәрбиесі еңбекке қажетті денелік және ерік сапаларын қалыптастыру құралы болды.

Кесте 1 – Бастауыш мектеп пәндері арқылы еңбек тәрбиесі мазмұнының берілуі

Пәндік бағыт	Мазмұндық көрінісі	Еңбек тәрбиесіндегі қызметі
Қазақ тілі және оқу	Мәтінді саналы оқу, мазмұндау, сөздік қорды байыту, ойды ауызша және жазбаша жеткізу	Оқу еңбегін ұйымдастыру, жауапты сөйлеу, тапсырманы түсініп орындау
Көркем жазу	Дәптерді таза ұстау, әріптерді дұрыс жазу, жазу тәртібі	Ұқыптылық, төзімділік, қол еңбегінің мәдениеті

Пәндік бағыт	Мазмұндық көрінісі	Еңбек тәрбиесіндегі қызметі
Арифметика	Сан, өлшем, уақыт, өнім, ақша, бөлісу және жинақтау мазмұнындағы есептер	Практикалық ойлау, шаруашылыққа бейімделу, нақты нәтижеге бағытталу
Жаратылыс және география	Табиғатты бақылау, жергілікті орта, ауыл өмірі, жыл мезгілдері, өсімдік пен жануарлар дүниесі	Табиғатқа жауапкершілік, ауыл еңбегін тану, бақылау дағдысы
Сурет	Заттың пішінін, сызығын, кеңістігін және бейнесін беру	Эстетикалық ұқыптылық, қол икемі, жұмысты аяқтау мәдениеті
Дене шынықтыру	Дене қимылы, тәртіп, төзімділік, жолдастық көмек, ойын, жаттығу	Еңбекке қажетті денелік дайындық пен ұжымдық әрекет дағдысы

Кесте 1 еңбек тәрбиесі бастауыш мектептегі пәндік жүйенің ішіне таралған мазмұн болғанын көрсетеді. Әр пән өзіне тән оқу міндетін орындағанымен, олардың бәрі оқушыны жауапкершілікке, ұқыптылыққа, әрекетті жоспарлауға және нәтижеге бағытталуға тәрбиеледі.

4. Соғыс және соғыстан кейінгі мектеп тәжірибесіндегі еңбек тәрбиесі

Соғыс жылдары еңбек тәрбиесі оқулықтағы мәтіндер мен мектеп тәжірибесінің арасын жақындатты. Оқушылар тек сабақ үстінде еңбек туралы оқып қойған жоқ. Олар ауыл шаруашылығына көмек көрсетуге, мектеп отрядтарына, сенбіліктерге, қорғаныс қорына үлес қосуға және мәдени-түсіндіру жұмыстарына тартылды.

Қоғамдық пайдалы еңбек туралы архивтік дерек бұл құбылыстың кең ауқымды болғанын дәлелдейді. Онда ауыл шаруашылығы жұмыстарына 176 682 оқушыны жұмылдыру жоспарланғаны, нақты 206 313 оқушы жұмыс істегені, оларға 10 454 мұғалім жетекшілік еткені және 6364 мектеп отряды құрылғаны көрсетілген. Бұл мәліметтер еңбек тәрбиесінің ұйымдастырылған мектеп тәжірибесі болғанын дәлелдейді.

Соғыстан кейінгі кезеңде еңбек тәрбиесінің мазмұны қалпына келтіру, оқу тәртібін күшейту, мектеп мүлкін сақтау және балаларды тұрақты оқу жұмысына қайта тарту міндеттерімен байланысты болды. Бұл жылдары еңбек тәрбиесі баланың мектептегі күнделікті әрекеті арқылы, әсіресе сабаққа қатысу, оқу құралдарын сақтау, сыныптағы тәртіп, мектеп ауласындағы жұмыс арқылы жалғасты.

Алматы облысы мектептері туралы есеп ауылдық бастауыш мектептің әлеуметтік жағдайын нақты көрсетеді. Бастауыш мектептердің көп болуы және қазақ тілінде оқытатын мектептердің негізінен ауылдық жерде орналасуы оқулық мазмұнындағы ауыл өмірі мен еңбек тақырыбының неліктен маңызды болғанын түсіндіреді.

Мәселе қою: Сабақ барысында студенттерге нақты жағдаяттық мәселе ұсынылды. «Өсімдіктерге әсер ететін стресс факторлар» тақырыбы бойынша мынадай мәселе ұсынылды: «Ауыл шаруашылығы жерлеріне жақын орналасқан полигоннан жел арқылы ұшқан пластик қалдықтары егістік алқаптарына таралып кеткен. Бірнеше аптадан кейін аумақтағы өсімдіктердің өсу қарқыны баяулап, жапырақтарында сарғаю мен солу белгілері байқалды. Сіз бұл жағдайдың себебін анықтап, пластик қалдықтарының өсімдіктерге

қандай ықпал етуі мүмкін екенін зерттеуіңіз қажет. Осы мәселені шешу үшін қандай ғылыми әдістерді қолданар едіңіз және қандай шешімдер ұсынар едіңіз?».

Жобалау кезеңі (Engineering): Берілген мәселені шешу мақсатында студенттер эксперименттік жағдайдың моделін әзірледі. Пластик қалдықтарының өсімдіктерге әсерін зерттеу үшін пластик араласқан және таза топырақтағы өсімдіктердің өсуін салыстыруға арналған модель құрастырылды. Эксперимент барысында жарық, суару және температура жағдайлары бірдей деңгейде сақталды. Әр топ өз моделін сипаттап, бақылау кестесін әзірледі және өсімдіктердің өсу көрсеткіштеріндегі айырмашылықтарды салыстырды. Бұл кезең STEM тәсілінің инженерлік және ғылыми компоненттерін өзара байланыстыруға мүмкіндік берді.

Ғылыми зерттеу (Science): Зерттеу барысында бақылау жүргізу, гипотеза құру, деректер жинау және оларды талдау кезеңдері жүзеге асырылды. Зерттеу гипотезасы: пластик қалдықтары бар топырақта өсетін өсімдіктердің өсу қарқыны мен физиологиялық көрсеткіштері таза топырақтағы өсімдіктермен салыстырғанда төмен болады.

Ғылыми зерттеу жұмысы қант құмайы өсімдігі негізінде ұйымдастырылды. Зерттеу барысында екі негізгі топ белгіленді: таза топырақтағы өсімдіктер (бақылау тобы) және пластик қалдықтары араласқан топырақтағы өсімдіктер (эксперимент тобы). Эксперименттік топта топыраққа пластик үгінділері 20%, 40%, 60% және топырақ беті пластикпен қапталған мөлшерінде араластырылып, барлық өсімдіктер бірдей жағдайда егілді. Бақылау кезеңі 3-4 апта бойы жүргізіліп, өсімдіктің өсу биіктігі, жапырақ саны, түсі, тамыр ұзындығы сияқты көрсеткіштер тіркелді. Жиналған мәліметтер диаграмма және кесте түрінде ұсынылып, пластиктің өсімдік дамуына әсер ету дәрежесі анықталды. Бұл зерттеу студенттерге ғылыми әдісті қолданып, экологиялық мәселені тәжірибе арқылы зерделеуге мүмкіндік берді. Технологияны қолдану (Technology): Деректерді жинау үшін сандық құрылғылар (температура сенсоры, жарық өлшегіш, фотометр, т.б.) пайдаланылады.

Технологияны қолдану (Technology) және математикалық есептеулер (Mathematics): Зерттеу барысында сандық құрылғылар пайдаланылды. Температура сенсоры арқылы пластиктің топырақтың жылу режиміне ықпалы анықталды, жарық өлшегіш көмегімен жапырақтарға түсетін жарық деңгейі бағаланды. Топырақ ылғалдылығын өлшегіш пластик араласқан топырақтың ылғал сақтау ерекшеліктерін анықтауға қолданылды. Фотометр немесе хлорофилл өлшегіш арқылы жапырақтағы хлорофилл мөлшері бағаланды. Цифрлық таразы көмегімен өсімдіктің ылғал және құрғақ массасы өлшеніп, биомасса көрсеткіштері салыстырылды. Алынған деректер Excel бағдарламасында өңделіп, графиктер мен диаграммалар түрінде ұсынылды. Технологиялық және математикалық құралдарды кешенді қолдану студенттердің ғылыми, сандық және экологиялық сауаттылығын дамытуға мүмкіндік берді.

Нәтижелерді ұсыну: Зерттеу қорытындылары топтық есеп пен презентация түрінде ұсынылды. Бұл жұмыс студенттердің зерттеушілік қабілеттерін, сыни ойлауын, креативтілігін және командалық жұмыс дағдыларын дамытуға бағытталды.

STEM-ге негізделген зертханалық жұмыс барысы

Студенттер «Өсімдіктер физиологиясы» пәні бойынша «Өсімдіктерге әсер ететін стресс факторлар» тақырыбында STEM-ге негізделген зертханалық зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Зерттеу мақсаты: полиэтилен пакеттерінің өсімдіктердің өсуі мен дамуына стресстік әсерін анықтау.

Зерттеу объектісі: Sorghum saccharatum өсімдігі. Sorghum saccharatum (синонимі: Sorghum bicolor subsp. drummondii, кейде қант соргосы деп аталады) – біржылдық астық тұқымдас өсімдік, негізінен Африкадан шыққанымен, бүгінде барлық құрлықтарда өсіріледі. Оның сабағы тік, жуан және шырынды болып келеді, биіктігі 2-5 метрге дейін жетеді. Жапырақтары ұзынша әрі жүгері жапырағына ұқсайды. Гүлшоғыры шашақ тәрізді, ал тұқымдары ұсақ және дән тәрізді. Бұл өсімдік жоғары жылу мен құрғақшылыққа төзімділігімен ерекшеленеді, вегетациялық кезеңі 90–130 күнге созылады. Сабақ құрамында 10-20% дейін қант кездеседі [11]. Қант соргосы мал азығы (жасыл масса,

сүрлем), биоотын (этанол өндірісі), азық-түлік (жармалық дәндер) және топырақты жақсарту мақсатында кеңінен қолданылады.

Sorghum saccharatum (Қант соргосы) – стресстік жағдайларға, әсіресе құрғақшылыққа, топырақтың тұзденуына және жоғары температураға өте төзімді өсімдік. Бұл төзімділік оның тамыр жүйесінің жақсы дамуына, судың тиімді жұмсалуына және жапырақтарының суды аз буландыру қабілетіне байланысты. Қант соргосының физиологиялық ерекшеліктері (мысалы, С4-фотосинтез жолы) қолайсыз экологиялық жағдайларда да жақсы өнім беруге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, топырақтың ауыр металдармен немесе пластик қалдықтармен ластануына да салыстырмалы түрде төзімді, сондықтан экологиялық зерттеулер мен биоремедиация саласында да қолдануға болады [12].

Қажетті құралдар мен материалдар: ұсақталған полиэтилен қалдықтары, біртекті таза топырақ, пластикалық стакандар, өлшенген мөлшердегі су, өсімдік тұқымдары, өсімдік биіктігін өлшеуге арналған сызғыш және бақылау нәтижелерін жүйелі тіркеуге арналған күнделік.

Қысқаша түсініктеме. Полиэтилен пакеттер – ұзақ ыдырайтын пластик қалдықтар. Олар топырақтың құрылымын өзгертіп, су мен ауаның айналымына кедергі келтіруі мүмкін. Бұл өсімдіктің өсуіне және дамуына кері әсер етуі ықтимал. Осы зерттеуде әртүрлі мөлшерде пакет қосылған топырақтағы өсімдіктің өсу қарқыны мен сыртқы белгілері салыстырылады [13, 14].

Әдістеме. Тәжірибе жүргізу үшін бес бірдей мөлшердегі пластик стакан пайдаланылды. Барлық стакандарға бірдей мөлшерде таза топырақ салынды. Әр стаканға тұқымдары (әрқайсысына 3 тұқымнан) егілді. Тұқымдар бірдей тереңдікке (шамамен 2-3 см) отырғызылды. Тәжірибе топтарына келесі өзгерістер енгізілді:


- 1-топ (бақылау): таза топырақ, полиэтиленсіз;
- 2-топ: топырақ беті полиэтилен пакетінің бір қабатымен тығыз жабылды;
- 3-топ: топыраққа алдын ала ұсақтап кесілген полиэтилен пакеттері аз концентрацияда араластырылды;
- 4-топ: топыраққа орташа концентрацияда полиэтилен қосылды;
- 5-топ: топыраққа көп концентрацияда полиэтилен қосылды.

Барлық стакандар бірдей жарық, температура және суару жағдайында орналастырылды. Өсімдіктер табиғи жарықта, бір-екі күн сайын бір рет бірдей мөлшерде суарылып отырды.

Зерттеу барысында:

- Өскіндердің шығу уақыты мен саны тіркелді;
- Сабақ ұзындығы өлшенді;
- Жапырақ саны, түсі мен зақым белгілері күнделікті бақыланды;
- Фотосуретке түсіріліп, күнделік жүргізілді.

Тәжірибе ұзақтығы – 10 күн. Соңында әр стакандағы өсімдіктер топырақтан алынып, тамыр жүйесі мен жалпы өсімі талданды (1-сурет).



Сурет 1 – Зерттеу үшін алынған өсімдік тұқымдары
(биология зертханасында өткізілген тәжірибесі)

Студенттер өсімдік тұқымдарын таза және әртүрлі мөлшерде пластик қалдықтары қосылған топыраққа егіп, екі апта бойы олардың өсу динамикасын бақылаған (1-кесте).

Кесте 1 – Sorghum saccharatum өсімдігінің өсуіне пластик қалдықтарының әсері


Зерттеу нұсқалары	**Пластик әсері / фенологиялық сипаттама**	**Тамыр ұзындығы/ см**	**Жер үсті бөлігі өлшемі/ см**	**Ылғал салмағы /грамм**	**Құрғақ салмағы/ грамм**
Таза топырақта өскен өскіндер	Сабақтары тік, жапырақтары жасыл, өсім қалыпты. Алайда жалпы биіктігі басқа кейбір топтарға қарағанда төмен болды.	14-20 см	24-30 см	127,09 гр	0,68 гр
20 % пластик пен ластанған топырақ	Өскіндердің көбі шықты, бірақ өсу қарқыны баяу.	4-16 см	21-27 см	135, 03 гр	0,75 гр
40 % пластикпен ластанған топырақ	Өсімдіктер өсу қарқыны бастапқыда жақсы нәтиже	12-15 см	10-30 см	113, 1 гр	1,82 гр

Зерттеу нұсқалары	Пластик әсері / фенологиялық сипаттама	Тамыр ұзындығы/ см	Жер үсті бөлігі өлшемі/ см	Ылғал салмағы /грамм	Құрғақ салмағы/ грамм
	берді және кейбір өсімдік тұқымдарының шіріп кеткені анықталды. Бірақ тіршілік ету ұзақтығы басқа нұсқалармен салыстырғанда аз болды. Тамырға ауа жетіспегеннен болуы мүмкін.				
60 % пластикпен ластанған топырақ	Тұқымның өнгіштігі 30 % болды және кейбірі пластикпен ластанған топырақ нәтижесінде өсімдік тұқымдары шіріп өсу көрсеткіші төмендеді.	12-16 см	20-36 см	123,9 гр	0,67 гр
Беті пластикпен қапталған топырақ	Жарық пен ауаның шектелуіне қарамастан, кей тұқымдар өсіп шықты. Өскіндер сирек, ұзын, жапырақтары бозғылт және иректелген, қисық формалы қалыптасты.	14-18 см	14-20 см	119,5 гр	1,32 гр

Зерттеу нәтижелеріне сәйкес, таза топырақтағы өскіндер жапырағы жасыл, сабағы тік болғанымен, биіктігі кей топтардан төмен болды. 20% пластик қосылған топырақта өскіндер шыққанымен, өсу қарқыны баяу байқалды. 40% ластанған топырақта өсім жақсы басталғанымен, тұқымдардың біразы шіріп, тіршілік ету мерзімі қысқарды, бұл тамырға ауа жетіспеуінен болуы мүмкін. 60% пластик қосылған топырақта өнгіштік 30% ғана құрап, өсім нашарлады. Ал топырақ беті пластикпен жабылған жағдайда жарық пен ауа шектеулі болса да кей тұқымдар өніп, өскіндер сирек, бозғылт, ирек күйде дамыды. Жалпы алғанда, пластик қалдықтарының мөлшері артқан сайын өсімдік өсуі мен дамуына кері әсері күшейе түсетіні байқалды [15].

Нәтижелер мен талқылау

STEM интеграциясына негізделген зертханалық сабақ студенттердің ғылыми зерттеуге қызығушылығын арттыруға ықпал етті. Зерттеу биология мамандығы студенттерінің екі тобында жүргізілді. Зертханалық сабақ барысында студенттер пластик қалдықтарының қоршаған ортаға және адам денсаулығына ықпалын теориялық тұрғыдан қарастырып, оның өсімдіктерге әсерін эксперимент арқылы зерттеді. Процестерді модельдеу студенттердің теориялық білімін тереңдетуге және зерттелетін құбылыстың мәнін нақтылауға мүмкіндік берді. Оқытушы оқу үдерісінде бағыттаушы рөл атқарып, сұрақтар мен кері байланыс арқылы студенттердің зерттеу әрекетін қолдады. STEM компоненттерін өзара кіріктіру бұрын абстрактілі қабылданған биологиялық процестерді тәжірибе арқылы түсіндіруге жағдай жасады. Пластиктің топырақ пен өсімдіктің өсуіне әсерін зерттеу студенттердің ғылыми білімдерін бекітіп, шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамытуға ықпал етті. Сонымен қатар, зертханалық жұмыс студенттердің кейбір бастапқы қате түсініктерін анықтауға және түзетуге мүмкіндік берді. Мысалы, кейбір студенттер пластик қалдықтары тек топырақтың физикалық қасиеттеріне әсер етеді деп есептеген. Эксперимент нәтижелері пластиктің топырақтағы ылғал режиміне, өсімдіктің өсу қарқынына және тұқымның өнуіне де ықпал ететінін көрсетті. Сабақ соңында STEM интеграциясына негізделген сабақтың тиімділігін бағалау мақсатында сауалнама жүргізілді. Сауалнамада сабақ тақырыбының түсініктілігі, зерттеу тапсырмаларына қызығушылық, STEM компоненттерінің өзара байланысын түсіну, білімнің кеңеюі, студенттердің белсенділігі, қате түсініктердің түзетілуі, технологияларды қолданудың тиімділігі, зерттеушілік қабілеттердің дамуы, топтық жұмыста өз пікірін білдіру мүмкіндігі және осындай сабақтарға қайта қатысуға дайындық бағаланды. Нәтижелер STEM тәсілінің студенттердің ғылыми-зерттеу дағдылары мен экологиялық ойлауын дамытудағы әлеуетін көрсетті (2-сурет).



Сурет 2 – Студенттердің сауалнама қорытындысы

Сауалнама нәтижелері STEM негізінде ұйымдастырылған сабақтың тиімділігін көрсетті. Студенттердің 95%-ы сабақ тақырыбын толық түсінгенін, ал 91%-ы зерттеу тапсырмаларының қызықты болғанын атап өтті. Қатысушылардың барлығы (100%) STEM элементтерінің өзара байланысын байқаған, бұл сабақ құрылымы мен мазмұнының жүйелі ұйымдастырылғанын көрсетеді. Сонымен қатар, студенттердің 93%-ы білімдерінің кеңейгенін, 90%-ы сабаққа белсенді қатысқанын, ал 100%-ы бұрынғы қате түсініктерінің түзетілгенін растады. Технологиялық құралдарды қолданудың тиімділігін барлық студент оң бағалады. Зерттеушілік қабілеттердің дамуына қатысты жауаптар біркелкі бөлінгендіктен, бұл бағыттағы жұмысты одан әрі тереңдету қажет. Студенттердің 75%-ының топтық жұмыс барысында өз пікірін еркін білдіруі қолайлы ынтымақтастық ортасының қалыптасқанын көрсетеді. Барлық қатысушылардың осындай сабақтарға қайта қатысуға дайын болуы STEM тәсілінің білім сапасын арттыру және студенттердің зерттеушілік пен шығармашылық қабілеттерін дамыту тұрғысынан әлеуетті тиімділігін айқындайды.

Қорытынды

Мақалада биологияны оқыту барысында STEM тәсілін қолдану тәжірибесі талданды. «Өсімдіктерге әсер ететін стресс факторлар» тақырыбы аясында студенттер полиэтилен қалдықтарының өсімдіктердің өсуі мен дамуына ықпалын зерттеп, инженерлік модельдер құрастырды, ғылыми әдістер мен технологиялық құралдарды қолданды және эксперименттік деректер негізінде қорытынды жасады. STEM-ге негізделген зертханалық сабақ студенттерге теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде бекітуге, зерттеушілік және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, сондай-ақ топтық жұмыс дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік берді. STEM тәсілінің ғылым, технология, инженерия және математика бағыттары өзара байланыста қолданылып, оқу үдерісінің пәнаралық және қолданбалы сипатын күшейтті. Сабақ соңында жүргізілген сауалнама студенттердің STEM элементтерінің өзара байланысын түсінгенін, сабақтың қызықты әрі пайдалы болғанын және бірқатар қате түсініктерінің түзетілгенін көрсетті.

Қорыта айтқанда, зерттеу нәтижелері STEM интеграциясының студенттердің ғылыми көзқарасын қалыптастыруға, экологиялық сауаттылығын дамытуға және биологияны оқыту сапасын арттыруға ықпал ететінін көрсетті. Осы тәсілді болашақ педагогтерді кәсіби даярлау үдерісінде жүйелі қолдану пәнаралық білімді тәжірибемен ұштастыруға және зерттеушілік дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді.

Авторлардың үлесі:

Шалабаева К.Ж. – зерттеуді басқарды, әдістемені жасады және мақаланы ғылыми өңдеді.

Токпаев К.М. – зерттеуді жүргізді, нәтижелерді талдады, мақаланы жазуға және өңдеуге қатысты.

Мукашева Д.М., Атабаева А.М. – деректерді жинау және өңдеумен айналысты, нәтижелерді рәсімдеуге қатысты.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1 Sirajudin N. et al. Developing creativity through STEM education //Journal of Physics: Conference Series. – IOP Publishing, 2021. – Т. 1806. – №. 1. – С. 012211.

2 Nurkeshov B., Mamykova R. Эффективность использования STEM обучения на основе Case-Based Learning в процессе преподавания биологии //Вестник КазНУ. Серия педагогическая. – 2022. – Т. 72. – №. 3. – С. 130–139.

3 Ахметова Г. К., Мурзалинова А. Ж. Stem-образование как направление обновления содержания образования в республике Казахстан //Методист. – 2018. – №. 4. – С. 2–5.

4 Жошибекова Б. С., Рамазанова А. А., Тукибаева Б. А. Генетиканы оқытуда интеграцияланған stem әдістерін қолдану тиімділігі //Вестник университета Ясави. – 2023. – Т. 2. – №. 128. – С. 343–354.

5 Sintema E. J. Effect of COVID-19 on the performance of grade 12 students: Implications for STEM education //EURASIA Journal of mathematics, science and technology education. – 2020. – Т. 16. – №. 7. – С. em1851.

6 Iskandar et al. Development of creative thinking skills through STEM-based instruction in senior high school student //Journal of Physics: Conference Series. – IOP Publishing, 2020. – Т. 1567. – №. 4. – С. 042043.

7 Suherman et al. STEM-E: Fostering mathematical creative thinking ability in the 21st Century //Journal of Physics: Conference Series. – IOP Publishing, 2021. – Т. 1882. – №. 1. – С. 012164.

8 Tipmontiane K., Williams P. J. The integration of the engineering design process in biology-related STEM activity: A review of Thai secondary education //ASEAN Journal of Science and Engineering Education. – 2022. – Т. 2. – №. 1. – С. 1–10.

9 Ozkizilcik M., Cebesoy U. B. The influence of an engineering design-based STEM course on pre-service science teachers' understanding of STEM disciplines and engineering design process //International Journal of Technology and Design Education. – 2024. – Т. 34. – №. 2. – С. 727–758.

10 Guzey S. S., Moore T. J., Harwell M. Building up STEM: An analysis of teacher-developed engineering design-based STEM integration curricular materials //Journal of Pre-College Engineering Education Research (J-PEER). – 2016. – Т. 6. – №. 1. – С. 2.

11 Литвинов М. В. Перспективы использования сахарное сорго //ПЕРСПЕКТИВНОЕ РАЗВИТИЕ НАУКИ, ТЕХНИКИ И ТЕХНОЛОГИЙ. – 2011. – С. 157.

12 Нафиков М. М. Изучение сахарного сорго в сравнении с другими силосными культурами //Кормопроизводство. – 2010. – №. 4. – С. 22–24.

13 Потапова Е. В. Проблема утилизации пластиковых отходов //Известия Байкальского государственного университета. – 2018. – Т. 28. – №. 4. – С. 535–544.

14 Абрамов А., Дрозд М. Н. Полиэтиленовые пакеты как серьезная экологическая проблема в России. Пути решения //Альманах мировой науки. – 2019. – №. 10. – С. 68–70.

15 Корчмару С., Присакарь С., Тодираш В. Влияние полиэтилена на продуктивность и образование клубеньков у растений вики //Instruire prin cercetare pentru o societate prosperă. – 2021. – С. 308–313.

REFERENCES:

1 Sirajudin N. et al. (2021). Developing creativity through STEM education. Journal of Physics: Conference Series, vol. 1806, no. 1, article 012211. DOI: https://doi.org/10.1088/1742-6596/1806/1/012211

2 Nurkeshov B., Mamykova R. (2022). Effektivnost' ispol'zovaniia STEM obucheniia na osnove Case-Based Learning v protsesse prepodavaniia biologii [Effectiveness of using STEM education based on Case-Based Learning in teaching biology]. Vestnik KazNU. Seriia pedagogicheskaia, vol. 72, no. 3, pp. 130–139. (in Russian)

3 Akhmetova G.K., Murzalinova A.Zh. (2018). Stem-obrazovanie kak napravlenie obnovlenia soderjania obrazovania v respublike Kazahstan [STEM education as a direction for updating the content of education in the Republic of Kazakhstan]. Metodist, no. 4, pp. 2–5. (in Russian)

4 Zhoshibekova B.S., Ramazanova A.A., Tukibaeva B.A. (2023). Genetikany oqytuda integratsialangan STEM ádisterin qoldanu tímdiligi [Effectiveness of using integrated STEM methods in teaching genetics]. Vestnik Universiteta Iasavi, vol. 2, no. 128, pp. 343–354. [in Kazakh]

5 Sintema E.J. (2020). Effect of COVID-19 on the performance of grade 12 students: Implications for STEM education. EURASIA Journal of Mathematics, Science and Technology Education, vol. 16, no. 7, article em1851. DOI: https://doi.org/10.29333/ejmste/7893.

6 Iskandar et al. (2020). Development of creative thinking skills through STEM-based instruction in senior high school student. Journal of Physics: Conference Series, vol. 1567, no. 4, article 042043.

7 Suherman et al. (2021). STEM-E: Fostering mathematical creative thinking ability in the 21st Century. Journal of Physics: Conference Series, vol. 1882, no. 1, article 012164.

8 Tipmontiane K., Williams P.J. (2022). The integration of the engineering design process in biology-related STEM activity: A review of Thai secondary education. ASEAN Journal of Science and Engineering Education, vol. 2, no. 1, pp. 1–10

9 Ozkizilcik M., Cebesoy U.B. (2024). The influence of an engineering design-based STEM course on pre-service science teachers' understanding of STEM disciplines and engineering design process. International Journal of Technology and Design Education, vol. 34, no. 2, pp. 727–758. DOI: https://doi.org/10.1007/s10798-023-09798-6

10 Guzey S.S., Moore T.J., Harwell M. (2016). Building up STEM: An analysis of teacher-developed engineering design-based STEM integration curricular materials. Journal of Pre-College Engineering Education Research (J-PEER), vol. 6, no. 1, article 2. DOI: https://doi.org/10.7771/2157-9288.1129

11 Litvinov M.V. (2011). Perspektivy ispol'zovaniia sakharnogo sorgo [Prospects for the use of sugar sorghum]. Perspektivnoe razvitie nauki, tekhniki i tekhnologii, p. 157. (in Russian)

12 Nafikov M.M. (2010). Izuchenie sakharnogo sorgo v sravnenii s drugimi silosnymi kulturami [Study of sugar sorghum compared to other silage crops]. Kormoproizvodstvo, no. 4, pp. 22–24. (in Russian)

13 Potapova E.V. (2018). Problema utilizatsii plastikovykh otkhodov [The problem of plastic waste disposal]. Izvestiia Baikal'skogo gosudarstvennogo universiteta, vol. 28, no. 4, pp. 535–544. DOI: https://doi.org/10.17150/2223-2968.2018.28(4).535-544 (in Russian)

14 Abramov A., Drozd M.N. (2019). Polietilenovye pakety kak serioznaia ekologicheskaia problema v Rossii. Puti resheniia [Plastic bags as a serious environmental problem in Russia. Solutions]. Al'manakh mirovoi nauki, no. 10, pp. 68–70. (in Russian)

15 Korchmaru S., Prisakar S., Todirash V. (2021). Vliianie polietilena na produktivnost' i obrazovanie kluben'kov u rastenii viki [Effect of polyethylene on productivity and nodule formation in vetch plants]. Instruire prin cercetare pentru o societate prosperă, pp. 308–313. (in Russian)

ИНТЕГРАЦИЯ STEM В ПОДГОТОВКЕ БИОЛОГИЧЕСКИХ СПЕЦИАЛИСТОВ: ТРЕНД СОВРЕМЕННОГО ОБРАЗОВАНИЯ

Шалабаева К.Ж., Токпаев К.М., Мукашева Д.М., Атабаева А.М.*

Жетысуский университет имени И. Жансугурова,
Республика Казахстан, г. Талдыкорган
**e-mail: zhangalievna85@mail.ru, kuna.1993@mail.ru, danagul.mukasheva.84@mail.ru, ainur_atabaeva@bk.ru*

Аннотация. В статье описывается пример проведения лабораторного занятия по биологии с использованием STEM-интеграции. Исследование было организовано по теме «Факторы стресса, влияющие

на растения» и направлено на научное изучение влияния полиэтиленовых отходов на физиологические показатели растений студентами. В процессе занятия студенты самостоятельно формулировали гипотезу для решения конкретной ситуативной задачи, создавали инженерные модели, проводили исследования, обрабатывали полученные данные с помощью технологических инструментов и выполняли математические расчёты. В качестве объекта экспериментального исследования был выбран Sorghum saccharatum (сахарное сорго). В почву вносились различные количества полиэтиленовых отходов, фиксировались такие параметры, как высота роста растений, количество листьев, длина корней, влажная и сухая масса. Результаты показали, что пластиковые отходы негативно влияют на свойства почвы и темпы роста растений. В ходе занятия все четыре компонента STEM-наука, технология, инженерия и математика – были использованы во взаимосвязи. Студенты связали теоретические знания с реальными ситуациями, освоили научные методы на практике. Результаты анкетирования показали высокую эффективность STEM-подхода: 95% студентов полностью поняли содержание урока, 91% оценили исследовательские задания как интересные. Все участники (100%) отметили взаимосвязь STEM-направлений, что свидетельствует о продуманной структуре занятия. Кроме того, 93% отметили расширение своих знаний, 90% активно участвовали в уроке, а 100% подтвердили, что ранее имевшиеся ошибочные представления были скорректированы. Все студенты признали полезность применения технологических инструментов. Несмотря на равномерное распределение ответов относительно развития исследовательских навыков, стало очевидным, что это направление требует дальнейшего углубления. Свободное высказывание мнений 75% студентов в групповой работе свидетельствует о благоприятной атмосфере в аудитории. Интеграционный опыт способствовал развитию у студентов исследовательских навыков, критического мышления, командной работы и творческого подхода. Статья раскрывает значимость STEM-интеграции в преподавании биологии и доказывает её высокую эффективность в подготовке будущих педагогов.

Ключевые слова: *STEM-интеграция, преподавание биологии, лабораторное занятие, полиэтиленовые отходы, научный метод, экологическое исследование, креативное мышление, исследовательские способности студентов.*

STEM INTEGRATION INTO BIOLOGY SPECIALIST TRAINING: A KEY TREND IN MODERN EDUCATION

K. Shalabayeva, K. Tokpayev[*]*, D. Mukasheva, A. Atabayeva*

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Republic of Kazakhstan, Taldykorgan
[*]*e-mail: zhangalievna85@mail.ru, kuna.1993@mail.ru, danagul.mukasheva.84@mail.ru, ainur_atabaeva@bk.ru*

Abstract. The article presents an example of conducting a biology laboratory lesson using STEM integration. The research was organized on the topic "Stress Factors Affecting Plants" and aimed at a scientific investigation of the impact of polyethylene waste on the physiological indicators of plants by students. During the lesson, students independently formulated hypotheses to solve a specific situational problem, created engineering models, conducted experiments, processed the obtained data using technological tools, and performed mathematical calculations. The experimental object selected for the study was Sorghum saccharatum (sugar sorghum). Various amounts of polyethylene waste were added to the soil, and parameters such as plant height, number of leaves, root length, fresh and dry biomass were recorded. The results demonstrated that plastic waste negatively affects soil properties and plant growth rates. Throughout the lesson, all four STEM components – science, technology, engineering, and mathematics—were applied in an interconnected manner. Students linked theoretical knowledge to real-life situations and mastered scientific methods through practical experience. Survey results indicated the high effectiveness of the STEM-based approach: 95% of students fully understood the content of the lesson, and 91% rated the research tasks as interesting. All participants (100%) observed the interconnection between STEM disciplines, which reflects the well-structured nature of the lesson. Furthermore, 93% reported an increase in their knowledge, 90% actively participated in the lesson, and 100% confirmed that their previous misconceptions were corrected. All students acknowledged the usefulness of technological tools. Although responses regarding the development of research skills were evenly split, it became clear that this area requires further deepening. The fact that 75% of students were able to express their opinions freely during group work indicates a supportive and open atmosphere in the classroom. The integrative experience contributed to the development of students' research abilities, critical thinking, teamwork, and creativity. The article highlights the significance of STEM integration in biology education and proves its high effectiveness in preparing future educators.

Keywords: *STEM integration, biology teaching, laboratory class, polyethylene waste, scientific method, environmental research, creative thinking, students' research abilities.*

Авторлар туралы мәліметтер:

Шалабаева Куаныш Жангалиевна – докторант, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: zhangalievna85@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6973-617X).

Токпаев Куаныш Марсбекович*– магистр, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: kuna.1993@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2102-5245).

Мукашева Данагул Мадияровна – PhD, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: danagul.mukasheva.84@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1590-5852).

Атабаева Айнур Муратовна – магистр, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: ainur_atabaeva@bk.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6888-6715).

Сведения об авторах:

Шалабаева Куаныш Жангалиевна – докторант, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Республика Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: zhangalievna85@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6973-617X).

Токпаев Куаныш Марсбекович* – магистр, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Республика Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: kuna.1993@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2102-5245).

Мукашева Данагул Мадияровна – PhD, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Республика Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: danagul.mukasheva.84@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1590-5852).

Атабаева Айнур Муратовна – магистр, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Республика Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: ainur_atabaeva@bk.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6888-6715).

Information about authors

Kuanysh Shalabayeva – Doctoral student, I. Zhansugurov Zhetysu University (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: zhangalievna85@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6973-617X).

Kuanysh Tokpayev* – Master's degree, I. Zhansugurov Zhetysu University (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: kuna.1993@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-2102-5245).

Danagul Mukasheva – PhD, I. Zhansugurov Zhetysu University (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: danagul.mukasheva.84@mail.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0002-1590-5852).

Ainur Atabayeva – Master's degree, I. Zhansugurov Zhetysu University (Taldykorgan, Kazakhstan, e-mail: ainur_atabaeva@bk.ru, ORCID: https://orcid.org/0000-0001-6888-6715).

АВТОРЛАР НАЗАРЫНА!

- **Мақалалардың электронды нұсқалары zhetysu.edu.kz сайтында орналастырылған.**
- **Ұсынылған ақпараттың дәлдігі үшін жауапкершілікті авторлар алады.**

Журналдың шығу жиілігі

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы» журналы **жылына 4 рет келесі белгіленген мерзімде** шығады:

№ 1 – 30 наурызға дейін;
№ 2 – 30 маусымға дейін;
№ 3 – 30 қыркүйекке дейін;
№ 4 – 30 желтоқсанға дейін.

Мақалаларды қабылдау мерзімдері туралы ақпарат

Мақалалардың қолжазбалары журналдың кезекті санына күнтізбелік жылдың алдыңғы тоқсаны бойынша көрсетілген мерзімге сәйкес қабылданады.

Жариялауға арналған қолжазбаларды қабылдау мерзімдері туралы толық ақпарат журналдың ресми сайтында келесі сілтеме бойынша қолжетімді: https://journal.zhetysu.edu.kz.

Мақалаларды редакцияға журналдың https://journal.zhetysu.edu.kz ресми сайты арқылы жіберу қажет.

Басылым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын

Ескерту: Журналдың бір санында бір автордың бір ғана мақаласы жариялана алады. Бір автор жылына 2 мақаладан артық жариялай алмайды. Авторлар саны 4 адамнан аспауы керек.

Жалпы ережелер

«Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Хабаршысы» ғылыми журналы толық қолжазбалар түрінде ресімделген түпнұсқа зерттеулердің нәтижелерін қамтитын қолжазбаларды жариялауға қабылдайды. Материалдар бірегей, бұған дейін жарияланбаған, журнал тақырыбына сәйкес болуы тиіс және плагиатқа тексеріліп (мәтіннің түпнұсқалығының ең төменгі деңгейі кемінде 75% болуы керек), екі жақты жасырын рецензиялаудан өтіп, редакциялық алқаның мақұлдауынан өтуі қажет.

Назар аударыңыз! Ережелерді бұза отырып, рәсімдеу талаптарына сәйкес емес жіберілген, көптеген грамматикалық және емле қателері бар, ағылшын/қазақ/орыс тілдеріне автоматты түрде аударылған мақалаларды редакция қабылдамайды және авторларға оларды қараусыз қайтарады.

Редакцияға түскен мақалалар міндетті түрде бірінші кезеңде бастапқы техникалық тексеруден өтеді. Бұл тексеру мақала журналда көрсетілген нұсқаулық пен үлгіге сәйкес рәсімделгенін анықтау үшін жүргізіледі. Егер мақала талаптарға сәйкес келмесе, ол қайта өңдеуге қайтарылады. Авторларға еске саламыз: мақаланы дұрыс рәсімдеу – автор(-лар)дың міндеті. Редакция тек қажетті талаптар мен мақала үлгісін ұсынады және мақалаға бірінші кезеңде техникалық бақылау жүргізеді. Егер мақала бастапқы техникалық тексеруден 2 рет өтпесе, мақала толықтай қабылданбай, журналда қайта қарауға қабылданбайды.

Жауапты хатшы материалдарды рәсімдеу талаптарына сәйкестігін он бес-отыз күн ішінде тексереді, талап бұзылған жағдайда авторға қайта өңдеу қажеттілігі туралы немесе мақаланың қабылданбағандығы жайлы хабарлама беріледі.

Журнал ашық болып табылады – кез келген автор, азаматтығына, жұмыс орнына және ғылыми дәрежесіне қарамастан, редакция талаптарын сақтай отырып, қолжазбасын жариялау мүмкіндігіне ие. Білім алушы студенттердің және магистранттардың жұмыстары қабылданбайды.

ЕСКЕРТУ!

Редакция авторлармен мақалаларды рәсімдеу, мақаланың мазмұны немесе жариялау шешімі бойынша «ЖУ Хабаршысы» сайтынан бөлек түскен жеке хаттарға және қоңырауларға жауап бермейді.

Редакция авторларға дефис (-) пен тире (–) таңбаларын ажырата білуді сұрайды.

Мақаланы дайындау барысында жасанды интеллект құралдарын қолдануға рұқсат етілген көлем – 25%-ға дейін (мәтіннің бірегейлігі 75%-дан төмен болмаған жағдайда)

Жасанды интеллект қолданылған жағдайда автор(лар) пайдаланылған модель немесе қызметтің атауын және қолдану мақсатын міндетті түрде көрсетуі қажет. Жарияланымның толық мазмұны үшін барлық жауапкершілік автор(лар)ға жүктеледі.

Төлем тәсілдері

Қолжазба жариялауға қабылданғаннан кейін авторға баспа шығындарын төлеу туралы түбіртектің скан–көшірмесін (PDF немесе JPEG форматында) электронды поштаға: vestnik@zu.edu.kz жіберу қажет. Ұйымдастырушылық жарна 40 000 теңге (Плагиатты тексеру, рецензиялау, DOI беру, журнал сайтының қызметін қамтамасыз ету және т.б. шығындар кіреді). Шетелдік авторлар үшін қазақстандық авторлармен бірлескен авторлықсыз журналда жариялау тегін жүзеге асырылады.

Университет реквизиттері

І. Жансүгіров атындағы ЖУ
СТТН 531400011685
БСК – 990140003041
ЖСК – KZ566010311000005234
КБЕ 16
БСК – HSBKKZKX,
ТРФ 319900 АҚ «Қазақстан Халық Банкі», Талдықорган қ.

Төлем кезінде міндетті түрде төлемнің мақсатын көрсету керек: ЖУ Хабаршысы журналындағы қолжазба үшін.

Kaspi.kz арқылы төлеу нұсқаулығы:

Төлемдер ➡ Іздеу ➡ «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» ➡ Факультет орнына: ЖУ Хабаршысы ➡ Өз мәліметтеріңізді толтырасыз ➡ Сомасы: 1 қолжазба үшін 40 000тг ➡ төлеу.

Редакцияның мекенжайы: 040000, Талдықорған қ., Жансүгіров к., 187а, Ілияс Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, 310–кабинет – Ғылымметрия және ғылыми кадрларды даярлау бөлімі, тел.: 8 (7282) 22–21–23, ішкі 1193, e–mail: vestnik@zu.edu.kz.

АВТОРЛАРҒА АҚПАРАТ

Редакциялық алқа авторлардан журналда жариялау үшін қолжазбалар дайындау кезінде келесі ережелерді басшылыққа алуды сұрайды.

Қолжазбасы бар MS Word құжаты келесі үлгі бойынша аталу керек: барлық авторлардың тегі мен аты-жөндері. Мысалы: Шатырбаева Г.Ж., Молдабаева М.Б., Жумабаева Э.Ф.

Мақаланың соңында авторлар туралы мәліметтер 3 тілде көрсетіледі

(Толық аты-жөні — жеке куәліктегі деректерге сәйкес, ғылыми дәрежесі, ғылыми атағы, университет немесе ұйым, e-mail, ORCID).

Үлгі:

Шатырбаева Мадина Галымжановна* – педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті (Қазақстан, Талдықорған қ., e-mail: m.shatyrbaeva@mail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0000-0000-0000).

Шатырбаева Мадина Галимжановна* – кандидат педагогических наук, профессор, Жетысуский университет имени И. Жансугурова (Казахстан, г. Талдыкорган, e-mail: m.shatyrbaeva@mail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0000-0000-0000).

Shatyrbayeva Madina* – Candidate of Pedagogical Sciences, Professor, Zhetysu University named after I. Zhansugurov (Kazakhstan, Taldykorgan, e-mail: m.shatyrbaeva@mail.com, ORCID: https://orcid.org/0000-0000-0000-0000).

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

1) ҒТАМР индексі (МРНТИ) мақаланың сол жақ үстіңгі бөлігінде, қою шрифтпен орналастырылады. ҒТАМР нөмірін http://grnti.ru/ сайтынан табуға болады.

2) Мақаланың атауы (7-12 сөз), бас әріптермен жартылай қою шрифтпен, ортасында (мақаланың тілінде).

3) Автордың (авторлардың) тегі мен аты–жөндері және Orcid.

4) Авторлар туралы ақпарат (аффилиациялар (ұйымдардың атаулары), елдің, қаланың, барлық авторлардың мекенжайы, барлық авторлардың электронды пошталары). *Қолжазбаны дайындауға ең үлкен интеллектуалды үлес қосқан адам (егер екі немесе одан да көп авторлар болса) сәйкес автор болып табылады және «*» белгісімен белгіленеді. Егер авторлар әртүрлі оқу орындарынан болса, онда цифрлармен [1,2] көрсетіледі.*

5) Аннотация 150-ден 300 сөзге дейін, тақырыпқа сәйкес кілт сөздер/сөз тіркестері (кемінде 5-8), (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде).

6) Мақаланың көлемі (мақала атауын, авторлар туралы мәліметтерді, аңдатпаны (аннотация), кілт сөздерді, әдебиеттер тізімін есепке алмағанда) 3000-нан 7000 сөзге дейін, яғни 6 беттен 16 бетке дейінгі аралықта болуы тиіс.

7) Мақаланы беру кезінде авторлар ілеспе хатты ұсынуы керек, университетішілік авторлар үшін ілеспе хаттың орнына факультеттің шешімі қажет *(А Қосымшасы)* және төменде көрсетілген қағидалар бойынша ресімделген мақаланың қолжазбасын жіберулері қажет.

8) Авторлар міндетті түрде ілеспе хатта жіберілетін мақаланың бұрын еш жерде жарияланбағанын және мақалада сілтемелерсіз басқа жұмыстардан алынған мәтіннің үзінділері жоқ екенін көрсетулері тиіс.

9) Қаріп – Times New Roman, кегель – 12 пт. бір жоларалық интервалмен. Сол және жоғарғы жиектер – 2,5 см, оң және төменгі – 2 см, абзац – 1,25. Аннотация және пайдаланылған әдебиеттер тізімі бірдей қаріппен – Times New Roman, өлшемі 10 пт., сондай–ақ бір жоларалық интервалмен. Қолжазба ГОСТ 7.5-98 «Журналдар, жинақтар, ақпараттық басылымдар. Жарияланатын материалдардың баспа дизайнына» сәйкес ресімделуі тиіс.

10) Мәтінде әдеби дереккөздерге сілтеме жасау үшін төртбұрышты жақшалар қолданылуы керек – [1], формулалар үшін дөңгелек жақшалар қолданылуы керек – (1). Формула сілтемелері формуланың оң жағында орналасуы керек.

11) Барлық формулалар, сандық мәндер, шама белгілері Microsoft Equation 3.0 немесе MathType форматында терілуі керек. Егер бірнеше формулалар қатарынан жүрсе, әр формуланы бөлек теру керек.

12) Барлық қолданылған белгілер түсіндірілуі керек (жалпы қабылданған белгілерді түсіндірмеуге болады).

13) Сөйлемді формуладан бастауға болмайды.

14) Кестелер мен иллюстрациялар мәтінде жеке абзацтармен орналасуы керек. Әр кестеде және иллюстрацияда атауы болуы керек және әр кестеде және иллюстрацияда мәтін ішінде сілтемесі болуы керек. Кестелер мен иллюстрациялардың нөмірленуі бөлек. Басқа әдеби көздерден алынған кестелер мен суреттерді қолданған жағдайда авторлар мен жарияланымдарға сілтемелер көрсету қажет.

15) Мазмұнды нақты анықтау үшін иллюстрациялар жеткілікті сапалы болуы қажет (кем дегенде 300 dpi). Иллюстрациялар нөмірленуі керек. Барлық иллюстрациялар мен

иллюстрация атаулары ортамен тураланыу керек, атаулар иллюстрацияның астына ортамен тураланып орналасуы керек. Иллюстрациялар мен иллюстрациялардың атаулары мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қаріп – Times New Roman, кегель – 12 пт. «Сурет» сөзінен кейін суреттің реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі (Сурет 1 – Суреттің атауы).

16) Кестелер Microsoft Word кестесінің форматында жасалуы керек. Барлық кестелер нөмірленуі керек. Кестенің тақырыбы кестенің үстінде сол жағында орналасуы керек. Тақырыптар мен кестелер мәтіннің қалған бөлігінен бос орындармен бөлінуі керек. Қаріп–Times New Roman, кегель–12 пт. «Кесте» сөзінен кейін кестенің реттік нөмірі мен атауы көрсетіледі (Кесте 1 – Кестенің атауы).

17) Суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б. материалдар мәтін ішінде нөмірленіп, атауы қоса беріліп отыруы тиіс (мысалы, Сурет 1 – Суреттің атауы). Суреттер, кестелер, графиктер мен диаграммалардың саны мақаланың жалпы көлемінің 20%-ын ғана қамтуы керек (кейбір жағдайларда – 30%-ға дейін).

18) «Авторлардың үлесі» бөлімі әдебиеттер тізімінің алдында міндетті түрде көрсетілуі тиіс. Онда әр автордың мақалаға нақты қандай үлес қосқаны көрсетіледі: зерттеу жүргізу, деректер жинау, нәтижелерді талдау, мәтін жазу және оны өңдеу.

Бір автор бірнеше жұмысты қатар атқара алады. Сонымен қатар бір жұмысты бірнеше автор бірге орындаған жағдайда, бұл мәлімет әр автор үшін толық көрсетілуі тиіс.

Мақаланың құрылымы IMRAD құрылымына сәйкес болуы керек:

– Кіріспе

– Материалдар мен әдістер

– Нәтижелер мен талқылау

– Қорытынды

– Қаржыландыру туралы ақпарат (бар болған жағдайда)

– **Әдебиеттер тізімі** тізімі мәтіннен кейін МЕСТ 7.1–2003 «Библиографиялық жазба. Библиографиялық сипаттама. Құрастырудың жалпы талаптары мен қағидаларына» сәйкес өңделеді (ҚР ҒЖБССҚЕК тізбесіне кіретін басылымдарға қойылатын талаптар). Пайдаланылған әдебиеттер тізімі немесе Библиографиялық тізім Web of Science және/немесе Scopus–та индекстелген басылымдарға (2-3 мақала) және ҚР ҒЖБСҚЕК тізбесіне енген журналдарға (2-3 мақала) міндетті сілтемелерді қоса алғанда, саны кемінде 15 және 20-дан аспауы керек. Өз еңбегіне сілтеме жасау 1 дереккөзден аспауы тиіс. Нормативтік құжаттар 2-ден аспауы керек. Әдебиеттер тізімін автоматты түрде нөмірлеуге жол берілмейді.

– **References**. Қазақ және орыс тілдеріндегі мақалалар үшін пайдаланылған әдебиеттер тізімін латын әріптерімен транслитерациялау міндетті; ағылшын тіліндегі мақалалар үшін әдебиеттер тізімі түпнұсқа тілінде латын әріптерімен беріледі.

Назар аударыңыз! Егер ұсынылған әдебиеттер тізімінде кирилл әріптерімен жазылған дереккөздер болса, әдебиеттер тізімі екі нұсқада берілуі тиіс: «Әдебиеттер» бөлімінде бастапқы тілінде және «References» бөлімінде романизацияланған (латиницаға транслитерацияланған) нұсқада. Шетелдік жарияланымдар «References» бөлімінде толық қайталануы қажет. Кирилл әріптерін транслитерациялау үшін https://qazlat.kz/ сайтындағы онлайн–конвертерді пайдалануға болады.

Транслитерцияланған әдебиеттер тізімі үшін келесі құрылымды қолдану қажет: Автор(лар) ағылшын тілінде. (жыл дөңгелек жақшаларда). Мақаланың атауы транслитерацияланған түрде [мақаланың атауының ағылшын тіліне аудармасы], дереккөздің транслитерацияланған атауы, шығу деректері ағылшын тіліндегі белгілермен.

Мысалы:

«**ӘДЕБИЕТТЕР**» бөлімінде

1 Zheldibayeva Raigul, Nascimento Ana Karina de O., Castro Vania, Kalantzis Mary, Cope Bill. The impact of AI-driven tools on student writing development: A case study // Online Journal of Communication and Media Technologies. – 2025. – Vol. 15/3. – e202526. DOI: https://doi.org/10.30935/ojcmt/16738

2 Sakibayeva B., Sakibayev S. Enhancing professional competence in physics and mathematics education through information technology // Educational Research and Evaluation. – 2025. – Т. 30. – №7–8. – С. 610–622. DOI: https://doi.org/10.1080/13803611.2025.2502813

3 Хмель Н.Д. Теория и технология реализации целостного педагогического процесса: учебное пособие в помощь преподавателям, аспирантам, магистрантам, студентам. – Алматы. – 2002. – 90 с.

«**REFERENCES**» бөлімінде

1 Zheldibayeva R., Nascimento A.K. de O., Castro V., Kalantzis M., Cope B. (2025). The impact of AI-driven tools on student writing development: A case study. Online Journal of Communication and Media Technologies, vol. 15, no. 3, e202526. DOI: https://doi.org/10.30935/ojcmt/16738

2 Sakibayeva B., Sakibayev S. (2025). Enhancing professional competence in physics and mathematics education through information technology. Educational Research and Evaluation, vol. 30, no. 7–8, pp. 610–622. DOI: https://doi.org/10.1080/13803611.2025.2502813

3 Hmel N.D. (2002). Teoria i tehnologia realizasii selostnogo pedagogicheskogo prosesa: uchebnoe posobie v pomöş prepodavateläm, aspirantam, magistrantam, studentam [Theory and technology of implementing the holistic pedagogical process]. Almaty, 90 p. (in Russian)

Қолжазбаны рәсімдеу бойынша авторларға арналған нұсқаулық ***Б қосымшасында*** көрсетілген.

А Қосымшасы

Ілеспе хат
(ұйымның ресми бланкісінде)

Осы хат арқылы **«Мақала атауы», автор(лардың) ТАӘ «ЖУ Хабаршысы»** журналында жариялануы үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзбайтынын растаймыз. Мақала автор(лары) журнал баспасына ғылыми мақаланы пайдалану бойынша ерекше құқықтарды бермейтін құқықтарды шектеусіз мерзімге тапсырады, соның ішінде журналдың толық мәтін нұсқаларын ресми сайтында орналастыру құқығы бар. Автор(лар) мақалада пайдаланылған зияткерлік меншік нысандары мен авторлық құқық объектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапкершілік алады. Сондай–ақ, біз бұл мақаланың бұрын жарияланбағанын, басқа ғылыми басылымдарға жолданбағанын және (баспаға қабылданған жағдайда) жолданбайтынын растаймыз. Автор(лар) журналдың редакциясы бекіткен және оның ресми сайтында орналастырылған қолжазбаны баспаға дайындау ережелерімен келіседі.

Осы шешім ұсынылған мақаланы «ЖУ Хабаршысы» ғылыми журналы редакциясына антиплагиаттан өткізу мақсатында берілді.

Қолжазбада жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) немесе ЖИ қолдауы бар құралдардың қолданылуы туралы ақпарат толығымен беріледі, қолданылған модельдер немесе қызметтер, сондай-ақ олардың қолдану себептері көрсетіледі.

Мақаланың соңында, тікелей сілтемелер / әдебиеттер тізімінен бұрын, келесі үлгідегі мәтін енгізіледі:

«Осы жұмысты дайындау барысында автор(лар) **(МОДЕЛЬ/ҚЫЗМЕТ АТАУЫ)** құралын **(НЕГІЗДЕМЕ)** мақсатында пайдаланған. Бұл құрал/қызмет қолданылғаннан кейін автор(лар) мақала мазмұнын қарап, қажетіне қарай өңдеп шыққан және жарияланым мазмұны үшін толық жауапкершілікті өз мойнына алады».

Мақала ЖИ құралдарын қолдануға қатысты журнал саясатына толық сәйкес екенін растаймыз және қолданылған барлық құралдардың жариялау этикасына арналған нұсқаулықтарға сай пайдаланылғанын хабарлаймыз.

Егер ЖИ қолдануға байланысты жариялау этикасының шектен тыс бұзушылықтары анықталса автор(лар) журналда белгіленген барлық нормалар мен стандарттарды сақтауға толық жауапкершілікті өз мойнына алады.

Қосымшалар:
Мақаланың электронды нұсқасының көлемі _____ бет

_____	_____
Автордың ТАӘ	қолы, күні
_____	_____
Автордың ТАӘ	қолы, күні
_____	_____
Автордың ТАӘ	қолы, күні

Ректор / ҒЗЖ жөніндегі проректор

ШЕШІМ

Факультет/институт: (факультет/ институт атауы)

Кафедра/зертхана отырысы, хаттама №___, от (күні)

«Мақала атауы», автор(лардың) ТАӘ «ЖУ Хабаршысы» журналында жариялануы үшінші тұлғалардың авторлық құқықтарын бұзбайтынын растаймыз. Мақала автор(лары) журнал баспасына ғылыми мақаланы пайдалану бойынша ерекше құқықтарды бермейтін құқықтарды шектеусіз мерзімге тапсырады, соның ішінде журналдың толық мәтін нұсқаларын ресми сайтында орналастыру құқығы бар. Автор(лар) мақалада пайдаланылған зияткерлік меншік нысандары мен авторлық құқық объектілеріне қатысты Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес толық жауапкершілік алады. Сондай-ақ, біз бұл мақаланың бұрын жарияланбағанын, басқа ғылыми басылымдарға жолданбағанын және (баспаға қабылданған жағдайда) жолданбайтынын растаймыз. Автор(лар) журналдың редакциясы бекіткен және оның ресми сайтында орналастырылған қолжазбаны баспаға дайындау ережелерімен келіседі.

Осы шешім ұсынылған мақаланы «ЖУ Хабаршысы» ғылыми журналы редакциясына антиплагиаттан өткізу мақсатында берілді.

Қолжазбада жасанды интеллект (бұдан әрі – ЖИ) немесе ЖИ қолдауы бар құралдардың қолданылуы туралы ақпарат толығымен беріледі, қолданылған модельдер немесе қызметтер, сондай-ақ олардың қолдану себептері көрсетіледі.

Мақаланың соңында, тікелей сілтемелер / әдебиеттер тізімінен бұрын, келесі үлгідегі мәтін енгізіледі:

